



SARYARQA SAMALY



Павлодар облыстық газеті
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

27 қараша, бейсенбі
2025 ЖЫЛ
№47 (16115)

Urker
AWARDS
2022

✉ ssamaly29@gmail.com

🌐 www.saryarka-samaly.kz

📘 facebook.com/saryarqasamaly

📷 @saryarqa_samaly

📱 @saryarqa_samaly

ӨНДІРІС

Іргелі кәсіпорын іске қосылды



Суретті түсірген - Есенжол Исабек.

Энергетиктер мен кеншілер мекені саналатын Екібастұз қаласы енді металлургтер ордасына айналмақ. Осымен ферроқорытпа өндіретін екінші кәсіпорын ашылды. Әлемдегі ірі кәсіпорындар қатарына енетін «Ekibastuz Ferro Alloys» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылына 240 мың тонна жоғары сапалы ферросилиций өнімін шығармақ.

Жалғасы 2-бетте ▶▶

АЛҒАШ РЕТ!

Газет суреттері
жанданады



1. Смартфоныңыздың камерасын қосып, осы QR-кодты сканерлесеніз - AR Studio қосымшасы ашылады.

2. «Start AR» батырмасын басып, камераны басты иллюстрацияға бағыттаңыз - газет суреттері жанданады! Дыбыспен көруді ұмытпаңыз!

ТЫҢ ЖАҢАЛЫҚ!
Газет мақалалары -
аудио нұсқада!



Құрметті оқырман!
Енді газеттегі кейбір мақаланы
аудио нұсқада тыңдай аласыздар!
Ол үшін телефон камерасы арқылы
мақала тұсындағы QR-кодты
сканерлеу керек.

КӘСІПКЕРЛІК

МЕМЛЕКЕТ СҢЙЛАҒАН
МҰМКІНДІК



9
бет

ШАҒАР

ҚЫСТА ДА ЖЫЛЫ
АЯЛДАМАЛАР



20
бет

Өңір

Келесі жылы облыс орталығында көпшілік көптен күткен ірі жоба – аквапарк құрылысы аяқталып, қала тұрғындары мен қонақтардың игілігіне берілмек. Мұнда көпшіліктің, әсіресе балалардың бос уақытын тиімді әрі қызықты өткізуге барлық жағдай жасалады.

Аквапарк қашан ашылады?

Таяуда облыс әкімі Асайын Байханов Павлодар қаласы мен оған қарасты ауылдағы құрылыс алаңдарына барып қайтты. Соның барысында бірнеше жобаның жүзеге асу барысымен танысты.

ФЕРМА ПВ» фермасына барды. 2023 жылдан бері ферма бекіре балық түрлерін – бекіре және қызыл балық өсірумен айналысады. Жобаға 300 млн теңге инвестиция салынған. Жобаның жылдық қуаттылығы 40 тонна



Алдымен аймақ басшысы «НАГИ-Павлодар» ЖШС салып жатқан аквапаркке барды. Нысанның аумағы 1,7 гектар жерді алып жатыр. Жобаның құны - 10 млрд теңге. Мұнда сағатына 400 адамды қабылдау жоспарланып отыр. Аталмыш нысанның құрылысы барысында көлік тұрағы мәселесі бес жыл бойы шешілмей келген еді. Былтыр облыс

балық, ал екінші өндірістік желі іске қосылғаннан кейін өндіріс көлемі 30-35 пайызға ұлғаюы күтілуде. Мұндай жобалар ауылдық жерлерде жоғары технологиялы өндірістерді тартуға болатынын көрсетеді. «АКВА ФЕРМА ПВ» – инновациялар мен дүрсіл басқарудың тұрақты нәтижелер беретін жарқын үлгісі. Мұндай кәсіпорын тұрақты жұмыс орындарын



басшылығының тікелей араласуымен бұл мәселе оң шешімін тауып, құрылыс жұмыстарына «қан жүгірді». Бүгінде нысанның 75 пайызы дайын. Қазір су аттракциондарын орнату жұмыстары жүргізілуде. Кейін ішкі өрлеу жұмыстары қолға алынбақ. Жоспар бойынша, жоба 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының соңында аяқталуы тиіс. Асайын Қуандықұлы нысанның мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы болуы аса маңызды екенін атап өтті. Одан соң аймақ басшысы Павлодар ауылындағы «АКВА

қамтамасыз етеді және отандық азық-түлік әлеуетін қалыптастырады, - деді аймақ басшысы. Облыс әкімі жұмыс сапарының қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдарға жаңа технологияларға инвестиция салатын, жұмыс орындарын ашатын және сапалы отандық өнім шығаратын кәсіпкерлермен жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Өз тілшіміз. Суреттерді түсірген - Валерий Бугаев.

« Басы 1-бетте

Іргелі кәсіпорын іске қосылды

Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ

Қазақстан - әлемде феррокорытпа өндірісі бойынша қазір үздік үштікте. Екібастұздық жаңа зауыт толық өндірістік қуатына көшкен соң екінші орынға шықпақ. Яғни, Қытай мемлекетінен кейінгі орынға көтеріледі. Өңірдің өркендеуіне, жалпы Қазақстанның экспорттық әлеуетіне елеулі үлес қосатын кәсіпорынның ашылу салтанатына облыс әкімі Асайын Байханов, металлургия саласының майталмандары, ардагерлер, депутаттар қатысты.

- Бұл жобаның бастамасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Екібастұз қаласына іссапары барысында қолға алынды. Жаңа кәсіпорын тек өндіріс саласын ғана дамытып қоймайды, сонымен бірге еңбек адамына тұрақты жұмыс,

мүмкіндігі 99,8 пайызды құрайды. Бұл - әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі, - дейді М.Данияров.

Тағы бір қуантарлығы, жаңа өндірісте қолданылатын бүкіл шикізат дерлік Қазақстан аумағынан алынады. Нақтысы, 96 пайызы қазақстандық үлес саналады. Ферросилиций өнімін шығаруға қолданылатын негізгі шикізат ретінде кварцит, темір жоңқасы қолданылады. Шикізаттан тапшылық болмайтыны айтылды. Өндіріс орны толық автоматтандырылған, сәйкесінше электр энергиясы да молынан тұтынылады. Бұл жағы да ескерілген. Кәсіпорын электр қуаты өндірілетін станцияға жақын орналасқан.

Қысқа мерзім ішінде бой



ланған шақта оның алда айналаға қандай әсері барын біліп, жай-жапсарымен жақын танысқанын айтты.

- Жобалау кезінде инвесторлар көмір өнеркәсібі және энергетика саласының ардагерлерін, қоғам белсенділерін, сарапшылар мен экология басқармасы өкілдерін Қарағандыда жұмыс істеп тұрған кәсіпорынға шақырып, таныстырған еді. Сапарымыздың басты мақсаты өндірістің қоршаған ортаға әсерін тікелей көріп қайту еді. Табиғатты қорғау технологияларының техникалық тұрғыда қандай деңгейде екенін білдік. Мамандар даярлау, оқыту, олардың жалақы деңгейі, жұмыс орындарының саны турасында сұрадық. Өрбір сауалымызға кәсіби мамандардан тұшымды жауап алдық. Қарағандылық зауытта экологиялық

жоғары табыс, болашаққа зор үміт сыйлайды. Бұл зауыттың ашылуы - тарихи оқиға. Екібастұз энергетиктер мен кеншілердің шағын қаласы еді, енді міне бүгінгі кәсіпорын сияқты өндіріс орындарының ашылуымен металлургияның жаңа саласын бағындыруда. Бұл жетістікке соңғы санаулы жылдар ішінде қол жеткізіліп отыр. Жобаның өміршеңдігіне сеніп, тәуекел етіп қолға алған инвесторларға алғыс білдіремін. Нәтижесінде өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына орасан зор үлесін қосып отыр, - деді Асайын Байханов.

«Ekibastuz Ferro Alloys» ЖШС бас директоры Мадияр Данияров бұл зауыт жылына 240 мың тонна жоғары маркалы ферросилиций өндіретінін атап өтті. Өнім толығымен әлемнің 52 еліне экспортталмақ. Олардың қатарында Оңтүстік Корея, Жапония сынды алпауыт мемлекеттер, Солтүстік Америка және Еуропалық одақ елдері бар. Ауқымды жобаны іске асыруға 92 млрд теңге инвестиция құйылған. Айтуынша, зауыт соңғы үлгідегі озық технологиялармен жабдықталған.

- Бұл зауыт - Екібастұз бен Қазақстанның өнеркәсіп тарихындағы жаңа дәуірдің нышаны. Екібастұз енді Қазақстанның ғана емес, әлемдік металлургиялық картасының орталығына айналады. Экологиялық тұрғыдан заманауи әлемдік стандарттарға сай салынды. Мұндағы газды тазалау



көтерген аталмыш өндіріс орнының құрылысы барысында 1500 адам еңбек етсе, енді іске қосылған соң 800 азамат тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Мұнда орташа жалақы 470 мың теңге болады деп күтіледі.

Ашылу салтанатына арнайы келген тау-кен және тау-кен-металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығының атқарушы директоры Николай Радостовец зауытта қазақстандық үлестің жоғары екенін айрықша атап өтті. Әсіресе, жергілікті шикізат, жергілікті энергия көзі, қазақстандық мамандар тартылғанына қуанатынын жасырмады.

Ал көмір өнеркәсібі саласының ардагері, Екібастұз қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Самат Рамазанов зауыт құрылысы жоспар-

талаптар сақталып, кәсіпорыннан шығатын қалдықтар толығымен құрылыс индустриясында кедеге жаратылатынын көрді. Екібастұздық зауыт та сондай деңгейде ілгері басып, шағын қаламыз ірі индустриялық аймаққа айналатынына сенеміз, - деді Самат Рамазанов.

Ардагердің сөзінің жаны бар, кезінде кеншілер қаласы аталып келген шағын шаһар алда ірі индустриялық аймақ атануға әлеуеті жетерлік. Естеріңізде болса, осыдан бір ай бұрын ғана аталмыш шаһар маңында алғашқы феррокорытпа зауыты іске қосылған еді. Тағы бірінің құрылысы жүріп жатыр.

Екібастұз қаласы.

Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек.

МЕРЕЙ

Павлодарда өткен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мерекесі облыс шаруаларының бір жылдық жетістіктерін айшықтаған үлкен оқиғаға айналды. Көрме алаңында жаңадан әкелінген техникалар тізіліп, аграршылар жаңа мүмкіндіктермен танысса, Естай атындағы мәдениет сарайында үздік мамандардың есімдері аталып, еңбектеріне лайық марапаттар табыс етілді.

Шаруалар - марапат биігінде

Айдана БОРАНБАЕВА

Алдымен Естай мәдениет сарайының алаңында «Ертіс ырысы-2025» атты көрме ұйымдастырылды. Онда жаңа техникалар, суару жүйелері, жасанды интеллектпен жабдықталған дрондар мен роботтандырылған кешендер секілді агроөнеркәсіптің заманауи технологиялары таныстырылды.

Мәселен, «Агропром Павлодар» ЖШС компаниясы 30-дан астам жеңіл автокөлікке арналған тіркеме түрлерін шығарады. Олардың қатарында мал тасымалданатын, самосвал, бортты тіркемелер, багги мен квадроциклдерге арналған тіркемелер бар.

- Біз он жылдан бері ауыл шаруашылығы техникасымен жұмыс істейміз. Уақыт өте келе қатарына тырма, шалғы, шелектер, айырлар секілді қарапайым, бірақ қажетті жабдық түрлері қосылды. Алайда ауыл шаруашылығы маусымдық сала болғандықтан, қызметкерлерді жыл бойы жұмыспен қамту үшін кәсіпорын тіркеме өндірісіне ауысты. Жуырда қытайлық компанияның өкілі серіктестік ұсынып, тракторды бөлшектелген күйде бізге жіберді. Біздің шеберлер оны бір күнде Қазақстан нұсқасына келтіріп, құрастырып шықты. Модель жеке қосалқы шаруашылықтарға және үлкен техника өте алмайтын жерлерге арналған. Сондай-ақ, енді тұтынушылар тіркемені, шалғыны және тырманы толық жиынтық ретінде ала алады, - дейді «Агропром Павлодар» ЖШС басшысы Дініслам Ахметов.

Көрме АҚШ, Ресей, Беларусь, Германия және Қытайда жасалған, автоматтандырылған және Қазақстан жағдайына бейімделген техниканың павлодарлық шаруаларға өнімділікті арттыруға, уақыт пен жанармай үнемдеуге, адам факторына тәуелділікті азайтуға көмектесетінін көрсетті.

Кейін аталмыш мәдениет сарайында ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне құрмет көрсетіліп, бірқатар сала үздігіне марапаттар мен сыйлықтар табысталды. Мерекеге өңірдің ауыл шаруашылығы саласында өнімді жұмыс істеп келе жатқан шаруа қожалығының басшылары мен сала еңбеккерлері шақырылды.

Салтанатты шараға облыс әкімі Асайын Байханов қатысып, сала мамандары мен ардагерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады. Аймақ басшысы өз сөзінде аграрлық саланың аймақ экономикасындағы стратегиялық маңызын атап өтіп, ауылдағы еңбектің маңдай тер мен тұрақты табандылықты талап ететінін алға тартты.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы екінші аграрлық форумда шаруашылық қызметкерлеріне ерекше құрмет білдіріп, ауылды дамытуға жаңа міндеттер жүктеді. Маңдай термен тапқан осы жылғы нәтижелер бәрімізді қуантады. Мәселен, біз еліміздегі қарақұмықтың 65 пайызын өндіреміз, ал сәбіз бен картоптың әрбір үшінші келісі біздің облыста өсіріледі. Биыл облыстың ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алғаш рет жарты триллион теңгеден асып, облыс республикадағы үздік бес аймақтың қатарына енді. Майлы дақылдардың егіс алқабы 519 мың гектарға дейін ұлғайтылды және бұл



жалпыұлттық көлемнің 27 пайызын құрайды. Президент тапсырмасына сәйкес, аграрлар биыл 30 миллиард теңгеден асатын жеңілдетілген несие түрінде мемлекеттік қолдау алды. Өңірдің агроөнеркәсіптік кешеніне салынған инвестициялар көлемі 225 миллиард теңгеден асты. Бұл облысқа тартылған барлық инвестицияның 20 пайызын құрайды. Осы жетістіктердің барлығы - сіздердің кәсібиліктеріңіздің, табандылықтарыңыздың және туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіздің нәтижесі, - деді А.Байханов.

Шара барысында аймақ басшысы ауыл шаруашылығы саласының дамуына, облыстың әлеуметтік және экономикалық саласының өркендеуіне үлес қосқан 35 азаматқа атаулы күнге орай мемлекеттік наградалар мен Алғыс хаттар табыс етті.

Сонымен қатар, өңірдің ауыл шаруашылығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқан үздік мамандар: агрономдар, механизаторлар, сауыншылар мен комбайн жүргізушілері

облыс әкімінің Құрмет грамоталары, Алғыс хаттары, «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

«Парасат» орденімен марапатталған Қайрат Тұрлыбаев Павлодар қаласынан 40 шақырым қашықтықта орналасқан Жаңақала ауылындағы «Жаңақала» шаруа қожалығына иелік етеді. Аталған қожалық соңғы отыз жылға жуық уақытта өркендеп, шағын істен ірі сүт өндірушілердің біріне дейін көтерілді.

Қайрат Тұрлыбаевтың айтуынша, шаруашылықтың бүгінгі деңгейге жетуі бір күннің ісі емес. Қожалықтың қалыптасу жолында талай ауыр кезеңнен өтіп, сан түрлі қиындықпен бетпе-бет келген сәттер аз болмаған.

- Кәсіпті қолға алған алғашқы жылдар қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда күрделі болды. Кеңестік жоспарлы жүйе күйреп, өтпелі кезең басталған тұста сүт қабылдайтын зауыттар өнімімізді алмай қоятын немесе төлемді көшіктіретін. Кей күндері бартермен жұмыс істеуге тура келді. Ал қазіргі жағдай мүлдем басқа. Күн сайын қаладағы сүт зауыттарына өнім жеткізіп отырамыз, тіпті кейде зауыттың өзі келіп өкетеді. Еңбекақымыз уақытында төленеді. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, шаруашылыққа жаңа технологиялар енгіздік. Жұмысшылар жеткілікті, қожалықтың дамуы тұрақты жүріп жатыр. Қазір де ірі қара мал басы 1 мыңға жетіп, 100-ге тарта қызметкер еңбек етеді, - дейді ол.

Салтанатты жиын елімізге белгілі эстрада жұлдыздары мен жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасымен түйінделді.

Суретті түсірген -
Есенжол Исабек.

МЕРЕЙТОЙ

Аймақтың басты арнасы

Павлодарда облыстық «Ertis» телеарнасының 60 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Бұл мерейтой телеарна ұжымы мен өңірдің барлық медиа саласы үшін маңызды оқиға болды. Телеарна алпыс жыл бойы алғашқы ақ-қара түсті эфирлерден бастап қазіргі таңдағы жаһандық технология тетігін меңгеріп, цифрлық хабар тарату деңгейінде ақпараттық өнімдерін ұсынып келеді.



Атаулы мерейтоймен салтанатты шара барысында облыс әкімі Асайын Байханов құттықтады.

- Ондаған жыл бойы «Ertis» біздің өңіріміздің үні болып келеді және солай болып қала береді. Сіздерді барлығы біледі, сіздерге сенеді, объективті ақпарат күтеді, ал сіздер бұл міндетті абыроймен атқарып келесіздер, - деп атап өтті аймақ басшысы.

Шара барысында өңірлік телеарнаны дамытуға қосқан көпжылдық еңбегі үшін арна қызметкерлері мен ардагерлері облыс әкімінің, ҚР Мәдениет



және ақпарат министрлігінің және «Қазақстан» республикалық телерадиокомпаниясы» АҚ-ның Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарымен марапатталды. Ардагерлер Зара Альшагирова мен Людмила Баюшева «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталса, Социал Әйте-

новке «Еңбек ардагері» медалі табыс етілді. Шеф-редактор Мұрат Әбілмәжіт пен режиссер Әйгерім Мәденова «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгілерімен марапатталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.
Суреттерді түсірген -
Валерий Бугаев.

ЖАҢА ЗАҢ

Мәслихаттың мәртебесі өседі

Елімізде «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу көзделуде. Бүгінгі күні осы мақсатта ҚР Парламенті Мәжілісінде жұмыс тобы іске кіріскен. Аталмыш жұмыс тобына Павлодар облыстық мәслихатынан өкілдер кіріпті. Осы орайды, облыстық мәслихаттың ұйымдастыруымен заң жобасы талқыланып, ұтымды ұсыныстар айтылды.



Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ

Жиынға қатысқан өңіріміздің облыстық қоғамдық кеңес төрағасы, барлық деңгейлі мәслихат төрағалары, депутаттар, облыстық мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департамент басшысы қатысып, ойларын ортаға салды. Естеріңізге сала кетейік, елімізде «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң 2001 жылы қабылданған. Оған дейін уақытша нормативті актілерге сүйеніп қызмет еткен.

Облыстық мәслихат төрағасы Илья Теренченко Мемлекет басшысы былтыр барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының республикалық форумында мәслихаттардың жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде алатын орнын ері олардың өңірлердің экономикалық саясатына әсерін кеңейту қажеттігін айтқанын атап өтті.

Президентіміз мәслихаттардың рөлін арттыруға, депутаттардың кәсібилігін арттыру, қаржылық өз-өзіне жеткіліктігіне мән берді. Жаңа заң жобасында осы жағына назар аударылмақ. Депутаттық корпус, мәслихат аппараттарының қызметіне көңіл бөлінбек. Атқарушы органдар жұмысына бақылау жүргізу тұрғысында біздің құзыретіміз кеңеймек. Жергілікті жерлерде басқару сапасына әсер етудің қосымша тетіктерін қалыптастыру көзделген. Бюджеттік процесте мәслихаттардың рөлін нығайтады. Яғни, депутаттарға жергілікті бюджетті қалыптастыруға және оның орындалуына мониторинг жүргізуге барынша белсенді қатысу мүмкіндігі берілмек. Ал бұл өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді, - деді И.Теренченко.

Сондай-ақ, ол қазіргі таңда мәслихат аппаратында мемлекеттік қызметшілер санының аздығы, жүктеменің көптігі кейбір істе өзіндік кедергісін келтіретінін атап өтті.

Бүгінде мәслихат алдына өңірдің күнделікті өміріне етене араласу талабы қойылып отыр. Тұрғындармен жиі кездесу керек. Одан бөлек, депутаттық сауалдар дайындау бар. Есептік кезеңде өкілетті орган ретінде тұрғындарға есеп береді. Тұрақты комиссия отырыстары, мәслихат сессиясы өткізіледі. Азаматтарды қабылдау қажет. Бұл ретте, аппаратта бес депутатқа бір мемлекеттік



қызметші бекітілген. Көппартиялылықты, жүктеменің артқанын, бүгінгі белсенділікті ескерсек, мемлекеттік қызметші қатары аздық етіп отыр. Осы жағдайды да заң жобасына енгізу ұсынылуда. Жалпы, жаңа заң жобасында мәслихат депутаттарына берілетін құзыреттер алдағы уақытта тұрғындардың көтерген мәселелерін шешуге көмегін тигізеді, сәйкесінше, депутаттарға деген сенім артады деп күтілуде, - деді Илья Сергеевич.

Облыстық мәслихат депутаты Динара Айтжанова заң жобасына қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдардың құзыретін нығайтуға, басқару ашықтығын, билік пен тұрғындар өзара қатынасын арттыруға бағытталған 56 толықтыру енгізуге ұсыныс жасалғанын айтты. Ол әрбір өзгеріс мәслихаттардың басқарушылық бағытын жоғарылататынына сенім білдірді.

Заң жобасында мәслихат қызметіне қатысты айтарлықтай толықтырулар қарастырылуда. Мәселен, аппарат басшысын тағайындау тәртібін нақтылау тұрғысында жаңа бап енгізілмек. Мұнда оның құзыреті егжей-тегжейлі жазылмақ. Яғни, басқару, сессияларды ұйымдастыру, қызметтік тәртіпті бақылау тетіктері қарастырылады. Сонымен қатар, депутаттардың бюджеттік комиссияларға қатысу, бюджетті нақтылау құқықтары кеңейтілмек. Тәртіптік бұзушылықтар үшін жауапкершілігі арттырылады. Тіпті, дауыс беру және сессияға қатысу құқығынан айыруға дейін шара қолданылмақ, - дейді Д.Айтжанова.

Одан бөлек, іссапар норма-

лары реттеліп, тұрақты негізде жұмыс істейтін депутаттарды қорғау тетіктерін енгізу көзделіпті. Сондай-ақ, депутаттық сауалдарды сессияда айту мүмкіндігі беріледі. Бұрын әр мәслихаттың ішкі саясаты мен регламентіне байланысты болса, енді нақты сауалын ортаға салу мүмкіндігі заңмен бекітілмек. Яғни, депутат атқарушы орган өкілдері отырған жиында депутаттық сауалын жария ету құқығын алады. Д.Айтжанова көпшілік алдында көтерілген сауал құзырлы органдар тарапынан оның уақытылы орындалуына жауапкершілікті арттыратынына сенімді. Сонымен қатар, ол заң жобасында депутаттық сауалға жазбаша түрде жауапты бір ай ішінде емес, 15 күн мерзімінде қайтаруды қарастыру қажет деген ұсынысын білдірді.

Облыстық мәслихат аппаратының басшысы Альмира Құсайынова аппарат басшыларының құзыретіне заң жобасында мән берілуі өзіндік оң өзгеріс әкелетініне сенім білдірді. Сондай-ақ, ұсыныстарын ортаға салды.

Жиында облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Бәкір Демеуов, мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы Мәдиар Әбілдин, аудандық, қалалық мәслихат төрағалары, саясаттанушы Борис Поломарчук ойларын айтып, ескеретін тұстарын көрсетті.

Отырыста айтылған және барлық деңгейлі мәслихаттардан түскен ұсыныстар апта соңына дейін қабылданып, заң жобасы қаралатын жұмыс тобы жолданбақ.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

Биыл «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы шеңберінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде аймағымызда қылмыс көрсеткіші 5 пайызға азайған. Облыс бойынша 22 ауыл ішімдік тұтырудан бас тартқан. Нәтижесінде бұл елді мекендерде құқықбұзушылық тіркелмеген.

Қылмысты азайтқан тұжырымдама

Айдана ҚУАНЫШЕВА

Павлодар облысы әкімінің орынбасары Айгүл Мәлікова «Заң және тәртіп» тұжырымдамасын жүзеге асыру шеңберінде биыл бір мыңнан астам шара өткізілгенін айтты. Жыл соңына дейін тағы 300-ден астам шара ұйымдастырылмақ.

бағдарламасы жетік енгізілуде. Осы бағытта 150 мың оқушы және студенттердің қамтылуымен 350 шара өтті. Бұл ретте пікір алмасу, сурет салу алаңдары, танымдық, патриоттық сағаттар, интеллектуалды байқаулар, құқықтық дебаттар өткізілуде, - деді Айгүл Қайыртасқызы.

Павлодар облысы прокуратура-ның орынбасары Бауыржан



Бүгінде «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру - барлық мемлекеттік мекемелердің маңызды міндеті. Салауатты өмір салтын сақтау, жастар арасындағы есірткі мәселелерінің алдын алу бағытында түрлі шара өтті. Бұл бағытта 7 мыңнан астам адамның қатысуымен 65 шара ұйымдасты-

Ертаев «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы шеңберіндегі шаралар жалғасын табатынын атап өтті. Қазір ішімдіктен бас тартқан ауылдардың саны артып келетінін жеткізді. Маңызды шешім қабылдаған елді мекендер Баянауыл, Ақтоғай, Аққулы аудандарында орналасқан. Қуантарлығы, аталған



рылды. «Тура жол» жобасы аясында 7 мыңға жуық адамға қажетті кеңес беріліп, ақпарат таратылды. Аймақтағы мектептерде «Адал азамат» бірыңғай тәрбие

ауылдарда құқықбұзушылық орын алмаған. Болашақта мұндай ауылдардың саны арта түспек деген сенімде.

ПАРТИЯ

Әйел денсаулығы — ұлт саулығы

Павлодар облысында кәсіпорындарда жұмыс істейтін әйелдер қауымының денсаулығына ерекше көңіл бөлінуде. «Amanat» партиясы облыстық филиалы әйелдер қанатының мүшелері республикада алғашқы болып пилоттық жобаны қолға алған. Биыл мамандар 13 өндіріс ошағындағы әйелдер қауымына скринингтік тексерулердің маңызы туралы толық мағлұмат берген.

Айдана ҚУАНЫШЕВА

Пилоттық жоба аясында атқарылған жұмыстар «Дені сау әйел - салауатты кәсіпорын» тақырыбын арқау еткен отырыста сөз болды. Жиынға «Amanat» партиясы облыстық филиалының басшысы Асылбек Туғанбай, партияның әйелдер қанатының мүшелері, медицина мекемелерінің қызметкерлері қатысты. Әйелдер қанатының төрайымы, пилоттық жоба авторы Динара Айтжанова ең алдымен кәсіпорындағы әйелдер арасында сауалнама жүргізілгенін айтады.

- Өндірісте жұмыс істейтін әйелдер қан айналым жүйесі, қан қысымы, қалқанша безі және жатыр мойны обыры туралы мағлұмат алғылары келгенін айтты. Осы ауру түрлері бойынша тәжірибелі мамандардан құралған арнайы топ жұмысқа кірісіп, 13 кәсіпорынға барды. Әйелдерге скринингтік тексерулерден өтудің маңызы түсіндірілді. Тіпті, жұмыстан қолы босамайтын жандар үшін скринингтік тексерулер демалыс күндері түске дейін де ұйымдастырылды, - дейді Д.Айтжанова.

Динара Айтжанова ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, скринингтік тексерулерден өту үшін 1-3 күн аралығында әлеуметтік демалыс қарастырылатынын айтты. Кездесу барысында жұмыс берушілер мен жұмыскерлерге кодек-



тегі 87-ші бап түсіндірілген. Әйелдер арасындағы скринингтік тексерулер 30 жастан 62 жасқа дейін өткізіледі.

Пилоттық жобаның ғылыми жетекшісі, облыстық кардиологиялық орталық директоры, медицина ғылымдарының кандидаты Гүлжанат Джакова ақпараттық сипаттағы кездесулердің денсаулық мәселесінде маңызды екенін атап өтті.

- Бұл - республика бойынша кәсіпорын әйелдеріне бағытталған алғашқы жоба. Осы ретте, сауалнама нәтижесі бойынша әйелдер арасында аурушаңдық азаймай отырғанын атап өткім келеді. Сондықтан ерте диагностика, салауатты өмір салты,

мемлекеттік қолдау туралы кеңінен мәлімет берілді. Бастысы, кәсіпорындағы әйелдер жобаны қолдап, ризашылықтарын жеткізді, - дейді ол.

Гүлжанат Джакова аймақта эндокриндік аурулардың, әсіресе қалқанша безі патологияларының жиі кездесетінін айтады. Келесі кезеңде аталмыш ауру түрлері бойынша да шаралар ұйымдастырылатынын жеткізді.

Пилоттық жобаға қатысқан әйелдер скринингтік тексерулерге қызығушылық танытып, денсаулыққа ерекше мән бере бастағандарын айтқан. Партия өкілдері жоба тиімділігі дәлелденсе, жыл сайын тұрақты өткізуді жоспарлап отыр.



ҚҰРЫЛЫС

Железин ауданына қарасты Мыңкөл ауылында көптен күткен медициналық пункт жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. 400-ге жуық тұрғыны бар ауылда емдеу нысанының құрылысы өткен жылы күзде басталған болатын. Бұл істі қолға алған мердігер жауапсыздық танытып, жұмысты бастамай жатып тастап кеткен еді.

Көп күттірген нысан



Айдана ҚУАНЫШЕВА

Павлодар облысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 30 медициналық нысанның құрылысын жүргізу жоспарланған. Бұл ретте елді мекендерде медициналық пункттер, фельдшерлік-акушерлік пункттер және дәрігерлік амбулаториялар бой көтермек.

дары мен медициналық жабдықтардың уақытында жеткізілмеуі себеп.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында пайдалануға берілген кейбір нысандардың сапасына да шағым көп болды. Мәселен, Ақтоғай ауданы Шілікті ауылындағы медициналық пункттің



Облыстық денсаулық сақтау басқармасы медициналық ұйымдар және инновациялық технологияларды стратегиялық дамыту бөлімінің басшысы Арман Исақиевтің айтуынша, жалпы сомасы 4,8 млрд теңгені құрайтын 30 нысанның 26-сы пайдалануға берілді. Қалған 6 емдеу мекемесі жыл соңына дейін ашылады.

Қазір құжат мәселесі реттелуде. Олардың қатарында Тереккөл ауданы Ивановка ауылындағы медициналық пункт, Ертіс ауданы Ленин ауылындағы дәрігерлік амбулатория, Екібастұз қаласына қарасты Бәйет ауылындағы медициналық пункт, Ақсу қаласына қарасты Үштерек ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт және Құркөл ауылындағы медициналық пункт, Железин ауданы Мыңкөл ауылындағы медициналық пункт бар.

Арман Исақиевтің айтуынша, кейбір ауылдарда құрылыс жұмыстарының кешігуіне мердігер ұйымдарының жауапсыздығы және құрылыс материал-

төбесінен су ағып, қабырғалары бөлінген. Ауладағы кеспе тастары да бұзылған. Ақтоғай аудандық ауруханасының басшысы Мәдина Сабырова бұл жағдайға ауа райы әсер еткенін айтты. Өйткені құрылыс жұмысы 2024 жылдың тамыз айында басталып, ауладағы кеспе тастар желтоқсан айында төселген. Нысан биыл көктем айында тапсырылған кезде жоғарыда аталған олқылықтар орын алған. Аталмыш мәселе бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен аудан әкіміне хат жазған. Нәтижесінде жауапты мердігер әу баста жасалған келісім-шарт негізінде нысан ішін және кеспе тастарды ретке келтірген. Қазір ешқандай мәселе жоқ.

Мәдина Сабырова аудандық ауруханада қажетті сала мамандары жеткілікті екенін айтады. Тек ауданнан 90 шақырым қашықтықта орналасқан Жалаулы ауылындағы дәрігерлік амбулаторияға дәрігер қажет.

ЕҢБЕК

Жастарды қолдау жан-жақты

Облыста жастарды қолдау бағытындағы қызметтер тұрақты түрде дамып келеді. Өңірдегі жастар ресурстық орталықтары жас азаматтарға әлеуметтік, кәсіби және психологиялық мәселелер бойынша кеңес беріп, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік жасап отыр.

Айдана БОРАНБАЕВА

Жастар үшін өзекті салалардың бірі – жұмыспен қамту. Осы жылдың 1 қазанына дейін қалалар мен аудандардағы Мансап орталықтарына 11 809 жас жүгініп, олардың 5 896-сы, яғни 49,9 пайызы тұрақты жұмысқа орналастырылған.

Облыстық ақпарат және қоғамдық даму басқармасына қарасты облыстық жастар бастамаларын дамыту орталығы осы жылдың алғашқы жартыжылдығында 4 бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізіп, 733 жасты қамтыды. Нәтижесінде 142 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Аудандық орталықтарда да белсенді жұмыс жүргізілуде. Жыл басынан бері 25-тен астам жәрмеңке өтіп, оған 230 жас қатысқан. Оның 132-сі еңбекке орналасқан.

Жастар бастамаларын дамыту орталығы басшысының орынбасары Нариман Өскенбаевтың айтуынша, жастар арасында кәсіби бағдарлауға сұраныс жоғары. Осы бағытта 25 шара өтіп, 1 220 жас мамандық таңдау, нарық сұранысы және оқу мүмкіндіктері бойынша кеңес алды. NEET санатындағы жастарды анықтау және оларды жұмысқа орналастыру жұмыстары да тұрақты бақылауда.

- Жастар бастамаларын дамыту орталығында «Бір терезе» қағидатымен қызмет көрсететін орталық жұмыс істейді. Мұнда жастарға жұмыспен қамту, мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, кәсіпкерлікті дамыту, құқықтық және психологиялық кеңес беру бағыттары бойынша қолдау көрсетіледі, - дейді Н.Өскенбаев.

Оқыту бағыты да назардан тыс

қалған жоқ. Биыл 600-ден астам жас кәсіпкерлік негіздерін меңгеріп, оның ішінде жүзден астамы өз бизнес-идеясын жүзеге асыруға грант алды. Ал жазғы маусымда «Жасыл ел» жобасына екі мыңнан астам жас қатысып, маусымдық табыс пен тәжірибе жинады.

Ал облыстық ақпарат және қоғамдық даму басқармасының жастар және отбасы бөлімінің басшысы Жаннұр Ахметжанованың сөзінше, облыста волонтерлік қозғалыс та қарқынды дамып келеді. Мәселен, қазіргі таңда өңірде 28-ден астам волонтерлік ұйым мен 400-ден аса бастамашыл топ белсенді еңбек етеді. Осы жылы аталмыш қызметке 50 431 адам, 100-ден астам кәсіпорын, фермерлік шаруашылықтар және 950-ге жуық шағын және орта бизнес субъектісі тартылған.

БАС ТАҚЫРЫП

Балалар қашықтан білім алуда



– Баубіржан Бейсембайұлы, бүгінде балалар арасында тұмау мен суық тию деректері күн санап көбейіп жатыр. Осыған байланысты мектептерде карантин немесе қашықтан оқыту жүйелері қарастырылып жатыр ма?

– Бүгінгі таңда облыстағы оқушылардың жалпы санынан 16,8 пайызы тұмау мен суық тию дерегі тіркелген. Сондықтан 78 мектептің 479 сыныбы қашықтан оқыту процесіне ауыстырылды. (Павлодар қаласы - 248 сынып, Екібастұз қаласы - 68 сынып, Ақсу қаласы - 45 сынып, Баянауыл ауданы - 25 сынып, Железин ауданы - 8 сынып, Тереңкөл ауданы - 10 сынып, Успен ауданы - 30 сынып, Павлодар ауданы - 29 сынып, мамандандырылған білім беру ұйымдары - 16 сынып.)

– Мектеп оқушылары қандай жағдайда қашықтан оқытуға жіберіледі?

– Облыстық білім беру басқармасы эпидемиологиялық жағдайға байланысты жекелеген сыныптардың қашықтан оқытуға көшуі білім беру ұйымдарының барлық басшысына жеткізілген бекітілген

Облыстағы мектептерде соңғы айда қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал күрделене түсті. Балалар арасында тұмау мен суық тию деректері көбейіп, білім беру ұйымдары шұғыл түрде алдын алу шараларын қабылдауға мәжбүр. Өңірлік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, өткен аптаның өзінде 14 жасқа дейінгі 32,8 мың бала жедел респираторлық-вирустық инфекцияға шалдыққан. Бұл көрсеткіш маусымдық орташа деңгейден айтарлықтай жоғары. Сонымен, мектептердегі қазіргі ахуал қалай? Балалар қалай білім алуда? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде облыстық білім беру басқармасының баспасөз хатшысы Баубіржан Сейталымен әңгімелестік.

алгоритмге сәйкес жүзеге асырылатынын хабарлайды.

Ауыстыру туралы шешім санитариялық-эпидемиологиялық қызметпен міндетті түрде келісілген кезде қабылданады. Жекелеген сыныптардың ауысуы бойынша жедел ақпарат тікелей білім беру ұйымдарында қалыптастырылады және тиісті қызметтермен келісіледі. Облыстық білім беру басқармасы жұмысты үйлестіру шеңберінде жалпыланған деректерді алады. Алайда сыныптар саны бойынша ағымдағы есеп мектеп деңгейінде жүргізіледі.

Оқушыларды маска немесе қашықтан оқыту форматына ауыстыруды аурудың өсуін ескере



отырып, оқу орнының басшысы қабылдайды.

Басқарманың негізгі міндеті - оқыту форматына қарамастан (онлайн немесе офлайн) оқушылар үшін сапалы білім беру процесін қамтамасыз ету.

– Білім ордаларында медбикелер жеткілікті ме? Оқушыларға алғашқы көмек қалай көрсетіледі?

– 2017 жылдан бастап білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін барлық медицина қызметкері облыстық денсаулық сақтау басқармасының құзыретіне берілгені белгілі. Бұл балалар денсаулығын жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік бергенімен, ата-аналардың жауапкершілігін жеңілдетпейді. Өйткені, баланың күнделікті күйі, жалпы жағдайындағы өзгерістер әуелі үйде байқалады. Сондықтан ата-аналар мектеп медицинасының жұмысына ғана сүйеніп қоймай, бала денсаулығына үнемі көңіл бөліп, кез келген ауытқуды дер кезінде байқап, алдын алу шараларын жасап отырғаны маңызды.

– Ақпаратыңызға рақмет!

Әңгімелескен -
Айдана БОРАНБАЕВА.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ

Еліміздегі ірі мұнай өңдеу орны – Павлодар мұнай-химия зауыты жекешелендірілуі тиіс нысандар тізіміне енді. Соған сәйкес, 2028 жылы инвесторларға сату жоспарланып отыр.

Зауыт сатылады

Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА

Жуырда Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі жекешелендірілетін нысандардың тізімін жариялады. Олардың қатарында Павлодар мұнай-химия зауыты бар. Бұл кәсіпорынды сатылымға шығару мәселесі былтыр да көтерілген болатын. Сол тұста агенттік өкілдері Шымкенттегі мұнай зауытын сату мысалын жарқын үлгі ретінде келтірді. Оңтүстіктегі өңдеу орнының тең жартысы жеке меншіктің қолына өткен соң мұнда апаттық жағдайлар, технологиялық ақаулар бірнеше есе азайып, нәтижесінде жөндеу жұмыстарының көлемі де қысқарған көрінеді.

Ал Павлодардағы зауытты толығымен инвесторға беру көзделіп отыр. Яғни, 100 пайызы сатылмақ. Жекешелендірудің ұлттық кеңсесінің ресми сайтында «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС тіркеліп үлгерді. Сайттағы нысанның төлқұжатына сүйенсек, 2023 жылы өндіріс орнының таза табысы 49 млрд теңгені құрады. Зауытта 2,4 мыңнан астам адам еңбек етеді.

– Сатылым түрі: мұнай өңдеу саласында тәжірибесі бар стратегиялық инвесторға компанияның 100 пайыздық үлесін сату немесе жекешелендіру/аралас меншік формасы арқылы сату. Сатылым мақсаты - өндірісті жаңғырту үшін инвестиция тарту, тиімділікті арттыру, қосымша нарықты игеру, - деп көрсетілген зауыт төлқұжатында.

Жекешелендіру мерзімі -



2028 жыл. Сонымен қатар, биыл ұшу-қону жолағын жаңарту жұмыстары басталған «Павлодар әуежайы» АҚ да жекенің қолына өтпек. Оны екі жылдан соң жекешелендіру жоспарланып отыр. Бірақ келісімшарттың қандай формасы қарастырылғаны әзірше белгісіз. Оған қоса, біздің облыстағы «Теміржолсу-Павлодар» ЖШС, шаруашылық жүргізу құқығындағы «ERTIS SU PVL» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны аталмыш тізімге енді.

Өңір

Суармалы алқаптың көлемі артты

Осы жылы Ақтоғай ауданында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 28,8 млрд теңгені құрады. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 5-6 пайызға артуы мүмкін. Соңғы жылдары ауданда суармалы егіншілік те айтарлықтай дамып келеді. Қазіргі таңда суармалы алқаптың жалпы көлемі 6 мың гектардан асып отыр.

Айдана БОРАНБАЕВА

Аудан әкімі Қаршыға Арынов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндама жасады. Баяндамасында өңірде дәстүрлі түрде дөңді дақылдар өндірісіне басымдық беріліп келетінін атап өтті. Бұл бағыт ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына айтарлықтай үлес қосып отыр.

– Алайда соңғы жылдардағы тәжірибе мен нарықтағы жағдайды ескере отырып, шаруалар өз бағыттарын қайта қарауда. Мәселен, биыл дөңді дақылдар көлемі 50 мың гектардан 43 мың гектарға дейін қысқарса, майлы дақыл-

дардың аумағы керісінше 18 мың гектарға өсті. Қалған дақылдардың үлесі шамамен өзгеріссіз қалды, - деді Қ.Арынов.

Ауданда ірі инвестициялық жобалар да жүзеге асырылуда. Биыл «Жангөбек» ЖШС 746 гектарлық суармалы алқапты іске қосып, жобаға 664 млн теңге инвестиция салды. Нәтижесінде 10 тұрақты жұмыс орны ашылды. «G-AGRO PV» компаниясы да жаңа жобасын қолға алып, 15 тұрақты және 50 маусымдық жұмыс орнын құрды. Жоба толық іске асқанда қосымша 861 гектар суармалы жер айналымға енгізіледі. Инвестиция көлемі - 2,3 млрд теңге.


«Agro Terra» компаниясы да суармалы жүйені кеңейту жұмыстарын жалғастыруда. Жоба аясында су алу және су жеткізу инфрақұ-

рылымы жаңғыртылып, суармалы алқап көлемі 270 гектардан 1 078 гектарға дейін ұлғайтылмақ. Ал инвестиция сомасы 550 млн теңгеден асады. Бұл жоба 15 тұрақты және 80 маусымдық жұмыс орнын ашуды көздейді.

Бұдан бөлек, үш конкурстың нәтижесінде ауданның ауыл шаруашылығы айналымына 14,6 мың гектар жер қосылды. Желтоқсанда өтетін кезекті конкурс нәтижесінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі тағы 13 мың гектарға ұлғаймақ.

Құрылыс саласында да оң көрсеткіш байқалады. Биыл ауданда орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 9,9 млрд теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 174,4 пайызды құрады.

– Биыл «Окей» мердігерлік ұйымы 24 пәтерлік тұрғын үй



салды. Нысан келесі айда пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта үй кезегінде 235 адам тұр. Сонымен қатар, «Ақтоғай Агро», «Жангөбек», «G-AGRO PV», «Agro Terra» серіктестіктері де өздерінің құрылыс жұмыстарын аяқтады, - деді аудан басшысы. Айта кетейік, Ақтоғай ауданының Шолақсор ауылындағы кіреберіс жолдың жөндеу жұмыстары және жаңа көпір құрылысы

келесі жылға жоспарланған. Көпір тас жол бойымен Ертіс ауданынан басталып, Бестөбе бағытында өтетін жол бойымен жалғасып, Шолақсорға дейін жетеді. Жобалық есеп бойынша көпірдің ұзындығы 42 метр, ал өні 11 метр болады. Бұл көпір ауыл тұрғындарының қозғалысын жеңілдетіп, су басу қаупін азайту үшін маңызды.

ФОРУМ

Ана — үйдің берекесі

Отбасында ананың рөлі айрықша. Ана - мемлекет болашағының кепілі. Павлодар облысында аналар кеңесі ұрпақ тәрбиесімен айналысуда, отбасылық құндылықты нығайтуда ауқымды жұмыс атқарып келеді.

Айдана ҚУАНЫШЕВА

Кеңестің құрамында көп балалы аналар, патронат аналар, мемлекеттік құрылымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлері, психологиялық-медициналық мекемелердің мамандары, этномәдени бірлестіктер мен ғылыми әрі шығармашылық зиялы қауымның өкілдері, әйелдердің қоғамдық ұйымдарының белсенділері, жастар бар. Жуырда Достық үйінде «Ана тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында облыстық аналар кеңесінің форумы өтті. Ауқымды шараға Павлодар облысы әкімінің орынбасары Айгүл Мәлікова, Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық кеңесінің мүшелері, ҚР Ұлттық ұланы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының №5512, 6679 әскери бөлімдерінің басшылары, этномәдени бірлестік төрағалары қатысты.

Форумда Айгүл Қайыртасқызы қоғамдағы ананың атқаратын рөліне тоқталды.

– Отбасындағы бала тәрбиесі өзекті мәселенің бірі. Ана – ұрпақ тәрбиесінің ұйытқысы. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Дана халқымыз қашанда анасын ардақтап, аруларын сыйлай білген. Қыздарын қадірлеп, төріне шығарған. Бұл - ежелден қанымызға сіңген асыл қасиет», – деген болатын. Ананы сыйлау, құрмет көрсету – баршамыздың міндетіміз. Осы міндетті орындау мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық кеңесі мен аналар кеңесі балалар мен жастарды рухани тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жалғызбасты және көпбалалы, өмірлік қиын жағдайға тап болған аналарды қолдау бағытында көп жұмыс жүргізуде. Облыста 215 аналар кеңесі 2,5 мың әйелдің басын біріктіреді. Олардың бастамасымен 400-ден астам шара ұйымдастырылып, оған 14 мыңға жуық адам қатысқан, – деді А.Мәлікова.



Айгүл Қайыртасқызы Аққулы ауданында жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық тіркелмегенін айтты. Бұл жергілікті аналар кеңесінің жұмысы екенін тілге тиек етті.

Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық аналар кеңесінің төрағасы Бақытжамал Максимова облыстағы 44 мектеп және бір колледжбен меморандум аясында тығыз жұмыс істеп жатқанын айтты. Ауқымды жұмыс аясында білім ошақтарында әжелер, жеңгелер кеңестері құрылып, балаларға ұлттық бағытта тәлім-тәрбие берілуде.

Форумға қатысушылар ұрпақ тәрбиесі, әскери өмір, ұлттық құндылықтар тақырыбын сөз етті. Железин ауданының өкілі Шұға Нұрғалиева форумға қатысып қана қоймай, «Бесік жыры» байқауында өнер көрсетті.

– Аналар кеңесі жеті бағытта жұмыс істейді. Оның ішінде рухани даму, қолөнер, ұлттық тағам, вокал, ұлттық музыкалық аспаптар бағыттарының маңызы зор. Біз балалармен де, ересектермен де жұмыс істейміз. Әр мектепте аналар, әкелер, әжелер мен келіндер кеңесі бар, – дейді Шұға Нұрғалиева.

Форумда Павлодар қаласындағы №36 экологиялық бағыттағы мектептің тәжірибесі үлгі

ретінде ұсынылды. Мұнда отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған «Адал азамат» бағдарламасы белсенді жүзеге асырылуда.

– Бала отбасында адалдықты, тәртіпті, құрмет пен жауапкершілікті, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды үйренеді. Біз Аналар кеңесімен өткен жылдың қаңтарында меморандумға қол қойдық. Кеңес әлеуметтік және мәдени іс-шараларға белсенді қатысады. Осы ынтымақтастықтың нәтижесінде ата-аналар мектеп өміріне белсенді араласа бастады. Жасөспірімдер арасында буллинг пен құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі күшейді, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсетілуде. Мектепте «Даналық мектебі» клубы, «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Жеңге кеңесі» секциялары жұмыс істейді, – дейді мектеп директоры Рифхат Мұратов.

Форум қатысушылары аналар кеңесінің көмегімен оқу орындарындағы тәрбиелік жұмыс жаңа деңгейге көтерілгенін атап өтті. Ауқымды шара аясында «Бесік жыры» байқауы мен ұлттық тағамдар көрмесі өтті. Жеңімпаздар мен қатысушылар Алғыс хатпен марапатталды.



ӘЛЕУМЕТ

Павлодар қаласындағы «Достық үйінде» халыққа қызмет көрсету орталықтарының құрылғанына 20 жыл толуына арналған салтанатты шара өтті. Шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Батырғожинов, халыққа қызмет көрсету орталығының ардагерлері мен қазіргі қызметкерлері қатысты.

Қызмет көрсету жүйесі дамуда

Нұрайым ҚАЛЫБЕК

Өңірдегі алғашқы халыққа қызмет көрсету орталығы 2006 жылдың 22 қарашасында Павлов көшесінің бойында ашылып, мемлекеттік қызмет көрсетудің

– Алғашқы жылдары бәрі қағазбен жүргізілетін. Қазір қызметтердің басым бөлігі электронды форматқа көшті. Сол жылдары адамдар көбінесе жылжымайтын мүлікті тіркеу бойынша жүгінсе, қазір электрондық қолтаңба алу және неке



жаңа, ашық әрі тиімді жүйесін қалыптастыруға негіз болды. Сол уақыттан бері орталықтар инфрақұрылымын жаңартып қана қоймай, қызмет көрсету мәдениетін түбегейлі өзгертті. Бүгінгі таңда қызметтердің басым бөлігі цифрландырылып, азаматтар бұрын бірнеше сағат кезек күтетін рәсімдерді үйден шықпай-ақ орындай алады. QR-кодпен жазылу, мобильді қосымша арқылы алдын ала кезек алу, ЭЦҚ рәсімдеу, жүргізуші куәлігін алу, анықтамалар мен жеке құжаттарды онлайн рәсімдеу – бүгінде қалыпты жағдай.

Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Батырғожинов аймақ басшысы Асайын Байхановтың құттықтауын жеткізіп, халыққа қызмет көрсету орталығының бүгінгі қызметі азаматтардың тұрмысын айтарлықтай жеңілдетіп отырғанын айтты. «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы облыстық филиалы директорының міндетін атқарушы Алтай Қайдаров орталықтардың дамуы заман талабымен үндес жүріп жатқанын атап өтті.

– 20 жыл - бұл жаңа қызмет көрсету мәдениетін қалыптастырған үлкен кезең. Қазір орталықтарда биометриялық сәйкестендіру, өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары, цифрлық шешімдер кеңінен енгізілуде. Басты мақсат - халыққа қолайлы жағдай жасау, – деді ол.

Азаматтарға қызмет көрсету мекемесінің алғашқы қызметкерлерінің бірі Пятимат Боғатырева орталықтың қалыптасу кезеңдерін еске алды.



тіркеу бойынша көмек сұрайды. Осы саланың дамуына үлес қосқаным - зор мақтаныш, – деді ол.

Салтанатты шара барысында халыққа қызмет көрсету мекемесін 2010-2012 жылдардағы жетекшісі Мәдениет Ахметовке халыққа қызмет ету жолындағы еңбегі үшін құрмет көрсетіліп, иығына шапан жабылды. Ол өз сөзінде сол кезеңдегі естеліктерімен бөлісіп, әріптестеріне алғысын білдірді.

Жиын соңында салаға үлес қосқан 60-тан астам қызметкерге алғыс хаттар табыс етілді. Іс-шара халыққа қызмет көрсету орталығының 20 жылдық мерейтойын атап өту ғана емес, болашақтағы жаңа бағыттарды айқындаған маңызды жиын ретінде есте қалды.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ойын алаңдары көбеюде

Павлодар қаласында жалпы саны 615 ауланың 95 пайызы балалар ойын алаңдарымен қамтылған. Қазір шаһар жеткіншектері заманауи ойын алаңдарында мәре-сәре күй кешеді. Алдағы жылы аулаларда тағы 50 балалар ойын алаңы салынып, көрсеткіш 100 пайызға жетпек. Қуантарлығы, бұған дейін ойын алаңдарын салу мүмкіндігі болмаған көшелерде де заманауи балалар алаңдары бой көтермек.

Айдана ҚУАНЫШЕВА

Павлодар қаласындағы Горький көшесі, 37-үйдің тұрғындары көптен бері аулаға балалар ойын алаңын салуды сұрап келеді. Көпшіліктің өтініші аталмыш ауладағы жердің астында инженерлік коммуникациялар орналастырылғандықтан орындалмай келді. Яғни, бұл көшеде балалар ойын алаңын салу мүмкін болмады. Ал шаһарда инженерлік коммуникациялар өтетін көше саны аз емес. 2026 жылы көптің тілегі орындалғалы



барсақ та, аулалардағы балалар ойын алаңдары жаңарған. Заманауи өткеншектер де жасөспірімдердің көңілінен шығуда. Жаз бойы анам екеуіміз кешкі уақытта Гагарин саябағында өткіздік. Орындықтарға күннің ыстығынан қорғайтын арнайы төбе орнатылған. Шахмат ойнайтын орын да бар. Бұдан бөлек, бірқатар көшелерде шағын сквер ашылды. Әсіресе, үйде отыратын қариялар далаға шығып, таза ауамен тыныстап, уақытты тиімді өткізуде. Жергілікті билікке атқарылып жатқан игі іс үшін ризашылығымды айтамын, – дейді Павлодар қаласының тұрғыны Салтанат Данабекқызы.

Павлодар қаласы.

тұр. Өйткені аталмыш көшелерде локалды алаңдар тұрғызылады деп күтілуде. Мұндай алаңдар жеке ойын элементтерінен тұрып, тротуар жолдарымен байланыстырылатын атап өткен жөн. Бұл балалар үшін ыңғайлық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта тұрғындар тарапынан өтініштер қабылдау басталды. Сала мамандары әр көшені толық зерттеп, шешім шығаратын болады. Осылайша, өзге ауладағы ойын алаңдарына қызыға қарайтын кей көшенің балалары да заманауи алаңда ойнауға мүмкіндік алмақ.

Павлодар қалалық әкімдігі баспасөз қызметінің мәліметінше, биыл Павлодарда қалалық инфрақұрылымды жаңарту бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Орташа жөндеу аясында жалпы ұзындығы 37 шақырым болатын 15 магистральды көше ретке келтірілді. 100 аула, 13 білім беру мекемесінің және 5 медициналық ұйымның аумақтары абаттандырылды. Сонымен қатар, жалпы ұзындығы 20 шақырымға жуық болатын 20 учаскеде жаңа тротуарлар салынды.

– 2022 жылдан бері Павлодарда 37 жаңа шағын сквер бой көтерді. Тек биылдың өзінде 17 демалыс аймағына ағымдағы жөндеу жүргізілсе, келесі жылы тағы 15 аумақты абаттандыру жоспарланып отыр. Бұған қоса, 2025 жылы қалада 65 жаңа балалар ойын алаңы орнатылды, бұл бағыттағы жұмыс әрі қарай да жалғасын табады, – дейді Павлодар қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінің басшысы Мақпал Қаржаубай.

Биыл Павлодарда 17 жаңа



Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек.

сквер пайда болады. Шаһар тұрғындарына бос уақытын өткізуге арналған заманауи шағын саябақтар ашылды. Бұрын бос және күтімсіз жатқан алаңдарға жарықтандыру тартылып, орындықтар мен өткеншектер орнатылды.

Әкімдікте келесі жылға өтініштер қабылдау басталды. Тұрғын үй жанында бос тұрған жер телімі болса, Кривенко көшесі, 25-үй мекенжайына барып, өтініш жазуға болады. Жаңа саябақтар Павлодардың келбетін ғана емес, қала тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуге және өмір сапасын жақсартуға ықпал етпек.

– Қала ішінде атқарылып жатқан ауқымды жұмысқа жергілікті халық дән риза. Шынымен, қай көшеге



Осы мақаланың аудиожазбасын QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.



Естай атындағы мәдениет сарайында «Jasyl party» форматында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының ХХІ маусымының жабылу салтанаты өтті. Шарада жазғы кезең бойы талмай еңбек еткен еріктілер марапатталды.

Жастарға сенім арту керек

«Жасыл ел» - өскелең ұрпаққа дұрыс тәрбие беретін тың жобалардың бірі. Екі мыңға жуық жастар экологиялық, құрылыс және волонтерлік жұмыстарға тартылған. Басты мақсат - жастардың еңбекке деген махаббатын ерте жастан ояту және қала тазалығын қамтамасыз ету.

– Осы жылғы жас сарбаздар саны өткен жылмен салыстырғанда анағұрлым көп болғаны - қуантарлық жағдай. Екі мыңға жуық ерікті өңірлердің тынысына сергін берген. Осы атқарған жұмыстарыңыз үшін алғысымды білдіремін, – деді облыстық ақпарат және қоғамдық даму басқармасының басшысы Әлнұр Сейдуманов.

Салтанатты шара барысында маусым бойы үздік нәтиже көрсеткен жасақ жетекшілері, командалар мен жас сарбаздар марапатталды.

– Оған қоса, жастар «Таза Қазақстан» акциясы аясында жүзге жуық тазарту жұмыстарын жүргізді. Оның басым бөлігі экологиялық бағытты қамтыды. Сондай-ақ, облысымыздың «Жасыл ел» штабы да ең еңбекқор қала аталымын



алды, – деді облыстық штабтың жетекшісі Русана Сулаймонова.

Ағымдағы жылдың топжарғандары екібастұздық еріктілер болды. Штапта жастар, мектеп оқушылары, колледж және университет студенттері жұмыс істеді. Барлығы 17 ерікті «Үздік сарбаз», «Үздік волонтер», «Үздік командир», «Үздік штаб» аталымдарымен марапатталды. Оларға арнайы сыйлықтар мен диплом табыс етілді.

Сара АВДОЛ.

ДЕНСАУЛЫҚ

Әркімнің өз қолында

Қазіргі қоғамда жыныстық денсаулыққа қатысты ашық айту – өзіңді де, жақындарыңды да қорғаудың ең дұрыс жолы. Адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) сақтану, уақытылы тексерілу және дұрыс ақпаратқа сүйену – әр адамның жауапкершілігі.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Дүниежүзілік жүре пайда болған иммунтапшылық синдромымен (ЖИТС) күрес күні. АИТВ инфекциясының алдын алу шаралары мен өзекті жағдай» атты брифинг өтті. Шараға Павлодар облыстық алдын алу орталығының мамандары - орталық басшысының орынбасары Бақыт Жанахметова және емдік көмек бөлімінің меңгерушісі Марина Сорокина қатысты.

1 желтоқсанда атап өтілетін Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне орайластырылған биылғы кампанияның «Қиындықтардан - нақты әрекеттерге» атты тақырыбын таныстырды. Бұл бастама АИТВ/ЖИТС-пен күрестегі қаржыландыру, тұрақтылық және медициналық қызметтерді біріктіру мәселелерін көтереді.

Мамандардың айтуынша, өңірдегі эпидемиологиялық жағдай тұрақты, жыл сайынғы жаңа жағдайлар саны шамалас күйде қалып отыр. Негізгі берілу

жолдары - жыныстық қатынас 67,5 пайызды құрайды және инъекциялық есірткі қолдану 24,6 пайыз.

Конференцияда ақпараттық-ағарту жұмыстарының, жаттығулар мен тренингтердің, сондай-ақ жастар арасындағы түсіндіру шараларының маңызы атап өтілді. АИТВ-мен өмір сүретін адамдар үшін антиретровирустық терапияның тек ем емес, сонымен қатар вирус берілмеуінің алдын алатын тиімді құрал екенін жеткізді.

Аймақ мамандары жүкті әйелдердің тексерілуі мен профилактикалық ем қабылдауы арқылы анандан балаға берілу жағдайларының айтарлықтай төмендегенін де атап өтті.

Шара соңында мамандар тұрғындарды стигма мен жалған ақпараттан арылып, тұрақты тест тапсырып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Аружан ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ.

КӘСІПКЕРЛІК



ҚОЛДАУ

Мемлекет сыйлаған мүмкіндік

Қазір кәсіп бастаймын деген адамға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау зор. Бизнес идеяны жүзеге асыруға ықпал ететін қайтарымсыз грант талай жастың арманын орындады. Осындай қамқорлықты сезінген кәсіпкерлер өз ісін дөңгелетіп, аймақ экономикасының дамуына үлестерін қосуда.



Айдана ҚУАНЫШЕВА

Павлодар қаласының тұрғыны Индира Сәдуақасова өу баста кәсіпкер боламын деп армандаған жоқ. Тек екі баласының жанында болуы үшін зауыттағы қызметінен бас тартып, үй жағдайында қолынан келетін іспен айналысуды жөн санайды.

– 2020 жылы тұрақты жұмысымнан өз еркіммен шығып, балаларыма қарайласқым келді. Күнделікті нан мен сүтке табыс табу үшін үйде отырып жұмыс істеймін деп шештім. Өзім дәмді ас әзірлегенді ұнатамын. Сөйтіп алғаш рет қалтамдағы 15 мың теңгеге 5 келі ет сатып алып,



манты дайындадым. Ешбір жарнамасыз, біреудің қолдауынсыз өрі тұрақты тұтынушысыз басталған ісімді 500-ге жуық оқырманы бар инстаграм желісіне салдым. Бес минуттан кейін бір танысым 3 келі мантымды сатып аламын деп жазды. Сөйтіп, 1,5 жыл көлемінде жалпы аумағы 9 шаршы метр ас үйімде жартылай дайын өнімді әзірлеумен айналыстым, – дейді Индира Сәдуақасова.

Кәсіпкер пандемия кезінде де ісін тоқтатпаған. Өйткені дәмі тіл үйіретін мантысын ұнататындардың қатары арта түскен. Уақыт өте келе Индираға жанашыр достары қолдау көрсетіп, кәсібін үлкейтуге кеңес береді. 2023 жылы «Бизнес бастау» бағдарламасына қатысып, 5 млн теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұтып алады. Мемлекет тарапынан берілген қолдау арқылы өз өнімін патенттеп өрі сертификат алады. Жалпы аумағы 50 шаршы метрді құрайтын орынды жалға алып, жұмысқа адамдарды қабылдайды. Кәсіпін әлеуметтік желі арқылы жарнамалайды. Қазіргі уақытта кәсіпкердің командасы Усолка шағын ауданы Ткачев көшесі, 17/4 мекенжайында жұмыс істейді. «Магия вкуса» деп аталатын орында тағамның түр-түрі әзірленеді.

– Біздің өнім сапалы өрі дәмді

деп нық сеніммен айта аламын. Өйткені тұтынушылар үнемі оң пікір қалдырады. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудан кейін түрлі жобаларда бақ сынап бастадым. Етті 4 жыл көлемінде тек бір жеткізушіден аламын. Одан манты, тұшпара, котлет, қырыққабат орамасы, тоқаш әзірленеді. Тағам биологиялық ыдырайтын қаптамаға салынады. Яғни, ыдыстан табиғатқа ешқандай зиян келмейді, – дейді Индира Сәдуақасова.

Жартылай дайын өнім әзірленетін орында тағы бір ерекше ас дайындалатынын атап өту керек. Мұнда 20 сағат қайнатылып пісірілетін сүйек сорпасы сатылады. Бұл тағам қант диабеті, артрит, артроз сынды буын ауруларына шалдыққандарға ем болады. Өйткені сүйек сорпасын үй жағдайында 20 сағат қайнату оңай емес.

Индира қазір «Іскерлік байланыстар» бағдарламасына өтініш берген. Егер өтінімі мақұлданса, отандық коллаген әзірлемек. Жоғарыда атап өткен сүйек сорпасын сұйық түрден желе түріндегі қою асқа айналдырмақ. Мұндай технология Германияда жасалады екен.

– Корей, Қытай елдерінің коллагендері бар. Сол сияқты отандық коллагенді шығару үшін қолдау өрі инвестор керек. Бәрі – уақыт еншісінде.

Өздеріңіз білетіндей, қазір еттің бағасы өте қымбат. Сәйкесінше, өнімдеріміз де арзан емес. Бірақ, жоғарыда айтқанымдай, сапалы. Себебі, мантыға ет, пияз, картоп, тұз және бұрыш қана қосылады. Қандай да бір қоспа немесе дәмдеуіштер салынбайды. Манты жылқы және сиыр етінен дайындалады. Бір келісі 4500–5200 теңге аралығында сатылады. Тұшпараның келісі 4500–5000 теңге, котлет және қырыққабат орамасының келісі 4500 теңге, самса мен тоқаштың келісі 4 мың теңгеден саудаланады. Біздің өнімді тұрақты тұтынатындар бағасына қарамай алады, – дейді кәсіпкер.

– Өу баста кәсіп ашамын деген ойымда болған жоқ. Сол себепті қолдау көрсеткен мемлекетке алғыс айтамын. Бағдарламалардың көмегімен бизнесім алға басты. Қазір 4 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Мемлекеттің көмегімен баспанаға да ие болдым. Қазір бизнес өлеміне еніп, түрлі оқуларға қатысудамын. Үйренгенім өрі үйренерім көп. Кәсіп тек шыңдай түседі екен. Сондықтан бизнес бастағысы келетін жастарды тәуекелге баруға шақырамын, – дейді Индира Сәдуақасова.

Бүгінде Индира – тек табысты кәсіпкер емес, екі баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ардақты ана. Жуырда облыс көлемінде жастар арасында бизнес номинациясында бақ сынап, «Тәуелсіздік ұрпақтары» премиясын жеңіп алды. Жоғары жетістіктерді бағындырып жүрген кәсіпкердің ісіне береке тілейміз!

Павлодар облысы бойынша «Даму» қоры өңірлік баспасөз турын ұйымдастырып, журналистер кәсіпкерлікті қолдау бағытында жүзеге асып жатқан жобалармен танысты. Шара барысында БАҚ өкілдері КЕО мектебі мен металл конструкцияларын өндіретін «Ритам-Павлодар» ЖШС зауытында болды.

Жаңа жобалар іске асуда



Нұрайым ҚАЛЫБЕК

«Ритам-Павлодар» компаниясында өндірістік көрсеткіштермен қатар, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында да ауқымды жұмыс жүріп жатыр. Зауыт мамандары үшін екі қабатты жаңа жатақхана дайындалуда. Жалпы ауданы 1400 шаршы метрді құрайтын ғимарат пәтерлік үлгіде салынған.

– «Даму» қорының қолдауына ерекше алғысымызды білдіреміз. Қордың қаржылай көмегінің арқасында жұмысшыларымызға арналған жаңа жатақхананы ашуға дайындалып жатырмыз. «Жұмысшы кәсіптер жылы» аясында мансап орталығы, ауыл әкімдіктері және өзге де ұйымдармен бірлесіп кәсіби мамандарды тарту жұмыстарын күшейттік. Қазір орташа жалақы 300 мың теңгеден асады. Зауытта 120 қызметкер еңбек етеді, олардың 75 пайызы – білікті мамандар, – деді кадрлар бөлімінің басшысы Ардақ.

Бірінші қабатта екі адамға арналған 19 бөлме орналасқан. Сондай-ақ қабатта кір жуатын орын, ортақ ас үй, ванна бөлмелері қарастырылған. Жақын уақытта жаттығу залын және балаларға арналған ойын алаңын ашу жоспарлануда. Екінші қабатта көп балалы отбасыға арналған бес екі бөлмелі және бес бір бөлмелі пәтер бар. Өр пәтерде ванна бөлмесі мен кең ас үй қарастырылған.

Компания басшылығының айтуынша, құжаттық-техникалық база, өрт қауіпсіздігі жүйелері және күзет дабылы бойынша жұмыстар толық аяқталған. Қазір клинингтік қызмет жұмыс істеуде, сонымен қатар дизайнерлер пәтерлердің ішкі безендірілуімен айналысып жатыр. Жиһаз сатып алу, персоналды жалдау және жатақхананы толық жайластыру жұмыстары да жүргізілуде. Сонымен қатар, жатақхананың жұмысшылардың айлығынан ұсталынып, қатынап жұмыс істейтін қызметкерлердің жол ақысы төледі.

Баспасөз турының екінші нысаны – облыс орталығында орналасқан



Суреттерді түсірген - Есенжол ИСАБЕК.

«КЕО мектебі». Бұл – балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жеке білім беру ұйымы. Мектептің негізін қалаушы өрі жетекшісі – тарих, экономика және құқық пәндерінің маманы, авторлық өлкетану бағдарламасының авторы Елена Кисанова.

2021 жылы бір ғана өлкетану үйірмесі ретінде басталған шағын жоба бүгінде облыстың Баянауыл, Успен, Шарбақты аудандарында, сондай-ақ Ақсу қаласында 40-тан астам үйірмесі бар ірі білім беру орталығына айналды. Арнайы бағдарламалар арқылы ауылдық жерлердегі мыңнан аса бала Artsport және қосымша білім беру жобалары арқылы тегін оқиды. Жалпы оқушылар саны – екі мыңнан асады, оның ішінде 700-ден астамы мемлекеттік қаржыландырумен қамтылған. Мектепте балалар робототехника, танымдық математика, менталдық арифметика, шет тілдері, өлкетану, грек-рим күресі, үстел теннисі және көркем шығармашылық бағыттары бойынша білім алады. Барлық кеңсе тауарлары, үйірме шығындары мен жолақы мектеп есебінен төленеді.

– Ата-аналар ешқандай шығын шығармайды. Біз балаларды толықтай қамтамасыз етеміз. Соңғы жылдары ауыл оқушылары республикалық және халықаралық жарыстарда жүлде алып, Түркия мен Грузияда өткен конкурстарға қатысты, – дейді Елена Кисанова.

Ол 2014 жылы археология мен өлкетануды біріктіретін авторлық бағдарлама әзірлеген. Бағдарлама бірнеше рецензиядан өтіп, Астанада ғылыми тұрғыда мақұлданған.

– Балалар туған жерін танымай елін сүйе алмайды. Сондықтан ең алдымен өз өңірінің тарихын үйретеміз, – дейді білім ордасының басшысы.

Биыл «КЕО мектебі» мектепке дейінгі екі дайындық тобын ашып, 1-4-сынып оқушыларына арналған жаңа бағыттарды іске қосты. Білім беру орталығы алдағы уақытта үйірмелер санын арттырып, ауылдық жерлердегі балаларға қолжетімді білім ұсынуды жалғастыруды жоспарлап отыр.

БІЛІМ

ҰБТ-да қандай өзгеріс?

Қазақстанда ҰБТ форматы халықаралық стандарттарға сай жаңартылуда. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі және ETS білім беру және таланттарды дамыту саласындағы халықаралық ұйымы еліміздің жоғары оқу орындарына түсуге арналған Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) трансформациялауға бағытталған стратегиялық әріптестікті бастады.

Соңғы жиырма жылдан астам уақыт бойы Ұлттық бірыңғай тестілеу Қазақстандағы жоғары оқу орындарына түсу процесінде орталық жүйе рөлін атқарып, барлық өңірлер мен әлеуметтік топтардағы түлектерге жоғары білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етіп келеді. Енді АҚШ-тың ETS ұйымының тәжірибесіне сүйене отырып, Ұлттық бірыңғай тестілеу форматы жаңартылып, ол тек академиялық жетістіктерді ғана емес, өмір мен кәсіби қызметте қажет негізгі дағдыларды да бағалайтын болады.

- Бұл әріптестік - Қазақстанның болашағы үшін маңызды бетбұрыс. ETS ұйымымен бірлесіп, олардың білімді бағалау саласындағы әлемдік тәжірибесін енгізу арқылы біз жастарымыз үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, өзге елдерге үлгі боларлық бағыт қалыптастырамыз, - деді ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Жақында Ұлттық тестілеу орталығы 2026 жылғы ҰБТ-ның шекті балдары белгілі болды. Орталықтың мәліметінше, ҰБТ форматы бойынша талапкерлер 5 пәннен сынақ тапсырады. Оның 3-і міндетті, 2-і - бейіндік пәндер. Ал ҰБТ-ның шекті балдары төмендегідей болып белгіленді.

Математикалық сауаттылық - 10 тапсырма, шекті балл - 3, оқу сауаттылығы - 10 тапсырма, шекті балл - 3, Қазақстан тарихы - 20 тапсырма, шекті балл - 5, 1 бейіндік пән - 40 тапсырма, 50 балл, шекті балл - 5, 2 бейіндік пән - 40 тапсырма, 50 балл, шекті балл - 5.

Осыдан бұрын Қазақстанда ҰБТ форматы халықаралық стандарттарға сай жаңартылатыны анықталды.

ҰБТ-ның төңірегіндегі тағы бір жаңалық, енді түлектерге ҰБТ-мен қатар халықаралық тест тапсыру мүмкіндігі беріледі.

- Бұл - өте жауапты жоба. Жаңа тестті жасақтаудың өзі 1-2 жыл уақыт алады. Бірақ біздің мақсатымыз - ҰБТ-мен қатар халықаралық тест жасап, Қазақстанға енгізу. Яғни біздің талапкерлерде таңдау болады: ҰБТ тапсырып, отандық университетке түсе алады немесе жаңа тестті тапсыру арқылы Қазақстанда ашылған шетелдік 40 филиалға және кез келген шетелдік университетке түсу мүмкіндігі болады, - деді Саясат Нұрбек.

Яғни, ҰБТ тапсырған адам әлемнің университеттеріне түсе алады. Бұл өте үлкен қадам және жергілікті университеттерімізге де үлкен бәсеке. Бұған дейін өзіміздің кішкентай көлімізде жүзіп жүрдік, енді әлемдік мұхитқа толық қосыламыз.

Т.МАРХАБА.



Әлем инфо-ақылмандарға тыйым сала бастады. Мәселен, Қытайда енді блогерлер өзінің жеке парақшасында кез келген тақырыпты сөз ете бермейді. Медицина, қаржы, құқық немесе білім саласындағы тақырыптарды талқыға салу үшін біліктілігі барын дәлелдеуі қажет. Ал кәсіби білімі, тиісті диплом не лицензиясы болмаса, қандай да бір ақпарат жариялап, ұсыныс айтуға тыйым салынады. Осы ақпарат баспасөз бен әлеуметтік желіге шыққалы мұндай заң Қазақстанға да керек деп көршілердің бастамасына қызығушылықпен қарап жатқандар бар. Дегенмен, әлеуметтік желіде ақыл айтуды кәсіпке айналдырып алған блогерлер қауымына ауыр тиіп жатқаны да жасырын емес. Жеке парақшадағы қаралым мен лүпіл үшін ойына келген тақырыпта ақыл айтып, керек болса оны халыққа сатып, оңай табысқа кенеліп жүрген блог жүргізушілері болса еркіндікті қалайды. Тақырыпты «Алаңның» талқысына салып көрдік.



Блогерлікке заңмен шектеу қою дұрыс па?



- Мен елімізде мұндай заңның қабылдануын орынды деп санаймын. Бірақ тым «қысып» тастауға болмайды. Жан-жақты саралап, талқылау керек. Жалпы, блог жүргізу бәріне қолжетімді шығармашылық алаң болуы керек. Оны шектеуге болмайды. Егер блогер тек өзінің көрген-білгенін айтып, жеке тәжірибесімен бөлісіп, түрлі өнім немесе қызмет туралы шолу жасап, жаңалықтарға қарапайым азамат ретінде пікір білдірсе, оған арнайы дипломның қажеті жоқ. Мұндай контент еркін ой, жеке көзқарас деп қарастырылады. Егер блогер нақты бір тақырыпқа қатысты кеңес бере бастаса, қояр талап та өзге-

Гүлжайна ДАРИМОВА, Павлодар қалалық мәслихатының депутаты:

реді. Әсіресе қаржы, медицина, құқық, психология сияқты жауапкершілігі жоғары салаларда кәсіби білім міндетті. Егер блогер адамдардан ақша алып, ақылы кеңес өткізіп, өзін маман ретінде таныстырса, онда ол сол саланың талаптарына сай болуы, тиісті білімі мен тәжірибесі болуы қажет. Өйткені көрермен оның сөзіне сеніп, соған сүйеніп шешім қабылдауы мүмкін. Яғни, қарапайым пікір мен кәсіби кеңестің айырмашылығын түсіну маңызды. Пікір айту - еркіндік, ал кеңес беру - жауапкершілік.

Әлфараби БАТҚҰЛДЕН, блогер, Екібастұз қаласы:

- Аталмыш ұсынысты блогерлердің жұмысына шектеу қою деп түсінемін. Негізі, блогер дегеніміз - еркін ойлы адамдар. Көптеген блогер өз парақшаларын еркін тақырыпта жүргізіп, өз оқырмандарына пайдасын тигізіп келеді. Бізде белгілі бір тақырып деген жоқ. Саясат та бар, өмірлік мәні бар кеңестер де бар, әзіл де бар. Ал кейде мемлекеттік органдар өздері шығып, көмек сұрап жатады. Белгілі бір мәселені я болмаса бір бағдарламаны халыққа жеткізу үшін блог түсіріп, өзіміздің көмегімізді беріп жатамыз. Бұл да елдің игілігіне асып жатыр. Сондықтан блогерлерге керісінше еркіндік беру керек. Бірақ, менің ойымша ойы,

санасы бар адам артық кетпейді. Заң бәріне ортақ. Тағы бір айтар ұсынысым, қайта қоғамға пайдасын тигізіп жүрген блогер жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі керек. Яғни, олардың дамуына, өсуіне жағдай жасалса деймін. Міне, сонда олар жақсы, сапалы контент түсіріп, жастарды ынталандырып, дұрыс жол көрсетер еді. Одан бөлек ата-анаға құрмет көрсету, отбасылық құндылықтарды сақтау сынды тақырыптар көптеп айтылар еді.



Майя ШУАҚБАЕВА, «Еуразия Бірінші арнасының» меншікті тілшісі:

Инфлюенсерлерден де дәл осыны талап ету қисынды әрі заңды деп санаймын. Қазір блогерлер мен түрлі желілік «сарапшылар» бір жерден - GPT, Google немесе басқа ақпарат көздерінен көшіріп алған кеңестерін айта береді. Жүздеген алаяқтар өздерін дәрігер, психолог, брокер және т.б. етіп көрсетуде. Ал қарапайым халық оларға сеніп, сондарынан еріп кетеді. Бұның соңы түрлі өкініштерге әкеп жатады. Менің ойымша, Instagram-да блогердің кәсіби дипломы мен ғылыми дәрежесін растайтын белгі енгізілсе, нақты мамандарға деген сенім деңгейі арта түсер еді. Нағыз кәсіби адамдар бұдан қорықпайды, мұндай нормаға қарсы болатындар - тек дилетанттар.

«Алаңды» үйлестірген - Тілеуберді САХАБА.

ҚАУІПСІЗДІК

Шекара қызметінің маңызы

Торайғыров университетінде Қазақстан Республикасы Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінің 25 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Аружан ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

Іс-шараға әскери қызметшілер, ардагерлер, академия мамандары, университет ғалымдары мен қала колледждерінің студенттері қатысып, шекаралық қауіпсіздік жөніндегі маңызды мәселелерді талқылады.

Конференцияның мақсаты - шекаралық қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін талқылау, патриоттық

тәрбиені дамыту және қауіпсіздік саласында білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты нығайту.

Қазақстан Республикасы Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі бөлімінің аға офицері, майор Олжас Баяубаев шекара қызметінің 25 жылдық жолына тоқталып, солтүстік шекараның ел қауіпсіздігіндегі маңызын атап өтті. Ол жас буынның патриоттық тәрбиесін күшейту және білім беру

ұйымдарымен бірлескен жұмысты жалғастыру қажеттігін айтты.

Алғаш болып Торайғыров университетінің ректоры Нұрлан Медетов сөз сөйлеп, тарихи сананы сақтау мен мемлекеттік қауіпсіздікті нығайтудың маңызды екенін айтты. Облыс бойынша Шекара қызметі департаментінің басшысы Мадияр Жұмаділов шекарашылардың тұрақтылық пен білім беру мекемелерімен ынтымақтастықтағы рөлін атап өтті.

Сонымен қатар, онлайн форматта

Шекара академиясының спикерлері мен «Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушылары патриоттық тәрбие, жасөспірімдердің психикалық денсаулығы және тарихи мұраның маңызы туралы өз зерттеулерімен бөлісті.

Жиынға қатысқан ИНЕУ жоғары колледжінің 3-курс студенті Байсал Елжас конференцияның өте түсінікті әрі мазмұнды өткенін, бұл шара өңір үшін маңызды, нақты пайдасы бар оқиға болғанын жеткізіп, шекарашыларға құрметін білдірді.

Павлодар қаласы әкімінің орынбасары Қадиха Беготаева өкіл ретінде қатысып, әкімшілік атынан шекара қызметіне алғыс сөзін



жеткізді. Конференция соңында қатысушыларға арнайы алғыс хаттар табысталып, мерекелік марапаттау өтті.

Ауыл-аймақ

ЕКІБАСТҮЗ ҚАЛАСЫ

Құрылыс қарқынды жүріп жатыр

Екібастұз қаласында тұрғын үй құрылысы қарқынды түрде дамып келеді. Қаңырап қалған көпқабатты баспаналар қайта қалпына келтіріліп, жаңа тұрғын үйлер бой көтеруде.

Таяуда шаһар басшысы Аян Бейсекин құрылыс алаңдарына арнайы барып, жұмыс барысымен танысты. Жоспар бойынша, 4-інші шағын ауданда 160 пәтері бар 4 тұрғын үй салынбақ. Бүгінде бес қабатты баспананың екеуінің құрылысы аяқталуға таяу. Үйлерге барлық инженерлік коммуникациялар тартылған. Ал мердігерлер алдында аумақты абаттандыруға қатысты ауқымды іс тұр.

- Сонымен қатар, көп жылдан бері қаңырап тұрған Энергетиктер көшесіндегі 36 пәтерлі тұрғын үйдің құрылыс барысымен таныстым. Қазір ғимараттың қасбетін ретке келтіріп, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Жылу желілеріне қосылу жұмыстарын жеделдетуді тапсырдым. Осы құрылыс компаниясы Энергетиктер көшесіндегі тағы бір бос тұрған ғимаратта 36 пәтерлі тұрғын үйді қайта жаңартуда, - деді шаһар басшысы.

Бұдан бөлек, биыл қаладағы 2-нші шағын ауданда 180 пәтерге арналған бес қабатты 3 тұрғын үйдің құрылысы

аяқталды. Сол сияқты 9-ыншы шағын ауданда 120 пәтерге шақталған бес қабатты екі тұрғын үйдің құрылысын бастауға дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

Қала әкімінің айтуынша, шаһарда жыл сайын бюджеттік және инвестициялық қаржы есебінен 100-120 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салу мақсаты тұр.

Өз тілшіміз.



ТЕРЕҢКӨЛ АУДАНЫ

Саябақта - санитарлық тазалық

Қоршаған ортаның тазалығына әркім жауапты екенін бүгінде жиі айтамыз. Оны іспен дәлелдеп жүргендер де баршылық. Мәселен, тереңкөлдік белсенділер «Таза бейсенбі» экологиялық марафонын ұйымдастырып, бір көше бойын күл-қоқыстан тазартып шықты.

Игі іске «Жастар рухы» белсенділері, аудандық мәслихат депутаттары, Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясына осылайша үн қосуды жөн көрген. Олар аудан орталығындағы Ахметқали Тезекбаев көшесіндегі саябақ аумағында санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізген. Марафонға қатысушылар тұрмыстық

қалдықтарды жинап, жаяу жүргіншілер аймағын ретке келтірген.

Іс-шара арқылы ұйымдастырушылар ауылдың экологиялық жағдайын жақсарту ғана емес, сондай-ақ, тұрғындарды тазалық пен қоршаған ортаға ұқыпты қарауға шақыруды мақсат еткен.

Г.ТҮГЕЛБАЙ.

ЖЕЛЕЗИН АУДАНЫ

Жаңа аппарат алынды

Железин аудандық ауруханасын жаңа жабдықтармен толықтыру жалғасуда. Кезекті заманауи аппарат плазманы, қанды, оның компоненттерін және инфузиялық ерітінділерді ерітуге, жылытуға қолданылады.

Аудандық аурухананың мәліметіне сүйенсек, бұл құрылғы операциялық, реанимация палаталарында, күйік бөлімдерінде инфузиялық-трансфузиялық терапия жүргізілетін барлық жерде кәдеге жаратылады. Мамандар ерітінділер мен қан компоненттерін жылыту қауіпсіз емнің маңызды шарты екенін айтады. Аппаратпен жылыту гипотермия қаупін

төмендетіп, асқынуларды азайтуға және науқастардың жағдайын жақсартуға әжептәуір көмектесетін көрінеді. Бұл дегеніңіз тұрғындарға көрсетілетін көмектің сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Г.МАҒЖАН.

МАЙ АУДАНЫ

Әлеуметтік дүкен ашылды

Малайсары ауылдық округіне қарасты Жаңасарай ауылының белді азаматы, «Мұхаммед» шаруа қожалығының жетекшісі Мейрамбек Сағындықов мемлекеттік «Ауыл аманаты» бағдарламасының қолдауын пайдаланып, жаңа кәсіпкерлік бағытты қолға алды.

Соның нәтижесінде аудан орталығы Көктөбе ауылында «Жаңасарай» әлеуметтік дүкені ресми түрде ашылды.

Мейрамбек Сағындықовтың айтуынша, әлеуметтік дүкен ашу идеясы ауылдағы сұраныс пен тұрғындардың өтінішіне негізделген.

- «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы берілген мүмкіндік жаңа кәсіп бастауға серпін берді. Ендігі мақсат - тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп, отандық өнімдердің қолжетімді болуына үлес қосу, - дейді кәсіпкер.

Дүкен сөрелерінде күнделікті тұтынатын негізгі азық-түлік өнімдері,

тұрмыстық тауарлар, жергілікті ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өнімі ұсынылмақ. Әлеуметтік дүкен форматы бағаны тұрақты ұстап тұруға және делдалсыз сауда жүргізуге бағытталған.

Жобаның іске қосылуы аудандағы кәсіпкерліктің белсенділігін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Жергілікті билік өкілдері мұндай бастамалардың ауыл экономикасының дамуына ықпал ететінін атап өтті.

А.БОРАНБАЕВА.

АҚТОҒАЙ АУДАНЫ

Байқауда топ жарды

Балалар шығармашылығын дамытуға арналған республикалық деңгейдегі «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер байқауы өз мәресіне жетіп, үздік өнерпаздар анықталды. Солардың бірі - Ақтоғай балалар өнер мектебінің дарынды тәрбиеленушісі Айлана Сәкенова.

Айлана «Қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше» аталымында 1-орынды иеленіп, ауданның атын республикалық деңгейде тағы бір мәрте асқақтатты. Бұл жетістік - тек таланттың емес, еңбекқорлық пен табандылықтың жемісі. Жуырда оған заманауи смартфон табысталды.

Балаларды бағалау кезінде қазылар алқасы олардың техникасына, композициялық шешімдеріне, идеяларының жаңашылдығына және жалпы шығармашылық қабілетіне аса мән берді. Айлана барлық критерий бойынша жоғары баға алып, ісіне деген жауапкершілігі мен шеберлігін көрсете білді.

А.ЖЕҢІСҚЫЗЫ.



АҚҚУЛЫ АУДАНЫ

Қысқа әзірлік мығым

Ауданда «Қыс-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу шеңберінде төтенше жағдайлар қызметінің қысқы кезеңге дайындығы пысықталды.

Аудан әкімі Руслан Мұқановтың басшылығымен өткен маңызды шара аясында төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы жеке құрамның, техниканың әзірлігін баяндады. Оқу-жаттығу кезінде өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері, алғашқы медициналық көмек көрсету қызметі, электр қуатының тұрақтылығын қамтамасыз ететін мамандар өз жұмыстарын көрсетті. Оқу-жаттығу барысында қыс мезгілінде боран, көктайғақ, аяз салдарынан туындайтын төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері пысықталды. Қысқы мезгіліне Аққулы ауданында 24 жылыту пункті дайындалды. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында 104 адамнан тұратын күштік құрылым мен 30-дан астам арнайы техника жасақталды. Оның ішінде қар тазалайтын, инженерлік,

эвакуациялық техникалар бар. Сонымен қатар, Аққулы ауданының төтенше жағдайлар бөлімшесінде кез келген жолға шыдамды - «Трекол» көлігі де әзір. Мамандар қыс мезгіліне дайындық мығым екенін жеткізді.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Кәсіпкер Бақытбек Баткеев:

Қоғамдық жұмысты жандандыру



Біздің облыста алтын уақыты мен қалтасындағы қаражатын ел игілігі үшін жұмсаудан аянбайтын, қашан да қоғамдық мәселелердің бел ортасында жүретін бір қауым бар. Солардың қатарына Павлодар аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы, жеке кәсіпкер Бақытбек Баткеевті де қоса аламыз. Жақында қоғам белсендісімен арнайы жолығып, әңгімелескен едік.

– Бақытбек Тілеубайұлы, сізді кәсіпкер, меценат ретінде білеміз. Өзіңіздің негізгі мамандығыңыз қандай? Қай салаларда еңбек еттіңіз?

– Менің туған жерім - Ақтоғай ауданы, бірақ Павлодар ауданының Жертұмсық ауылында өскем. Мамандығым - инженер, механик. Әкем кішкентай кезінде Кемеров балалар үйінде өсіпті, одан кейін оқып-тоқып, ұстаздық етіп, мектеп директоры болған. Мен 1964 жылы сол Жертұмсық ауылындағы 8 жылдық мектепке бірінші сыныпқа барғам. Кейін ол мектепті жауып, бізді бесінші сыныпта Заряның мектебіне ауыстырды. 1974 жылы сол мектепті бітіріп, Павлодар трактор зауытына жұмысқа кеттім. Плотник-станокшы мамандығын игердім. 1976 жылы Индустриялды институтқа оқуға түстім. Оған зауыттың жолдамасымен бардым. 1981 жылы инженер-механик мамандығын алып, тағы зауытқа бардым. Онда шебер, аға шебер, участок бастығы, бөлім бастығы сынды жұмыстарды атқардым. 1993 жылы зауыт жабылған соң жеке кәсіп ашуға тура келді. Сонда осы трактор зауытына 15 жылға жуық уақытымды арнаппын. Тоқсаныншы жылдары жеке кәсіппен айналысу, оны жүргізу өте қиын болды. Соған қарамастан, көп жұмыс атқарып, мал жинадық, егін ектік. 2013 жылы Павлодар машинажасау колледжіне оқытушылыққа шақырды. Сол жерде 8 жылдай арнайы пәндердің ұстазы болып көптеген машинажасау саласының мамандарын даярладым, сол колледжден зейнетке шықтым.

– Кеңес Одағы құлаған кезде Павлодардағы өндіріс ошақтарының, алты зауыттарының тоқтағанын көзіңіз көрген болар...

– Иә, Павлодардың өндірістік аймағы көзалдымызда құлап, күйреп жатты ғой. Мысалы 26 мың адамға жұмыс беріп, дүркіреп тұрған алып Павлодар трактор зауыты бір күнде тоқтап қалды. Өндірістік нысандар аукционмен сүтегіне сатыла бастады. Әлі есімде, химиялық зауыттың жалпы аумағы мың шаршы метр болатын үлкен

бір цехы мың теңгеге сатылған күндер болды. Ал трактор зауытының бір цехы 140 мың теңгеге кетті. Оның ішінде станоктар толып тұрды. Әділ түрде бағалайтын болсақ, оның бір есігінің өзі 140 мыңнан арзан тұрмайды. Себебі, мемлекетте ол өндірістерді жүргізетін шама қалмады. Сол себепті бәрі жаппай құнсызданды. Қазір ойлаймын, егер соның бәрін таланттарға салмай сақтап қалғанда осы күнде өндіріске дайын тұратын еді. Жалпы, Кеңес үкіметі тұсында Павлодардың индустриялық өнеркәсібі

– Жалпы, қоғамдық жұмысқа келуіңізге не себеп болды? Ел ісіне араласуыңыз қалай басталды?

– Біз бірнеше формациядан өткен буынбыз ғой. Кезінде октябрат, пионер, комсомол болдық. Сол кезден бастап қоғамдық жауапкершілік деген дүние қанымызға сіңген. Яғни, сенің жеке басыңнан қоғам бірінші тұруы керек. Міне, осы ұғымды қанымызға сіңіріп өскен ұрпақпыз. Сондықтан, мен қоғамдық жұмысты мектеп оқушысы болып жүргенде бастадым десем де болады. Мен өнеркәсіп саласында жүрсем де, кәсіпкер болсам да қоғам жұмысына араласып жүрдім. Алғаш кәсіпке келгенде

сында Щербинаның 1897 жылғы жазылған «Расселение киргизов Павлодарского уезда» деген еңбегін таптық. Одан Жертұмсық туралы көп дерек шықты. Зерттеуші 1897 жылы осы жаққа келген ғой. Сол сапарында ауылдың қалай қалыптасқанын жазған. Сол деректерге сүйене отырып, 2007 жылы 160 жылдығын, 2017 жылы 170 жылдығын тойладық. Енді 2027 жылы 180 жылдығын тойлаймыз. Бірақ осыған сенбегендер де болды ауылдастар арасында. «Жуырда ғана совхоздың 45 жылдығын тойладық, Кеше ғана құрылған совхозда қайдағы 160 жыл» дегендер болды. Оларға Қани ағамыз «Өлгендерің тіріліп, өшкендерің алдарыңа келіп отырса,

қауым да орынды ұсыныс деп санаған еді. Өздеріңіз білесіздер, біраз жыл бұрын «Рухани жаңғыру» деген жақсы бағдарлама болды. Сол арқылы көп дүние жарыққа шықты ғой. Бізге сол бағдарлама дәл қазіргі күні керек-ақ! деген қор ашып, жұмыс бастап едік. Кезінде осы қормен Үміт апа ауылындағы мешітке жөндеу жұмыстарын жүргізіп, апамыздың зиратын абаттандырдық. Ол қорды өлі жаппай отырмын. Осыны қайта қолға алатын кез келеді деп сенемін. Оның қажеттілігі енді туындайды деп ойлаймын. Бірақ, оны шоуға, жеңіл-желпі іс-шараға айналдырып жіберуге тағы болмайды. Қазақтың тарихын жаңғырту, ұлттың санасын ояту бағытында жұмыс істеуіміз керек. Жақында өңірге Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев келді ғой. Сол кісі бір жақсы ұсыныс айтты. Ол: «Қазақтың тарихын Жошы ханнан бастап қарау керек» деген пікір айтты. Рухани жаңғыру дегеніміз осындай істермен айшықталуы тиіс. Себебі, біздің тамырымыз өте тереңге жайылған ұлтпыз.

– Өзіңіз қоғамдық жұмысты барынша жандандырып, қоғам белсенділерін қолдау керек деген пікірді жиі айтты жүресіз. Осы ойыңызды түсіндіріп кетсеңіз...

– Жалпы, елдің жоғын жоқтап, барын түгендейтін қоғам белсенділерінің ұлт үшін пайдасы өте зор. Сондықтан, аймағымызда үкіметтік емес ұйымдар көптеп тіркеліп, қоғамдық ұйымдардың жұмысын одан ары жандандыру керек. Елдің еңсесін көтеріп, жұрттың көзін ашатын, халықты оятатындар да осылар. Сол себепті мен қоғамдық жұмыс деген ұғымды барынша қолдаймын. Тек бағыты дұрыс болуы керек. Жергілікті басқа да бауырлас ұлт өкілдері белсенді жұмыс істеп жатыр. Мысалы, Ассамблея дейміз, «География үйі» дейміз, осындай ұйымдар өте белсенді. Біз олардың көлеңкесінде қалып қоймауымыз керек. Ертең осы үкіметтік емес ұйымдардың сөзі жүретін, олардың пікірімен санасатын кез болады. Яғни, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, жергілікті ауыл, аудандар мен көшелердің атауын өзгерту кезінде олардың пікірі маңызды болады. Сондықтан, ұлттық мүддеге жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдарды қолдап, олардың санын көбейтудің маңызы өте зор. Бұл дегеніміз қоғамды өзін-өзі басқаруға беру деген сөз. Көптеген шет мемлекеттер осы жүйені қолданып, тез дамып кетті. Еуропаның көп елдерінде көп нәрсені ел өзі шешеді. Неге

«...Еуропаның көп елдерінде көп нәрсені ел өзі шешеді. Неге десеңіз, күштің бәрі халықта. Халық қозғалса бәрі шешіледі. Ол үшін ел оянуы қажет. Кезіндегі Міржақып Дулатовтардың көздегені де осы болатын. Сондықтан, қоғам белсенділерін қолдауды жаңа деңгейге шығару керек...»

шарықтап тұрған еді. Біздің зауытқа 600-ден астам өнеркәсіптен жабдықтаушы құралдар келетін. Біз Орта Азияда конвейермен жинайтын жалғыз зауыт болдық. Бұл зауыттан біз инженер ретінде көп тәжірибе алдық. Мамандар да мықты болды, индустриялды институт өте сапалы дайындайтын. Бізде Макар Мусаевич Жасимов деген техника ғылымдарының докторы болды. Талай мықты инженер мамандарын шығарды ол кісі. Соңғы курста үш ай Мескеуде атақты «Москвич» машинасын құрастыратын зауытта болдық, онда жан-жақтан студенттер келетін. Сол кезде павлодарлық студенттердің білімі көш ілгері болатын. Елді жабайы нарық жаулап, әркім білгенін істейтін заман болды. Әр жерде түрлі «бригадалар» құрылып, өз ықпалдарын жүргізді. Біз де дәл сол тұста бизнеске келіп, сол оттың дәл ортасында жүрдік. Тіпті, кешке үйге аман келеміз бе, келмейміз бе деп шығатын да күндер болатын еді. Аллаға шүкір, бәрінен аман өттік. 1993 жылы інім екеуіміз жеке шаруа қожалығын аштық. Мемлекетке салығын төлеп, барлығын заңды түрде жасадық. Ол кезде банктердің пайызы орасан жоғары болатын. Біз банктен 250 пайызбен несие алатынбыз. Қазір осыны айтсаң, көрмеген адам сенбейді. Алғашында 35 сиыр алып бастаған болатынбыз. Содан бір жылдан кейін әлгі қара малдың барлығын бруцеллез деп танып, түгелін тапсыртты. Ол кезде ет комбинаттары мен ветеринарлардың арасында қатты сыбайластық болатын. Содан кейін егінге шығып, жер шаруашылығымен айналыстық.

де елге қол ұшын беріп, шамамыз келгенше көмектестік. Ол кезде совхоздар құрып жатты. «Анау жоқ, мынау жоқ. Техника керек» деп хабарласады әкімдер. Содан кейін тарих, өлкетану жағына ден қоя бастадым. Жертұмсық ауылының тарихын зерттедім. Біздің ауылда Қани Ғаббасов деген ақсақал болды. Одан бөлек, ауылымызда 11 молда болды, солардың шапанына оралып, әңгімесін тыңдап өстік. Сол Қани ағаның бір қыс жанында болып, әңгімесін тыңдадым. Нағыз шежіре адам, есте сақтауы мықты еді. Ұлы Отан соғысына аттанғандар туралы көп тарихи дерек берді. Өзі де - соғысқа қатысқан адам. Біздің ауылдан 52 адам соғысқа аттанып, 12-сі ғана келген. 40 боздақ майдан даласынан оралмады. Майданға ауылдан 4 арба болып аттаныпты. Сонда қай арбада кім отырғанын, оның руы кім, ауылда оның ұрпақтары барма дегенді айтып беретін. Сонымен ауылдың үлкендерімен ақылдаса келе боздақтарға монумент орнатуға кірістік. 2007 жылы аудан әкімі Ермағамбет Бөлекбаев деген жігіт еді. Қазір Қарағанды облысын басқарады. Өте іскер азамат болатын. Сол кезде көп дүние істедік. Өзі қоғамға сондай ашық әкім болды.

– Бір жылдары өзіңіз өскен Жертұмсықтың 160, 170 жылдық мерейтойларын атап өттіңіздер ғой. Ауыл тарихын қалай зерттедіңіз, қандай дерекке негіздедіңіздер?

– Жалпы, қазақтың қай ауылының тасын түртсеңіз, астынан тарих шығады. Жертұмсық та солай. Біз ауылдың тарихын зерттеу бары-

бұл не қылған сандырақтарың» деп біраз ұрысты. «Менің өзім 90 жасқа келдім, мен осында тудым, оның алдында да ел болды мұнда. Ел болмаса, біз қайдан пайда болдық» деп жетесіне жеткізіп айтты. Шыны керек, біздің қазақтардың өзі совхоздың тарихынан ары ештеңеге қарағысы келмеді. Осылайша шынайы ұлт тарихын жоққа шығарғысы келгендер болды. Себебі, олар Кеңес үкіметінің тарихына әбден иланған, саналары уланған. Міне, біздің жанталасып жүргеніміз де осындай жұрттың көзін ашу, санасын ояту еді. Заря жақта Подстепка деген жер бар. Сол жерді бұрын «Зергер» деп атапты. Бала күнімізде үлкендердің «Зергерге бардық» деген сөзін жиі еститініміз ғой. Кейін соны зерттеп, сұрастыра бастадым. Сөйтсем, бұл ғасырлар бұрынғы атау екен. Қазіргі Заряның атауы сол «Зергер» сөзінен шыққан деп түйіндеймін. Сондықтан, бұл ауылға өзінің тарихи атауын қайтару қажет деп санаймын.

– Бір жылғы Павлодар ауданының атауын Маралды деп өзгерту жөнінде мәселе көтердіңіз. Бұл бастамаңызды да жергілікті ел жақсы қабылдады. Бірақ, жоғары жақтан бір талпыныс болмады-ау деймін...

– Иә, бұрынғы Маралды болысы жерінің 60 пайызы қазіргі Павлодар ауданының аумағына қарайды. Маралды көлінің де көп бөлігі біздің ауданымыздың аумағына кіреді. Бірақ, менің бұл бастамамды сол кездегі әкімдер қолдаған жоқ. Сол себепті жабылып қалды. Әйтпесе, халық қолдады, зиялы



Болашақ үшін маңызды

десеңіз, күштің бәрі халықта. Халық қозғалса бәрі шешіледі. Ол үшін ел оянуы қажет. Кезіндегі Міржақып Дулатовтардың кездегені де осы болатын. Сондықтан, қоғам белсенділерін қолдауды жаңа деңгейге шығару керек. Себебі, олар біздің алтын қорымыз ғой. Олар - өзі үшін емес, елі үшін алтын уақыттары мен қаражаттарын қоғам игілігі үшін жұмсап жүрген жандар. Мұндай қадамға кез-келген адам бара алмайды. Балаларды мемлекетшілдікке көп тәрбиелеу керек. Мен бұл бағытты барынша ұмытпай келемін. Ауылда «Елім Жертұмсық» деген топ бар, оған мектеп оқушыларын тарттық. Өткен жазда ауылда 75 шырша отырғыздық. Балалар жаздай соны суарып, күтіп-баптаумен айналысады. Сонымен қатар, гүл өсіріп, ауыл көшелерін көгалдандыру бағытында жұмыс істейді. Міне, мұндай ұйымдар әр мектепте керек. Бұл - балалардың ауылдың тазалығына, экологиясына деген көзқарасын қалыптастыратын қадам. Сонымен қатар, әр мектепте батырлардың атымен патриоттық сыныптар ашу қажет.

- Аймақта ономастика мәселесі-дүрысжүрмейтұрған салалардың бірі. Павлодар ауданының өзінде қаншама ауыл сол кеңестік кезеңдегі атаулармен тұр.

- Бізде ономастикамен шұғылданып мамандар өз жұмысын толық атқаруда деп айта алмаймыз. Олар өз жауапкершіліктері мен міндеттерін толық білмейді. Олар қатардағы шенеуніктер ғана. Жұмысқа келіп, күндерін өткізсе болды. Бұл - бір. Екінші осы салада трибализм дерті асқынып келеді. Мысалы, бір рудың адамдары ұйымдасып, өздерінің ата-балаларын ғана ұлықтай береді. Сонын ескерткіш қояды, көшеге атын ұсынады. Ал бүкіл ел мен жер үшін өмір сүрген, керек десе жанын қиған тұлғалардың еңбегі елеусіз, есімі іздеусіз қалып қояды. Мысалы, кезінде қызмет барысында қайтыс болған полиция маманы Ормантаевтың есімін туған ауылы - Чернорецк көшесіне бере алмай келеміз.

- Бір кезде баспасөз бетінде сіз туралы біраз жағымсыз ақпараттар жарияланды. Жергілікті билік өкілдерімен соттасқаныңызды білеміз...

- Иә, ондай жағдайлар болды. Жалпы, мен әкімдермен үш-төрт мәрте соттасып, бәрінде жеңіп шықтым. Олардың бірде-бір жаласы расталған жоқ, бәрі жалған болып шықты. Николай Дычконның тұсында ҚР Жоғарғы сотына дейін бардық. Ол былай болды. Жоғарыда айтқандай, ауылды көгалдандыруға және мектеп оқушыларын еңбекке баулуға бағытталған арнайы жобаларым болды. Барлығын өзім қаржыландырып отырдым. Ауыл балалары жазғы демалыс кезінде шырша отырғызып, гүл егеді. Сонымен қатар, соғысқа қатысқан жерлестерімізге

арналған монументтің айналасын күтіп, ретке келтіреді. Мұғалімдер балаларға сол батырлар туралы айтып, құнды тарихи деректермен бөліседі. Содан бір күні балалар шырша, гүл суарып жүргенде су тоқтап қалады. Жетекшілері бірден маған хабарласады, мен аудан әкімінің орынбасарына айтамын. Ол ауыл әкіміне тапсырма берген. Бәрі сол жерде басталған, неге екені белгісіз, ауыл әкімі біраз ашуланып, балаларды қорқытқан көрінеді. Мен оған бейжай қарай алмай, балаларды қорғап, кешірім сұрауды талап еттім. Бірақ олар өз кінәларын мойындағысы келмей, менің үстімнен арыз жазып тастапты. Яғни, ауыл әкімінің қылығын ақтап алғысы келген секілді. Сонымен Жоғарғы сотқа дейін барып, соңында маған жапқан жалалары дәлелсіз болып шықты. Негізі, осының бәрін артында сол кездегі аудан әкімі тұрған еді. Сонымен, мен ақталған соң өзі келіп, кешірім сұрады. Ал 2012-2013 жылдары да келенсіз оқиғалар болды. Бірде Черноярка жақтан бос тұрған ғимаратты 120 млн теңгеге сатып алатын болады. Бірақ, оның нақты құнын жақсы білемін, иесін де жақсы танымын. Ғимараттың құны ары кетсе 20 млн тұрады. Содан мәслихаттың сессиясында мен әлгі ғимаратты сатып алуға қарсы шықтым, басқа депутаттардың барлығы аудан әкімінің ұсынысын қолдап, дауыс берді. Сонда да мен бұл нысанды алғызбаймын деп бекініп, соңына дейін күрестім. Ол кезде облыс әкімі Ерлан Арын болатын. Бірден сол кісінің қабылдауына жазылып, болған жағдайды баяндадым. Соның арасында олар бүкіл келісімшартты әзірлеп, төлем жүргізуге дайындап қойған екен. Бірақ, осы әрекетімнің нәтижесінде барлық құжаттар кері қайтарылып, 120 млн теңге аудан бюджетінде қалды. Сол ақшаға ауылдарға құрылыс жобаларын жасатып, мектептерге жеті автобус сатып алдық.

- Кейбір мемлекеттік қызметшілердің «осындай әрекетінен кейін қасқырға қой бақтырып» отырмыз деп ойламайсыз ба?

- Көпке топырақ шашудан аулақпын. Дегенмен, көп мемлекеттік қызметшінің жалғыз көздегені - қалтасын толтырып қалу. Яғни, жемқорлық індеті болашағымызды жегі құрттай жеп жатыр. Сондықтан, бұл жүйені өзгерту керек. Менің бар үмітім жасанды интеллектте. Барлық жүйе цифрлық форматқа ауысса, жемқорлық біраз болса да азая ма деп ойлаймын. Екінші жолы - билікке саналы жастарды өкелу. Үшіншісі - қоғамдық сананы жаңғырту. Анығын айтқанда, қоғамның санасын оятып, болашаққа деген бағдарды айқындау, нақты бір мақсат пен мүдде жолында күресуге үйрету. Бұл жерде қоғамдық ұйымдар мен қоғам белсенділерінің атқарар рөлі зор. Сонымен қатар, жергілікті билік қандай бір жобаны қолға алған кезде оны халықпен

бірігіп орындаса, бірігіп шешім қабылдаса. Яғни, жауапкершілік екі жаққа бірдей жүктелу керек. Сол кезде ғана халықтың билікке деген сенімі оянады. Әйтпесе, қазір халықтың билікке деген сенімі азайған. Мысалы, жақында бір ауылда әкімнің сайлауы болды. Соған жұрт дауыс беруге дұрыс жиналмады. Неге жиналмайсыздар десек, «кім келсе де бәрібір, дым өзгермейді» дейді. Шындығына келгенде, билік өз сенімін өзі жоғалтып алды. Бұл - өте қауіпті құбылыс. Ертең қандай бір жағдай болса халық жиналыс әкімдікті қорғай ма?! Бұған ешкім сенім бере алмайды. Дегенмен кейінгі уақытта мемлекеттік қызметке жанашыр жастар келіп жатыр. Мысалы, қазіргі ауданы әкімі Дидар Ибраев елмен жақсы байланыс орнатуда.

- Сіз өзіңіз аудандық қоғамдық кеңесті басқарып келесіз. Жалпы, бұл ұйым өңірге пайдалы не істеп жатыр?

- Келесі жылы қоғамдық кеңестердің құрылғанына 10 жыл болады. Бұған дейін өз міндетін толық орындады деп айта алмаймын. Себебі, жергілікті жердегі мәслихаттардың көлеңкесі сияқты ғана көрініп жүрді. Кеңеске көбінде ел алдында жүрген белсенді азаматтарды ғана мүше етіп сайлап қойды. Бұл - сыртқы көрінісі. Қоғамдық кеңес көбінде қандай да бір жерде шу шықса, соны басу үшін жұмыс істейді. Яғни, сол жердегі мәселемен емес, сол мәселені көтерген адаммен күреспіп кетеміз. Әрине, қоғамның қауіпсіздігі маңызды. Бірақ, оның шешімі бұлай елді тұншықтырып ұстау емес. Бұл - ескі тәсіл. Мұндай қадаммен біз алға жылжи алмаймыз. Мәселенің шыққан төркініне көз жүгіртіп, проблеманың алдын алу керек. Сосын қоғамдық кеңес мемлекеттік қызметшінің адвокаты емес. Егер бұлар қаласа, әкімді де жұмыстан шығарып тастайтын немесе сегіз жариялай алатын құзыреті болу керек еді. Сондай-ақ, кеңестің әрбір шешімінің нәтижесі болуы тиіс.

- Бір жылдары Павлодар ауданының орталығын Павлодарское ауылына, одан кейін Кемеңгерге көшіру керек деген бастама болды ғой...

- Иә, ондай бастама болды. Бірақ, оған мен тікелей қарсы болдым. Себебі, оның шығыны өте үлкен. Аудан орталығын қаладан ауылға апару үшін бюджеттен 20 млрд теңге қаражат керек екен. Екінші бұл халыққа да қолайсыз. Себебі, ауданның ауылдары бір бағытта ғана емес, жан-жақта орналасқан ғой. Мысалы, Заряның тұрғындары аудан орталығына бару үшін бірінші қалаға келу керек. Яғни, екі жүріс жасайды. Бұл біреуге жеңіл болғанымен біреуге ауыр тиюі мүмкін.

- Әңгімеңіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан -
Тілеуберді САХАБА.

ДЕНСАУЛЫҚ

Қай емханаға тіркелдіңіз?

Көпшіліктің денсаулық сақтаудағы маңызды мәселесі – өзіне қолайлы, сапалы қызмет көрсететін емханаға тіркелу. Жыл сайын өтетін еркін тандау кампаниясы дәл осы мүмкіндікті береді. Биыл Павлодар облысында бұл науқан қалай өтті?

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингке облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастапқы медициналық-санитарлық көмек жөніндегі үйлестіруші Айгүл Абылхасан және Ақсу қалалық ауруханасының медициналық бөлім басшысының орынбасары Күннұр Фарид қатысты.

Айгүл Жеңісқызының айтуынша, елімізде 1 қыркүйек пен 1 қараша аралығында тұрғындардың медициналық ұйымды еркін тандау кезеңі өтеді. Қазір Павлодар облысында 30 медициналық ұйым жұмыс істейді, оның жартысы - мемлекеттік, қалғаны - жекелей клиникалар. Тіркелу электронды үкімет арқылы да, тікелей медициналық ұйымға жүгіну арқылы да жүзеге асады. Маман тіркелудің маңызын түсіндірді.

Кампания кезінде таңдалған емхана қызметін тұрғындар жаңа жылдан бастап, яғни 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ала бастайды. Бұрынғы ұйымнан автоматты түрде шығарылады.

Ерекше санаттағы азаматтар – зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, бас бостандығы шектеулі азаматтар және басқа қаладан білім алатын студенттер өтініш беру арқылы да тіркеле алады.

2025 жылғы кампания қорытындысы бойынша, облыста 1024 тұрғын медициналық ұйымға ауыстырған. Басым бөлігі жеке-меншік клиникаларды таңдаған. Өткен жылмен салыстырғанда тіркелушілер саны артқан.

Мамандар жүктемеге байланысты шектеулер бар екенін де атап өтті. Әрбір терапевтке, жалпы тәжірибе дәрігеріне немесе педиатрға бекітілетін халық санының өз нормасы бар. Егер таңдалған емхана учаскеде бұл көрсеткіш асып кетсе, науқасқа басқа нұсқа ұсынылады.



Брифингте электронды кезек қолжетімділігі жайлы сөз болды. Дәрі-дәрмек беру, қан тапсыру, флюорографиядан өту сияқты сұранысы жоғары қызмет түрлеріне толық электронды кезек енгізілген. Ал дәрігерге жазылу уақыты нақты көрсетілетін жүйе арқылы жүргізіледі, бірақ мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен шұғыл жағдайлар кезексіз қабылданады.

Тұрғындарға тіркелетін медициналық ұйымды тұрғылықты жерге жақын тандаудың маңызын да ескертті. Бұл өсіресе медициналық қызметкерлердің үйге барып көмек көрсетуді қажет ететін жағдайларда аса қолайлы.

Аружан ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ.



Осы мақаланың аудиожазбасын QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.

Ананың саулығы – сәби болашағы

Павлодарда жүкті әйелдер мен жаңа туған сәбилерге көрсетілетін көмек жетілдіру үстінде. Мамандар перзентханалардағы жаңартулар мен өзекті мәселелерді түсіндірді.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Перинаталдық орталықтың жаңартылуы, бала өлімі, жасөспірімдер жүктілігі және шалғайдағы әйелдерге қолдау көрсету мәселелері талқыланды. Биыл пренаталдық диагностика орталығы ашылып, желтоқсанда қашық ауылдардан келетін аналарға арналған «Сау ана» жатақханасы пайдалануға беріледі. Бұл әйелдерге бір күн ішінде толық тексеруден өтуге мүмкіндік береді.

Павлодар облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысының орынбасары Гүлнар Буратаева және облыс бойынша преградидарлық дайындық үйлестірушісі, №5 қалалық емхананың жалпы тәжірибе дәрігері Әсем Жүнісова ана мен бала денсаулығына қатысты өзекті сұрақтарға жауап берді.

Мамандар жүктілікті алдын ала

жоспарлаудың маңызын атап өтіп, көптеген асқынуларды жүктілік басталмай тұрып анықтауға болатынын айтты. Сондай-ақ, кенеттен болатын нәресте өлімінің алдын алу бойынша аналарға түсіндіру жұмысы жүзеге асып отыр.

Облыстағы нәресте өлімі көбіне шала туған және салмағы аз балалар арасында тіркеледі. Соған қарамастан, перинаталдық орталықта соңғы 10 айда 32 күрделі ота жасалып, сәбилердің өмірі құтқарылды.

Жасөспірімдер арасындағы жүктілік бойынша өңір көрсеткіші республикалық деңгейден төмен. Барлық жағдайлар бақылауға алынады. Конференцияда 13 жастағы қыздың босануы туралы да айтылды – оған медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетілген.

Аружан ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ.

ҚАРЖЫ

ҰСЫНЫС

ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫ

Бүгінгі таңда екінші деңгейлі банктердің «бөліп төлеу» жүйесі көпшілікке тиімді болып тұр. Күтпеген жерден үйдегі тоңазытқыш, кір жуу машинасы, теледидар сынды тұрмыстық техника істен шықса, бірден банк қосымшасы арқылы оны қарызға ресімдеп, тапсырыс беріп жатады. Енді бірі киім-кешек, дәрі-дәрмек, тіпті азық-түліктің өзін бөліп төлеу арқылы алады. Ал құзырлы органдар мұндай «батпан құйрық» бұқараны берешекке белшесінен батырып бара жатқанын алға тартып, шектеу енгізуді қарастырып отыр.

Бұл не деген батпан құйрық?

Бөліп төлеу – қарыз «қақпаны»

Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде кейбір банктер арқылы қалаған затты бөліп төлеу арқылы сатып алу оңай іске айналды. Бастапқы жарна керек емес, пайыздық үстемеақы да қосылмайды. Тауардың бағасын 3,6, 12 немесе 24 айға бөліп, уақытылы төлеп тұрсаңыз болғаны. Былайша айтқанда, алдымен тауарды пайдаланып, ақысын кейін төлейсің. Бір қарағанда тиімді екені рас. Әсіресе, қаржыдан қысылған шақта қалаған затты алуға ыңғайлы.

- Соғым уақыты жақындап келеді. Былтырғы жағдай тоңазытқыштың мұздатқышы ет салуға аздық ететінін көрсетті. Сондықтан осы жылдың қарашасында бөліп төлеу науқаны жүріп жатқан уақытта 240 мың теңгеге жүздатқыш сатып алдық. Екі жылға ресімдеп, ай сайын 10 мың теңгеден төлейтін болдық. Өте тиімді. Қалтамызға айтарлықтай салмақ салмайды. Оны



Коллажды жасаған - ММҰстафина

«... – Бөліп төлеу адамдардың баға жайлы ойлануына мүмкіндік бермей, тегін алып жатқандай сезім тудырады. Яғни сауданың 30–40 пайызы ойланбастан жасалады. Адамдар қарызының жалпы көлемін ескермей, тек ай сайынғы төлемді көреді...»

қолма-қол ақшаға ала алмас едік. Несиеге ресімдейтін болсақ, пайыздық мөлшерлемесін есепке алғанда анағұрлым көп үстемеақы төлер едік. Ал қазір мұздатқышты алып, ішін етке толтырып қойдық. Ақысын кейін қайтарамыз, - дейді **Ақсу қаласының тұрғыны Мейрамгүл Есімханова**.

Осы сияқты өмірлік жағдай көп. Кейбірі тұрмыстық техника алып жатса, енді бірі киім-кешекті де осы бөліп төлеу жүйесі арқылы ресімдеп жатады. Әсіресе, қазіргі кезеңде қысқы киімдер мен аяқ киімдерді осылай алып жатқан тұрғындар көп. Тіпті, кейбірі 10-15 мың теңгелік затты бірнеше айға бөліп төлеумен алып, жағдайына қарай мерзімінен бұрын қайтарады.

Бірақ сарапшылардың пайымынша, мұның барлығы «әкесі тегін беріп жатқандай» көрінгенімен, тұрғындардың қарыздық жүктемесін арттыруда. Оған мына бір статистикалық мәліметтер де дәлел: Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің дерегінше, 2025 жылғы қазандағы жағдай бойынша банктердің халыққа берген кредиттерінің көлемі 24 триллион теңгеге жетті. Яғни, қазақстандықтардың қарыздану қарқыны 2025 жылдың басынан бері 16,2 пайызға күрт өскен.

Белгілі экономист Елдар

Шамсутдиновтің айтуынша, бөліп төлеу адамның алатын зат бағасын ойлау мүмкіндігін төмендетіп, асығыс қарыз алуға итермелейді. Бұл кезде адамдар оның салдарын да ойламайды. - Бөліп төлеу адамдардың баға жайлы ойлануына мүмкіндік бермей, тегін алып жатқандай сезім тудырады. Яғни сауданың 30-40 пайызы ойланбастан жасалады. Адамдар қарызының жалпы көлемін ескермей, тек ай сайынғы төлемді көреді. Бөліп төлеу алдағы шығын мен кредитке деген тәуелділікті арттырады. Мұның соңы қарыз қақпанына түсіреді, - дейді сарапшы.

Сондықтан Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бөліп төлеу жүйесін реттеудің жаңа тәсілдерін енгізбек. Бұл туралы таяуда **Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов** мәлімдеді. Айтуынша, жаңа қағидалар жаңа жылдан бастап қолданысқа енгізілуі мүмкін.

Ал банктер қазірден несие беру талаптарын күшейтіп, кей тұтынушылардың өтінішін қанағаттандырудан бас тартуда. Өйткені Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тәуекелі жоғары заемшыларды анықтау критерийлерінің тізбесін кеңейтті. Агенттіктің сайтында жарияланған

қаулыға сүйенсек, несие тарихы 3 жылдан аз, соңғы жылда кредит бойынша 3 АЕК-тен жоғары сомадағы төлемді 30 күн бойы кешіктіріп төлеген, 3 және одан көп қаржы ұйымдарында өтелмеген несиесі бар, кредит бойынша төлеуге тиіс ай сайынғы төлемі ресми айлық табысының 45 пайызынан асатын, табыс көзін құжат жүзінде растай алмаған адамдар тәуекелі жоғары санатқа жатады. Демек, оларға аз сомадағы тауарды бөліп төлеуге ресімдеу өзі қиын болмақ. Яғни, кез келген адамның кез келген затты бөліп төлеумен ала беруі тоқтауы ықтимал.

Бірақ Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының басшысы Елена Бахмутова бөліп төлеу нарығын реттеуге мұндай асығыс шешімдерге бармау керектігін алға тартады.

- Белгілі бір мерзімнен асатын берешегі бар адамдар үшін несие беруді шектеу жеткілікті. Азаматтарға қарыз жүктемесін жүктейтін барлық ұйымдар бұл туралы ақпаратты несиелік бюроларға жіберуі керек. Жалпы, бұл мәселе әлі де қосымша талқылауды қажет етеді. Белгілі бір шешімдерді кенеттен қабылдаудың қажеті жоқ деп ойлаймын, - дейді ол.

Бір анығы, Ұлттық банк пен Агенттік тұтынушылық несиелер, бөліп төлеу талаптарын күшейтуді көздеп отыр. **Үкімет басшысы Олжас Бектенов** те саланы реттеу қажеттігін айтып, тұтынушылық несие беру ісін тұрақтандыру бойынша батыл шаралар қабылдауды тапсырған болатын. Мұндай жағдайда барлығын бірдей бөліп төлеуге ала беруге шектеу қойылмақ. Яғни, затты бірінші алып, кейін ақшасын төлеуге емес, қаржыны тірнектеп жинап, сол сомаға тауар алуға бет бұруға тура келетін түрі бар.

Сыйақы кімге беріледі?

Жыл сайын жаңа жыл жақындаған сәтте кей қызметкерлер 13-інші жалақыны немесе сыйақыны күтетіні жасырын емес. Жұмыс берушілер қызметкерлердің бұл қалауын орындауға міндетті ме?

Кей кәсіпорында жыл соңында бір айлық көлемінде сыйақы беру дәстүрі бұрыннан бар. Сол арқылы қызметкерлерді ынталандыру көзделген. Бірақ бұл - әр компания басшылығының өз еркі. Аталмыш мәселе компанияның өз ішінде шешіліп, тек ұжымдық шартта бекітіледі.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің басшысы Мейрамбек Ахметовтің айтуынша, еліміздегі еңбек жанжалдарының көпшілігі сыйақы төлеу мәселесімен байланысты. Қызметкерлер сыйақы сұрайды, ал кәсіпорын өкімшілігінде мұндай қаражат болмай жатады. Мұның соңы өзара түсініспеушілікке әкеп соғады.

- Жеке сектордағы сыйақы төлеу механизмі кәсіпорынның қызметкерлермен жасаған ұжымдық шартта жазылады. Онда компания 13-ші жалақыны қоса алғанда, еңбекақы төлеудің, индекстеудің және сыйақы

төлеудің барлық шарттарын қарастырады. Мұның бәрі ҚР Еңбек кодексінің 157-бабында жазылған. Жұмысшылар төлемді талап етуі мүмкін, бірақ бұдан нәтиже болуы неғайбыл. Егер компанияның қаражаты болмаса немесе бюджет бөлінбесе, еңбек дауы туындайды. Сондықтан мұндай мәселені ұжымдық келісімдерде, жеке еңбек шарттарында алдын ала талқылау қажет. Бұл ұйымның өзі бюджетте осы қаражатты иемденіп, оларды бір жерден іздеп, қызметкерлерге төлеуі үшін қажет, - деді М.Ахметов.

Бюджеттік және мемлекеттік қызметшілерге арналған сыйақылар мәселесінде басқа нормалар қолданылады. Үкімет мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын қызметкерлерге сыйақылар төлеу туралы арнайы қаулы қабылдайды. Төлемнің басты шарты - шығындардың белгілі бір бабы бойынша қаражатты үнемдеу. Мұндай жағдайда басшылық бұл ақшаны қызметкерлерге сыйақы ретінде бере алады.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Бірыңғай QR жүйесіне қосылды

Бүгінде кез келген сауда желісі, сұлулық салоны, басқа да қызмет көрсету орындарында банктердің мобильді қосымшасы арқылы QR-кодты сканерлеу көмегімен төлем жасауға болады. Қазіргі таңда әр банктің өз POS-терминалы бар. Ал алдағы уақытта барлық дерлік қаржы ұйымында бірыңғай код болады.

Әзірше аталмыш жүйеде отандық ірі алты банк - Halyk, Freedom, RBK, Home Credit, БЦК, Altyн bank бар. Жыл соңына дейін тағы үш банк қосылады. Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, бұл жүйеге банктердің бәрін қосуға көп уақыт пен күш керек.


- Қазір біз бүкіл банктің осы жүйеге қосылуының заңнамалық негізін жасап жатырмыз. Сондықтан келесі жылы бүкіл банк бірыңғай QR-ды пайдаланады. Бұл жүйе жұмысын енді бастап жатқандықтан, қанша халықты қамтитынын айтуға әлі ерте, - деді Ұлттық банк төрағасы. Бірыңғай QR - бұл бір

ғана код арқылы төлем жасауға мүмкіндік беретін жаңа буындағы цифрлық төлем жүйесі. Енді дүкенге барғанда немесе онлайн сауда жасағанда түрлі банктің өз QR-кодын іздеп әуре болмайсыз. Бірыңғай QR-кодты сканерлеп, өзіңіз пайдаланатын кез келген банк қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.

Бұл жүйенің басты мақсаты - төлемді барынша оңай, қауіпсіз және ыңғайлы ету. Бұған дейін әр банк өз QR-кодын ұсынатын. Ал енді олардың барлығы бірыңғай стандартқа біріктіріліп, бүкіл ел бойынша жұмыс істейтін ортақ жүйе құрылады.



БИЫЛ ЖҮМЕКЕН
НӘЖІМЕДЕНОВТІҢ
ТУҒАНЫНА — 90 ЖЫЛ



Шалқар дарын иесі

Жүмекен Сабырұлы Нәжімеденов 1935 жылғы 28 қарашада дүниеге келген. Алғашқы өлеңі «Лениншіл жас» газетінде 1955 жылы жарияланды. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Балауса» деген атпен 1961 жылы жарық көрді.

Қаламгер проза жанрында да қажырлы еңбек етті. Оның қаламынан «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңқ пен дақпырт» атты романдар туды. Ақынның әңгімелері мен повестері, хикаяттары мен сын мақалалары топтастырылып, 2005 жылы «Аспан шақырады» деген атпен басылып шықты.

Ж.Нәжімеденов асқан күйші болатын. Оның «Күй кітабы» атты шығармасының негізінде 2006 жылы аудио-кітап жарыққа шықты. Жүмекен Нәжімеденов – 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Әнұраны авторларының бірі.

Өзім

*Болмаса да көк өзенім гүрлеген,
Көп өзенмен бірге ағамын, бірге мен.
Ой түбінен ойнап туған жырменен
Тыным таппай – тірі болып жүр денем.*

*Жан емеспін қолда барға бұлданған,
Жеңер мені күндіз күлкі, түнде арман.
Еске алуға жарамайды өткенім,
Өткен күннен келер күнім көп менің.*

*Сол секілді ойларым да теп-тегін,
Келмейді оны үнемдегім, ептегім.
Сондықтан да жиі жанам, сөнем мен,
Жығыламын кейбір асау теңуден.
Осынау бір олпы-солпы өлеңмен
Өзімді-өзім түсіндіріп келем мен...*



ЖАСSTAR

Қазақша контенттің әзілқой «жұлдызы»

Қазір әлеуметтік желілерді аша қалсаң, жанға жайсыз жаңалықтар алдыңнан шығады. Дегенмен, осындай сәтте көңіліңді сергітіп, ойыңды басқа бағытқа бұратын жарқын жандар да бар. Солардың ішінде күнделікті өмірде орын алатын жайттарды жарасымды әзілмен әспеттеп, көпшілікке күлкі сыйлап жүрген блогерлердің бірі – Алексей Лодочников. Ол – бүгінде Instagram мен «TikTok-та өзіне тән жеңіл әзілдерімен танылып жүрген танымал контент авторы.



25 жастағы Алексей Лодочников Ақсу қаласында дүниеге келген. Алайда балалық шағы Тереңкөл ауданындағы балалар үйінде өтті. Ол сол жерде тәрбие алып, қазақ тілінде еркін сөйлеуді, домбыра тартуды үйренді. Кейін сол ауылдағы қазақ мектебінде оқыды. Бойындағы өнерге деген талантының арқасында 6-сыныпта дарынды балаларға арналған

музыкалық мектеп-интернатында білімін жалғастырды. Ол бұл оқу орнын «Халық әні және домбыра ойыны» мамандығы бойынша тәмамдады.

Алексей блогер боламын деп бұрын-соңды ойламағанын айтады. Бірақ бала кезінен актерлікке әрі өнерге жақын болды. Көпшілікке танымал болуды армандады. Сөйтіп, сол уақытта Астана туралы әзіл

видео түсіріп, оны өзінің TikTok-тағы парақшасына жүктейді. Аз уақыттың ішінде әлеуметтік желі қолданушылары оның видеосын тамашалап, бір күнде оған 5 мың адам жазылады. Сол сәттен бастап ол домбырамен ән айтып, түрлі әзілді түсіруді әдетке айналдырды.

Жалғасы 18-бетте ►►

ҚАБІЛЕТ

Блогер мұғалім

Павлодарлық жас ұстаз Игорь Гноевой әлеуметтік желідегі оқырман қатарын күн сайын арттырады. Өйткені, оқушыларымен бірге түсіретін видеолары қалың көпшілікті баурап алады. Жас ұстаз идеяны шәкірттері ойлап табатынын айтады. Игорь Гноевойдың ұстаздық жолда жүргеніне — 9 жыл. Бала күнінде мұғалім болуды армандамаған. Бірақ мектепке жұмысқа орналасқан күннен мамандығына деген қызығушылығы арта түскен.



Жалғасы 17-бетте ►►

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

АМАНАТ

Қазақстан - менің болашағым

Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы — салт-дәстүрін сақтаған, тілі мен мәдениетін жоғалтпаған қазақтардың алтын ұясы. Сол өңірдегі мыңдаған отбасы үшін Қазақстан – тарихи Отан ғана емес, болашақпен байланысты үміт мекені. Соңғы жылдары атажұртқа бет алған қандастардың саны артып келеді. Олардың басым көпшілігі — білім алуға, дамуға ұмтылған жастар.

Қандас мәртебе ғана емес, елге сіңісу, мәдени мұраны сақтау, ұрпаққа ұлттық рухты аманаттау, жауапкершілікпен өмір сүруді білдіреді. Қазақстанға оралып жатқан әрбір отбасы ұлттың тұтастығы жолындағы маңызды қадамды жасап отыр.

Қазіргі таңда Моңғолияда 100 мыңнан астам қазақ өмір сүруде. Олардың көпшілігі Баян-Өлгей аймағында тұрады. Бұл өңірде қазақтар өз тілінде білім алады, ұлттық мейрамды атап өтеді. Жергілікті жастардың басым бөлігі болашағын Қазақстанмен байланыстырып отыр. Өйткені тарихи Отаны – тек естеліктердің мекені емес, даму мен өркендеудің нақты мүмкіндігі.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған ресми деректерге сәйкес, 2024 жылы 4518 этникалық қазақ тарихи Отанына оралды. Олардың ішінде 1088 адам – Моңғолиядан келген қандастар. Бұл – Өзбекстаннан кейінгі екінші көрсеткіш. Ал 2025 жылдың алғашқы тоқсанында тағы 133 қандас Моңғолиядан Қазақстанға көшіп келген. Бұл – статистика ғана емес, мыңдаған тағдыр мен үміт. Жүрегі «Атамекен» деп соққан азаматтардың Қазақстанмен қайта табысуының айғағы.

Қазақстан - шеттегі қазақ үшін тарихи Отаны болғанымен, іс жүзінде жаңа мемлекет, жаңа қоғам. Қандас мәртебесін алу – тек алғашқы қадам. Елге оралған қандас бірқатар қиындыққа тап болатыны жасырын емес. Мәселен, құжаттарды рәсімдеу кезінде туындайтын кедергілер, баспана мәселесі мен жалдау ақысының жоғары болуы, дипломның мойындалмауы және мамандыққа сәйкес жұмыс таба алмау, жергілікті халықтың түсіністік танытпауы сынды мәселелер кездесіп жатады.

Мемлекет тарапынан қандастарға арналған қолдау бағдарламалары бірнеше бағытта жүзеге асып жатыр. Бұл ретте қандас мәртебесін алған азаматтарға әлеуметтік жеңілдіктер беріледі, солтүстік және шығыс өңірлерге көшкендерге 70-100 АЕК көлемінде бірреттік жәрдемақы, сондай-ақ 12 ай бойы жалдамалы баспана ақысы өтеледі. Өкініштісі, бұл бағдарламалар барлық өңірде толық жүзеге асырылмайды. Бір аймақта жақсы іске асып жатса, басқа өңірде баю жүріп жатқаны байқалады. Сондықтан жүйелілік пен бақылау қажет.

Әрбір қандас қазақ тілін сақтау



және ұрпағына үйрету, қазақы болмысты ұмытпау, еңбекқор болу, елге пайда келтіру, қоғамға үлес қосуға міндетті.

Қазақстан - бабалар аңсаған мекен. Ол мекенді көркейту – бізге аманат. Моңғолиядан келген қандас ретінде, Қазақстанды мекен емес, тағдыр деп түсінемін. Бұл елмен бірге менің де болашағым өріледі.

Аллаберген АМАНБЕК,
Торайғыров университетінің
2-курс студенті.

ӨНЕР

Әлемді бағындыруда

Әлемдік музыкалық аренаны дүр сілкіндірген қазақ жұлдызы – Иманбек Зейкенов тыңдармандарды тағы да қуантты. 2019 жылы Saint Jhn-ның «Roses» әніне жасаған ремиксі арқылы жаһандық хитке айналған Иманбек 2021 жылы «Grammy» сыйлығын жеңіп алып, ТМД елдері ішінде классикалық емес музыка жанрында бұл марапатқа қол жеткізген алғашқы өнер иесі ретінде тарихта қалды.

Нұрайым ҚАЛЫБЕК

Содан бері төрт жыл өткен соң да оның шығармашылығы қарқынын бәсеңдетпеді. 2025 жылы аргентиналық әнші Taichu-мен бірлесіп жазған «Ella Quire Techno» туындысы Latin Grammy премиясының «Үздік латынамерикалық электронды музыка» аталымына ұсынылды. Жеңімпаз атанбағанымен, бұл аталымның өзі - халықаралық музыка индустриясының Иманбекті ерекше мойындауының айқын дәлелі.

Музыканттың жетістіктер шеруі мұнымен шектелмеді. 14-15-ші қарашада Иманбек Оңтүстік Кореяда өткен «Korea Grand Music Awards 2025» премиясында К-поп бойз-бэндімен бірге өнер көрсетіп, Азия музыка индустриясын бағын-

дырды. 22 қазанда «Close your eyes» тобы өзінің 11 қарашада шығатын «Blackout» атты үшінші шағын альбомымен оралатынын айтқан болатын және сол альбомның ішіндегі «SOB» атты өлеңнің продюсерлік ұжымның құрамында Иманбек Зейкенов болатынын хабарлады. Бұл ән альбомдағы екі басты әннің бірі болып, тыңдармандардың жүрегін шыққан күннен-ақ бірден жаулап алды.

Қазір Иманбек Зейкенов әлемдік музыка кеңістігінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған талантты продюсерлердің қатарында. Бір ремикспен басталған шығармашылық жолы бүгінде халықаралық өртістермен иық тірестіре жұмыс істейтін деңгейге көтерілді. Оның еңбегі мен ізденісі қазақ музыкасының мүмкіндігін кеңейтіп, жаңа



буын продюсерлеріне жол ашып отыр. Алдағы уақытта да Иманбектің тың жобалары мен жаңалықтары әлем тыңдармандарына жаңа өсер сыйлайтыны анық.



Тұрсынбектің тоқалы кім?

Ағымдағы айда әлеуметтік желіде қызу талқыға түскен тақырып — әзіл әлемінің жұлдызы Тұрсынбек Қабатовтың отбасылық мәселесі. YouTube платформасынан актердің бұрынғы жары Мөлдір Мұқанованың сұхбатын тамашалаған әйел жоқ шығар. Қазір өнер жұлдызы ажырасыпты, пәленшенің тоқалы, түгеншенің көңілдесі бар деген өсек-аяң бір күнде миллиондаған қаралым жинайтыны ақиқат.



Қалың оқырман үшін танымал актриса Дариға Бадықова, өнер жұлдызы Олжас Абайдың да отбасындағы жағдай қызық. Осыдан-ақ, қоғамдағы рухани деңгей мен ақпараттық талғамды аңғару қиын емес. Өкініштісі, ұлттық құндылық пен мүддені

сын көзбен қарай алмайтын әрі талқылау деңгейі қалыптаспайтын жастар көбейеді. Ойлау қабілеті төмендейді.

Ақпараттық талғам – ой-өрістің айнасы. Газет оқымайтын, радио тыңдамайтын халық әлеуметтік желіден «Сабағымды сатып алсаң,



талқылайтын салмақты әңгімеге жұрттың ынтасы соқпайды. Жоғарыдағы өсек-аяңға сұраныс жоғары.

Қазір ойлы қаламгердің шығармасын, еңбегін асыға күтіп оқитын оқырман аз. Жұртшылыққа кімнің қайда саяхаттағаны, қандай тамақ ішіп, киім кигені жаңалық. Бұл көрініс – қоғамда ғана емес, әлемдік деңгейдегі ақпараттық дағдарыс. Адамның ойы көріп отырған видео мен оқып отырған әңгімеге қарай қалыптасады. Талғамы төмендейді. Елдік сана мен мәдени деңгей әлсірей түссе, ұлтты біріктіретін құндылық не болмақ? Қалың көпшілік назарын кімге бұрса, соны өсіреді. Ұлттың іргесін өсек емес, өрелі ой ұстайтынын естен шығарғандаймыз.

Қазір әлеуметтік желіні пайдаланатындар жеңіл әрі мәнсіз контентті қарайды. Бұл ойлау қабілетінің таяздануына әкеледі. Мұның салдары ұрпаққа тиеді. Өйткені мәселеге немқұрайлы,

тез байысың», «Ақша берсең, миллион табысың болады» деген мотивациялық сабақтарға ақша шашуға құмар. Жалған уәдеге сеніп, уақыты мен қаржысын гаджет басқандықтан жастардың қыздырып тұр. Кітаптың орнын қыздырып тұр. Кітаптың орнын гаджет басқандықтан жастардың ойлау қабілеті тарылған. Ақпаратты терең талдай алмайтындары да сондықтан. Оқудан гөрі қолындағы құрылғыдан дайын дүниені тұтынуға бейімделген ұрпақ рухани дағдарысқа бет алып бара жатыр. Бұл мәселе – ұлттың трагедиясы. Біз қоғамдағы шындықты әлеуметтік желінің жылтырымен шатастырғанбыз. Бұдан қалай арыламыз?

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

ЖАҒАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Аниме әлемі – ерекше мәдениет

Аниме – не кино, не мультфильмге ұқсамайтын жанр. Аниме көбінесе Корея немесе Жапония елдерінің манхва немесе манга сюжеті бойынша түсіріледі. Әлемдегі ең үлкен фанбаза анименің жанкүйері екенің білдіңіз бе?

Нұрайым ҚАЛЫБЕК

Алғашқы аниме 3 секундтық болған. «Кацудо Сясин» деп аталатын аниме 1907 жылы шыққан. Бұл анименің әлі күнге дейін авторы белгісіз. Небәрі 50 кадрдан тұрады. Анимеде оқушы бала тақтаға «қозғалатын суреттер» деп жазып болған соң, бас киімін шешіп иіледі. Бұдан соң аниме 10 жылдан кейін түсіріле бастаған. Бірақ ұзақтығы 5 минуттан аспапты. Солардың ішіндегі танымалы «Намакура Гатана» қазақ тіліне аударғанда «өтпейтін қылыш» деген мағынаны білдіреді. 1917 жылы түсірілгенімен оны 2008 жылы ғана тапқан. Ол – жапон мәдениетінде танымал самурай туралы бейне. Өтпейтін қылыш ұстап алып сонымен алысып жүрген самурай жайлы түсірілген. Автор әр кадрдың суретін тақтаға салып, суретке түсіріп, тақтаны тазалап, келесі кадрдың суретін салып таспалап қайтадан өшіріп тастап отырған. Осылай басталған аниме қазір гигант индустрияға айналып, былтыр Жапон экономикасына 22 млрд доллар пайда әкелген. Қазір бұл сала Жапония экономикасының маңызды бөлігіне айналып отыр.

Аниме әлемі жылдан-жылға жаңа туындылармен толығып келеді. Биыл да көрермендерді ерекше әсерге бөлеген бірнеше туынды бар. «Crunchyroll Anime Awards 2025» премиясының нәтижесі бойынша жылдың ең үздік анимесі аталымында «Жалғыз өзі деңгей көтеруі» («Solo Leveling») жеңімпаз болды. Бұл аниме – экшн мен шытырман оқиға жанрының жарқын өкілі. Сюжеті қарапайым аңшы жігіттің күш пен даңққа жету жолындағы күресін баяндайды.

Қарапайым адамнан ең мықты кейіпкерге айналған оның оқиғасы көптеген көрерменнің сүйіктісіне айналды. Ал жылдың үздік аниме фильмі ретінде Кэхэй Исигараның «Өткенге көз сал» атты драмалық туындысы танылды. Бұл аниме көрерменнің жан дүниесін тербеп, естеліктер мен өмірдің мәні туралы терең ой қалдырады. Сонымен қатар, үздік түпнұсқа аниме марапатын америкалық және жапондық бірлескен жоба – «Ниндзя Колеуий» иеленді. Бұл аниме ересектерге арналған тақырыптарды қозғап, әділет, кек, моральдық таңдаулар мен адам табиғаты жайлы философиялық ой тастайды. Америкалық батыл баяндау мен жапондық нәзік визуалды стильдің үйлесімі көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Бүкіл әлемге танымал «Жындарды қырушының қылышы» («Demon Slayer») анимесінің жаңа маусымы – «Хашираның жаттығуы» – 2025 жылдың ең үздік жалғасы және ең көркем анимациясы атанды. Бұл



маусым жарық көрісімен-ақ рекорд орнатты. Оған 51 миллионнан астам дауыс берілді. Жаңа бөлімде басты кейіпкерлер – Таңджиро, Иносукэ және Зеницу – жындарға қарсы күресті жалғастырып, ең мықты жауынгерлер – Хаширалармен бірге арнайы дайындықтан өтеді. Хаширалар – жын өлтірушілер корпусының ең жоғары дәрежелі сарбаздары, олардың әрқайсысының ерекше күші мен техникасы бар. Жаттығулар барысында кейіпкерлер тек физикалық емес, рухани тұрғыдан да шыңдалады. Бұл көріністер анимеге терең философиялық мағына береді: әр жеңіс пен шыңдалудың артында үлкен еңбек пен сенім жатыр.

Аниме – жай мультфильм емес. Ол – өмір сабағын, адамгершілік пен рухани құндылықты үйрететін ерекше мәдениет. Әр туынды көрерменге ой салып, шабыт береді.

2025 жыл аниме әлемінде жаңа есімдер мен керемет жобалар жылы болды. Ал бұл бағыттың болашағы өлі де зор. Себебі аниме – адам қиялының, өнердің және рухтың шексіздігін дәлелдейтін феномен.

Соңғы жылдары адамның күнделікті өміріне жасанды интеллект бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен еніп келеді. Қазір қолыңдағы телефон да, алдыңдағы компьютер де сені түсінетін, сұрағыңа бірден жауап беретін, ойыңды толықтырып, кейде тіпті жұбатуға тырысатын «ақылды» серікке айналды. Мәселен, «ChatGPT» секілді чатботтар – миллиондаған адамның кеңесшісі, аудармашысы, ұстазы әрі көмекшісі. Біз бұл жүйелерге тым көп сыр ашып жүрген жоқпыз ба?

«ChatGPT» сырыңды сақтай ма?

Жасанды интеллект жай ғана мәтін өңдеп қоймайды, ол жазу мәнеріңізді, сөйлеу әдебіңізді, сөз саптауыңызды талдап, сіздің мінезіңіз бен көңіл-күйіңіз туралы қорытынды шығара алады. Ал бұл технологияның адамды тереңірек танып, оның психологиялық картасын жасауға қабілетті екенін білдіреді.

Мәселен, павлодарлық студент Ерасыл Ерғазы «ChatGPT» жүйесін оқу барысында жиі қолданатынын айтады. Оның сөзінше, жасанды интеллект сабақты толық түсінуге және үй тапсырмаларын орындауға барынша көмектеседі. Дегенмен, жеке өмірге қатысты ақпаратты чатботқа жолдамайтынын алға тартты. Ол жасанды интеллект – тек оқу мен ақпарат жинауға арналған құрал екенін, сенімді дос емес екенін түсіндірді.

Чатбот жолдаған сауалдарыма жауап беріп қана қоймай, ойымды реттеуге, жоспар құруға және түсінбеген тақырыптарды қайталауға мүмкіндік береді. Егер сұрақтарыма нақты жауап алсам, сабақты жақсы меңгеруге, үй жұмысын уақытында орындауға ынтал артатын, – дейді ол.

Алайда Нұрбол атты өзге студент бұл жүйені оқу процесінде сенімді құрал деп есептемейді. Оның айтуынша, жасанды интеллектке шектен тыс сүйену білім сапасын төмендетіп, адамды өз бетінше ойлану дағдыларынан алыстатады.

Бір қарағанда бәрі оңай болып көрінуі мүмкін. Мысалы, чатботқа сұрақ жолдасаң, одан



бірден жауап аласың. Бірақ ол жауаптың дұрыстығына кім кепіл? Ал студент оны тексермей сол күйінде қолданса өзіне зиян келтіреді. Сондықтан үй тапсырмаларын орындағанда «ChatGPT»-дің көмегіне жүгінбеймін. Оған қоса, жүйе ештеңені сақтамаймын деп жазса да, негізінде жеке деректерді сақтап қалады. Ал біз кейде сезімсізді, үйдегі мәселені жазып, көмек сұраймыз. Сол себепті, кей жастарға бұл ботты қолданбаса деп кеңес берер едім, – дейді ол.

Жасанды интеллектті қолдану жайлы пікір әртүрлі болғанымен, ортақ түйін бір. Ол оқу процесін жеңілдетіп, түсінбеген тұсты түсіндіруге көмек көрсеткенімен, адам ойының орнына ойланбайды және жеке өмірдің қауіпсіздігін де қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан мамандар да, студенттер де бір нәрсені естен шығармауға кеңес береді. Яғни, цифрлық әлемде сақтық бірінші орында болуы тиіс.

А.ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

ҚАБІЛЕТ

Блогер мұғалім

«Басы 15-бетте»

Салтанат ҒАББАС

Жас жігіт әу баста аудармашы мамандығын таңдайды. Кейін қалауы бойынша бастауыш сынып мұғалімі мамандығын меңгереді. Туған-туыстары аспаз, көлік жөндеу ісі және кәсіппен айналысады.

Мұғалімдер қауымы қағаз-бастылықтан арылған емес. Балалардың көңілін аулайын десең, есеп жұмыстарынан бас алмай қаласың. Бірақ оқушылар заман талабына сай дамуы тиіс.

Әлеуметтік желіде ойламаған жерден танымал болдым. Осыдан екі жыл бұрын ҚР Білім министрлігінің тапсырмасы бойынша әлеуметтік желіде видео түсіріп, колла-

барация жасады. Әлгі жұмысым «Ең көп қаралым жинаған видео» аталымы бойынша жеңіске жетті. Содан оқырман қатары арта түсті. Сол күннен бастап әртүрлі тақырыпта видео түсіріп, көптің көңілінен жол таптым. Бүгінде инстаграмда 300 мыңнан астам, Тик ток парақшасында 119 мыңнан астам оқырманым бар. Қаралым саны бір миллионнан асады. Тіпті, өзге елдің азаматтары да парақшама тіркелуде, – дейді блогер мұғалім.

Мектептегі үзіліс кезінде Тик ток түсіруге уақыт таба білу де – өнер. Игорь бала тәрбиесіне қатысты мәселелерге баса мән береді.

Рилсты күн сайын түсіру мүмкін емес. Алайда аптасына бір рет трендтен қалыспай балалармен

видео салуға тырысамын. Кейде оқушыларым өз идеяларымен бөлісіп, сабақ кезінде орын алған қызықты сәтті түсіруді өтінеді. Ата-аналар қауымы да көп қаралым жинаған видеолардан өз балаларын көріп, ризашылықтарын жеткізеді. Көпшілігі ұл-қызының еркін сөйлеп, өзін дұрыс ұстай алуды үйренгенін айтып жатады. Балаларды видеоға ата-аналарының рұқсатымен ғана түсіремін. Ең бастысы, жас ұрпаққа дұрыс тәлім-тәрбие бере білуді мақсатым деп білемін, – дейді Игорь Гноевой.

Қызметіне аса жауапкершілікпен қарайтын білікті маманның айтуынша, оқушыларға білім беруде заманауи әдістемелерді қолданған жөн. Біріншіден, монотонды сөйлеудің орнына бала-



ларды қызықтыратын суреттер мен үлестіру материалдарын көп қолдану пайдалы. Сонымен қатар, ақпараттық технологияларды қосып, олармен дос ретінде де әңгіме-

лесе білу керек. Отбасы жайлы да ой қозғаған жөн. Заманға сай әр баланың икемін де таба білу міндеті ұстазға да жүктеледі.

« Басы 15-бетте

Қазақша контенттің әзілқой «жұлдызы»



Осылайша, қазақ тілінде еркін сөйлейтін, ашық мінезді блогер елдің назарын бірден өзіне аударды. Оның үстіне сол кезде әлеуметтік желілерде қазақ тіліндегі контент аз болатын. Қазіргі таңда оның Instagram парақшасында 346 мың жазылушы бар. Ал видеолары миллиондаған қаралым жинайды.

Блогердің айтуынша, оның әзіл-сықақ видеоларының барлығы да өмірден алынған. Ол ешқашан сценарий жазбайды, оған ешкім идея айтып отырмайды. Барлық сюжетті өзі ойлап табады.

Шын мәнінде, менің видеоларым күнделікті өмірде орын алатын жағдайларға негізделіп түсіріледі. Сондықтан ойдан құрастырудың еш керекі болмады. Кейбір блогерлер контент жасауға көп дайындалады. Мәселен, бірнеше камера қояды, макияж жасайды, уақыт пен ақша жұмсайды. Ал менде бәрі бір камераға түсіріледі. Мүмкін, сондықтан оларға қызықты болар. Осы арқылы адамдардың көңіл-күйін көтеруге тырысамын. Өйткені, өмірде бәріне сәл әзілмен қарау керек.

Абайдың «Өзің сен, өзіңді алып шығар, Ақылың мен еңбегің екі жақтап» деген сөзі бар. Бұл - менің өмірдегі басты ұраным. Мен ешкімге сене бермеймін, тек күшіме арқа сүйеймін. Кейде қозғай алмайтын ауыр тақырыптар болады. Сол кезде өзіме: «Алексей, бұны енді айтпайсың» деп уәде беремін. Бірақ кейін бәрібір айтамын. Мен қызғылт көзілдірік тағып жүрмеймін. Мүмкін менің контентім біреуге ұнар,

біреуге ұнамас. Бірақ блогерлер тек әзіл түсірумен шектелмей, қоғамдағы мәселелерді де көтеруі тиіс. Ал осы мәселелерді жеңіл әзілмен де жеткізуге болады, - деп қосты ол.

Әлеуметтік желілер арқылы табатын табысы туралы сөз қозғағанымызда, блогер жарнамалық ұсыныстардың көбінен бас тартатынын айтады. Себебі, кей жарнамалардың құны көлемді болса да, көбі түсініксіз әрі күмәнді өнімдер болып шығады.

Жарнама жасау арқылы көп қаражат табатын едім. Бірақ кей жарнамалар негізгі ұстанымдарыма сәйкес келмейді. Сондықтан әр ұсыныс түскен сайын көмекшімен бірге компанияны толық тексереміз. Бухгалтерлерінен қарыздары бар-жоғын сұраймыз. Егер заңдық тұрғыдан бәрі дұрыс болса, бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз, - дейді ол.

Алексейдің аудиториясының басым бөлігі - егде жастағы әйелдер. Әр видеоның астындағы пікірлерден-ақ олардың оның видеоларын ұнататынын әрі ерекше қолдауларын байқауға болады. Сондықтан бәрі, өзінің парақшасына өзін ретінде «Сенің анаңның крашы» деп сипаттама берген.

Маған «Сені тек апашкалар мен аташқалар көреді» десе, мен мақтан тұтамын деп айтамын. Өйткені, олар арқылы мені жастар да, балалар да таниды. «Анам саған қарап жүр», «Әжем - сенің фанатың» дегендер де көп. Меніңше, аудиториям керемет! - дейді ол.

Алексей болашақта да оқырмандарына күлкі сыйлайтын, өмір туралы шынайы әзілдерді айтатын әрі қазақтың ұлттық аспабы - домбыра тартатын блогер ретінде қалғысы келеді.

Айналамыздағы жастардың көбі шет тілдерін меңгеруге құмар. Бұл ретте, ағылшын тілін меңгеру сұранысты да, қызығушылықты да талап етеді. Осындай жастарды қолдау мақсатында әртүрлі платформалар пайда болуда. Соның бірі - жақында іске қосылған қазақстандық қосымша.

Ағылшынды Aleem-нен үйренейік!



Сапа АВДОЛ

«Aleem» - ағылшын тілін жеңіл үйренуге арналған стартап жоба. Оны бірнеше күннің ішінде 140 мың қолданушы жүктеген. Сөйтіп, ол шетелдік «Duolingo» қосымшасынан асып түскен. Ерекше қосымшаны қазақстандық жастар ойлап тапқан. «Duolingo» - тіл үйренуге арналған әлем бойынша танымал онлайн-платформа. Ол ойын форматындағы сабақтарымен ерекше. Әр бөлімнің өз кейіпкерлері болады. Сабақ уақытын, бағытын, деңгейін қолданушы өзі таңдай алады. Сәйкесінше, оқылым, тыңдалым, сөйлеу бағыттары қатар қамтылған. Әлем бойынша 950 млн адам жүктеген қосымшаның табысы 15 млрд АҚШ долларын құраса керек.

Ал осындай алпауыт компанияны бір күнде асып озған «Aleem» жобасы жұртты таңқалдырды. Қазір ол Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанда алдыңғы қатарда болған Duolingo-ны жалпы тізімге енгізді. «Aleem»-ге Азия елдерінде үздік қосымша болу мүмкін-дігі туып тұр. Атап айтқанда, Өзбекстан және Түркіменстанда алғашқы, Әзербайжан, Ресей, Беларусь тіпті, Британ Виржин аралдарында екінші деңгейлі қосымшалар тізіміне енген.

Стартап мерзімі барынша ұзақ болуы үшін әдейі Қазақстанда ғана емес, бүкіл посткеңестік аймақта іске қостық. Себебі, «Aleem»-нің жұмысын бастамас бұрын, бізде 700 мыңнан астам аудиториясы бар әлеуметтік желілердегі аккаунтымыз болды. Ол - Get English онлайн мектебі. Әу бастан парақшамызды әртүрлі мемлекеттен оқырман болғандықтан, ортақ қосымша жасауды жөн деп таптық. Алдағы



уақытта қазақ тілін қосатын боламыз, - деді құрастырушылар.

Ол үшін қазақ тілін ағылшын тілі арқылы үйрету керек. Платформаны жетілдіру он күндік жұмысты қажет етеді. Алғашында жүйе 100 мың оқырманға арнап ашылғандықтан, сервис қателіктері орын алған. Яғни, құрастырушылар қолданушылардың саны артатынын білмеген.

Бұл тіл үйренушілерге де ыңғайлы қосымша болып отыр.

Мен жақында ғана досымнан осы «Aleem» қосымшасы туралы естідім. Бірден қызығушылығым оянып, жүктеп көрдім. Маған қатты ұнады. Оқылым тапсырмалары оқулықтарда тым қызықсыз болатын, бұл қосымша арқылы ағылшын тілін үйренуге деген құлшынысым артты, - деді пайдаланушы, 6-сынып оқушысы Әли Тілеубек.

Айта кетейік, ағылшын тілін үйрену «Aleem» сияқты қызықты қолданбалардың арқасында анағұрлым жеңілдетілген. Бұл жастарға да, ересектерге де ыңғайлы. Қосымшаны жүктеп, отандастарымыздың бастамасын қолдайық!

Айдана БОРАНБАЕВА

Астанаға тәжірибеден өтуге келгенім әлі есімде. Астананың климаты бәрімізге белгілі: жел, жаңбыр. Сол кезде мен алғаш рет осындай ауа райына тап болып, бұл туралы шынайы видео түсірдім. Ештеңе жоспарлаған жоқпын, сценарий де болған жоқ. Бәрі өздігінен шықты. Кейін видеоны TikTok-қа жүктеуім жүктеп, ол туралы мүлдем ұмытып кетіппін. Екі сағаттан соң достарым хабарласып: «Керемет видео шығыпты!» деп жаза бастады. Желіні ашсам, үш сағаттың ішінде видео миллион қаралым жинапты. Кейін түрлі публік пен блогерлер видеоны бөлісе бастады. Үш күн ішінде 5 миллион қаралымға жетті. Сол кезде мен өз фишқамды тапқанымды түсіндім. Яғни, айналамыздағы жайттарды ирониямен, шынайы нұсқада көрсетемін деп шештім, - дейді ол.

ТАРИХ



Нұрайым ҚАЛЫБЕК

Мұндай әскердің жасалуына ежелгі қытай сенімі әсер еткен деседі. Олар өлгеннен кейін де келесі өмірдің барына сеніп, патшаны оның қол астындағы сарбаздарымен бірге сарайда көметін болған. Тек патшаны емес, сонымен қатар, қайтыс болған адамды да тірі адамға үйлендіріп, кейін тірі күйінде оны марқұммен бірге жерлеген. Бұл дәстүрлердің негізгі мақсаты - адамның жаны келесі өмірде жалғыз болмасын деп оларды тірілермен бірге жер қойнына тапсырған.

Терракот әскерінен 1,5 километр

қашықтықтан қытайдың алғашқы императоры Цинь Ши Хуандидің (б.з.б.259-210жж.) кесенесі табылған. Кейбір деректерде жауынгерлердің тірідей жерленгені айтылса, енді бірінде император адамшылық танытып, арнайы саздан әскер жасатқаны айтылады.

Сыма Цяньның жазбаларында Цинь Ши Хуанди таққа отырғаннан кейін, өз мазарын салуды бастайды. Ол терракота жауынгерлері өзіне о дүниеде қызмет етіп, шынайы өмірдегідей билігін жалғастыруға көмектеседі деп сенген. Аумағы 56 шаршы шақырымға созылған жерасты қаласын 700 мыңнан астам адам 38 жыл бойы салғаны айтылады. Жұмыс аяқталғаннан

Терракот әскерлері жайлы естуіңіз бар ма?

1974 жылы наурызда Қытайдың Шэньси провинциясының Сиань қаласы маңында шаруалар құдық қазып жатқанда жер астынан бір жауынгердің мүсінін тауып алып, оны сатып жібереді. Мүсіннің құнды екенін түсінген сатып алушылар билікке хабарлаған. Осы оқиғадан кейін Сиань қаласының маңында археологтар қазба жұмыстарын бастап, балшықтан жасалған салмағы 135 килограмм болатын 9 мыңға жуық әскер табады.

кейін құпия сақталу үшін мазарды салған шеберлердің өлтірілгені жөнінде деректер бар. Сондай-ақ, император жерленген арнаға автоматты түрде атылатын садақтар орнатылған дейді.

Ал басқа деректерде Цинь Ши Хуанди тірі әскер мемлекетке қажет деп есептеп, артында қалған әскерді қырмай, өзіне арналған қорғаушы мүсіндер жасауға бұйрық бергені айтылады. Терракот әскері саздан жасалып, күнге кептіріліп, кейін 900 градус температурада күйдірілген соң оларды император жерленген жерге әкеліп орналастырған. Саздан жасалған әскерлерді қай жерде жасалғаны белгісіз, бірақ мүсіндерді жасауға он жыл уақыт кеткен және ерекше сапалы құм пайдаланған делінген.

Қазір Циньнің қабірі ашылмаған. Қытай археологтары бүлдіріп аламыз ба немесе садақтар атыла ма деп қауіптенеді. Сонымен қатар, императормен бірге саздан жасалған мүсіндерінен бөлек 70 мыңнан астам жұмыскер мен олардың отбасылары және императордың үш мыңдай күні, шенеуніктер, акробаттар, балуандар мен музыканттары да көмілген.

Қазба жұмыстарының бірінші кезеңі 1978 - 1984 жылдары, екіншісі 1985-1986 жылдары жүргізілді. Үшінші кезең 2009 жылдың 13 маусымында басталып, әлі күнге дейін жалғасып келеді. 2024 жылы қазба жұмыстары кезінде археологтар Цинь Ши Хуанди

ұлдарының қабірінен 20 метр тереңдікте көмілген 16 тонналық алтын салынған саркофаг тапты. Табыттың ішінен қару-жарақтар, нефрит, сауыттар, бірнеше алтын және күмістен жасалған мүсіндер, ас үй ыдыстары және алты мың қола тиындар шыққан.

1987 жылы Юнесконың 11-ші сессиясында терракоттан жасалған әскер дүниежүзілік мұра қатарына кірді. Цинь Ши Хуанди мазары көшені осы тізімге енген алғашқы қытай объектілерінің бірі және әлемнің сегізінші кереметі болып танылды.

Қытай еліне сапарға шығуды жоспарласаңыз, осы мазарға міндетті түрде барыңыз!

«Жас times» қосымшасын үйлестірген - **Айдана ҚУАНЫШЕВА.**


ШИПАГЕР

ДЕНСАУЛЫҚ!



ЗАҢ

Еліміз бойынша балалар арасында жіті респираторлық вирустық инфекция мен тұмау өршіп тұр. Ата-аналар апталап түспейтін дене қызуы мен ұзақ сақталатын құрғақ жөтелмен күресуге дәріменсіз. Көпшілігі дәріханадан қажетті препаратты таппай әбігерге түсуде. Емдеу мекемелерінде орын саны тапшы. Жауапты мамандар симптомы жылдағыдан ерекше вирусты қалыпты ЖРВИ деп сендіріп отыр.



Алқымнан алған вирус



Дене қызуы түспейді

Павлодар қаласының тұрғыны Гүлия Қылышбекқызы өткен аптада 3 баласының қатар ауырып қалғанын айтады. Күйеуі тек аяқ басқан 8-ші дәріханадан жөтел мен вирусқа қарсы препаратты тапқан. Оның өзінде соңғы қорабына үлгерген.

– Сабақтан, балабақшадан келген үш қызымның бір уақытта жөтелі басталып, дене қызуы көтерілді. Жолдасым дәріханадан вирусқа қарсы «Номидес» препаратын көп іздеді. Тіпті, температураны көрсететін қызуөлшегішті (градусник) таба алмады. Амансыздан көршімнен уақытша алуға тура келді. Дәріханаларда қызуөлшегіштің жоқтығынан-ақ, вирустың симптомы қатты екенін көруге болады. Көпбалалы ана болғандықтан балалардың жылына бірнеше мәрте ЖРВИ-мен ауыратынын білемін. Ал мұндай ауыр симптомды коронавирус өршіген уақытта көрген едім, – дейді Гүлия Қылышбекқызы.

Дәрігерлер сендіріп отырған қалыпты ЖРВИ болса, ата-аналар қауымы шарасыз күйге түсіп, әлеуметтік желіге өзгелерден баланы қалай емдеп жатқанын сұрар ма еді? Айтуларына, 40 градусқа дейін көтерілетін дене қызуы «Ибуфен» препаратының көмегімен 38-ге дейін әрең түседі. 1,5-2 сағаттың ішінде қайтадан 40-қа жетеді. Күні-түні температурасы көтерілген бала тез жүдеп, тамаққа деген тәбеті де болмайды. Ас ішпесе де құсып, бойын әлсіздік билейді.

– Қызымның дене қызуы бір апта түспеді. Дәрінің көмегімен тек 38,3-38,5-ке дейін ғана түсіре алдым. Жөтел де көп уақыт басылмады. Учаскелік дәрігеріміз қажетті емді тағайындады. «Эликсир» препаратын жазып берді, антибиотик те іштік. Ем соңында «Пульмикорт» ерітіндісімен ингаляция жасадық. Оған қоса ұлым да ауырды, өзім де вирус жұқтырдым. Балаларым екі апта көлемінде ем қабылдады. Қызым вирустан кейін тез шаршап қалатын болды. Ағзасы әлсіреді. Далаға шықса болды, шаршадым деп мазасы кететін. Екі балам да ауырған кезде бастары ауыратындарын айтып, көп ұйықтай берді. Тамақтан бас тартты. Өзім ауырғанда бастың қалай шыдаптай ауыратынын түсіндім. Бұған дейін ЖРВИ кезінде дәл осындай симптомдар болған емес. Баласы ауырып қалған барлық ата-анаға сабырлық, шыдамдылық тілеймін, – дейді Павлодар қаласының тұрғыны Гүлнәз Оразбек.

Ми да, бүйрек те зақымдалады

Еліміз бойынша 3 мыңнан астам сынып қашықтан оқуға көшірілген. Павлодар облысы бойынша 479 сыныптың оқушылары сабақты онлайн форматта оқуда. Қазіргі уақытта облыста 14 жасқа дейінгі 32,8 мың бала ЖРВИ-ге шалдыққан. Облыстық балалар ауруханасының дәрігерлері күніне қабылдауға 100-120 бала келетінін айтады. Емдеу мекемесі директорының жұқпалы аурулар



Коллажды жасаған – М.Мұстафина.

стационары бойынша орынбасары Әсел Байғанованың айтуынша, эпидемиологиялық маусым басталғалы балалар арасында ЖРВИ мен тұмау өршіген. Бөлімше 225 орынға шақталған. Қазіргі уақытта ЖРВИ жұқтырған 174 бала емделуде. 15 бала пневмонияға шалдыққан. Жансақтау бөлімінде жатқан бала жоқ. Егер ауыратын балалардың саны артатын болса қосымша төсек-орын қарастырылатын болады. Дәрігер ата-аналардан медициналық маска киюді, адам көп жиналатын орындардан және ауырып жүрген адамдармен байланыс орнатудан аулақ болуды, қолды сабынмен жиі жууды сұрайды.

Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас балалар инфекционисі Динагүл Баешева ата-аналар назарына жіті респираторлық вирустың асқynu белгілерін атады.

– 5 жасқа дейінгі балалардың ата-анасына вирус симптомдарын білу өте маңызды. Кез келген инфекция кезінде бала тамақ пен су ішпесе, жағдайы нашарлап, дене қызуы түспесе, демігіп, қалтыраса, тоқтаусыз жыласа немесе ұйқыдан бас алмай, маужыраған күйде болса, міндетті түрде медициналық көмекке жүгіну қажет. Бұл аурудың ауыр өтіп жатқанын білдіреді. Асқynu әр түрлі болады. ЖРВИ кезінде тыныс жолдары сыр беріп, бронхиолит, бронхит, пневмония, құлақ, бет сүйегінің мұрынға жалғасқан қуыстары қабынуы мүмкін. Тұмау кезінде ми, жүрек, өкпе, бүйрек те зақымдалуы мүмкін. Сондықтан тұмауға бейжай қарауға болмайды, – деді маман.

«Жаңа вирус емес!»

Қалың көпшілік күресіп жатқан вирусты Гонконг тұмауымен байланыстырады. Ал **Денсаулық сақтау министрінің бірінші орынбасары Тимур Сұлтанғазиев** Гонконг тұмауы жаңа штамм емес екенін мәлім етті.

– Әлеуметтік желіде Гонконг тұмауы деген вирустың тарап жатқаны туралы

қауесет тарап жатыр. Гонконг тұмауы деп жүрген АН3N2 вирусы жаңа вирус емес. Ол алғаш рет 1968 жылы тіркеліп, Қазақстан аумағында талай жылдан бері кездесіп келеді. Оның таралу кезеңі - қалыпты тұмау маусымының бір бөлігі. Биыл тұмаудың таралуы қазан айының алғашқы жартысында басталды, – деді ол.

Вице-министр тұмаудың алдын алу үшін вакцина салдыруға болатынын еске салды.

Аурушандық өсуімен қатар кей өңірлерде вирусқа қарсы препараттармен қамтуда уақытша қиындықтар байқалып отыр. Астанада тұрғындар кейбір дәрілерге сұраныс артқанын әрі дәріханаларда жоқ екеніне шағымданған. Денсаулық сақтау министрлігі бұл мәселенің бірқатар препаратқа сұраныстың күрт артуымен байланысты деп түсіндірді.

– Жағдай бақылауда. Дене қызуын түсіретін, қабынуға қарсы дәрілер және басқа да препараттар бойынша екі айдан артық жеткілікті қор бар. Алайда «Флувир» мен «Флукап» препараттарына сұраныс артты. Бірқатар дәріханада олар уақытша болмады. Бірақ алдағы күндері ірі көлемдегі жеткізілімдер күтіліп отыр, – деп хабарлады Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің төрағасы Бауыржан Жүсіпов.

Естеріңізге сала кетейік, Астана қаласының **Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Айгүл Шағалтаева** жіті респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) мен тұмаудың өсуіне байланысты санитариялық індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды күшейту туралы қаулы қабылдады.

Эпидемиологтар алдағы айларда ел аумағында А(Н3N2), А(Н1N1) және В вирустарының тарауы қайта күшейетінін айтады. Мутацияға бейімділігі жоғары Н3N2 штаммы әлі де толық болжанбайтын вирус болып қалып отыр. Мамандардың болжамынша, тұмаудың таралу қарқыны желтоқсан айының ортасында бәсеңдей бастайды. Дәрігерлер тұрғындарды сақтық шараларын назардан тыс қалдырмауға және профилактиканы ұмытпауға шақырады.

Шабуыл жасау — ҚЫЛМЫС

Қазақстанда медициналық қызметкерлерге шабуыл жасағандарға қатысты қылмыстық жауапкершілік күшейтіледі. Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов айтты.

Оның айтуынша, Қылмыстық кодекстің нормаларында жеңіл зиян келтіру, соққы беру жағдайларында 25-50 тәулік, ал айыппұл бойынша шамамен 200 АЕК (786 мың теңге) қарастырылған. Егер субъект ретінде медицина қызметкері - дәрігер, медбике, санитар немесе тіпті жедел жәрдем жүргізушісі қарастырылса, жаза үш жылға дейін созылады, 1000 АЕК-ке дейін айыппұл (3 692 000 теңге), 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту болып өзгереді. Яғни субъект медициналық қызметкер болған жағдайда қылмыстық жауапкершілік едәуір күшейеді, – деді депутат.

Денсаулыққа орташа немесе ауыр зиян келтірілген жағдайда жаза қатаңдайды, бұл үшін 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Бұл өзгерістер медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған.

Айта кетейік, елімізде жедел жәрдем фельдшерлеріне қол көтеру, оқ ату, балағаттау жағдайлары жиілеп кетті. Президент те медицина қызметкерлеріне күш көрсеткені үшін жазаны күшейтуді тапсырған болатын. Қазір медицина мамандары шақыртуларға видеожетондармен шығуда.

АКЦИЯ

Қауіптен сақтайды

Облыстық онкологиялық орталықта 70-ке жуық адамның қатысуымен «Ашық есік күні» өтті.

Шара аясында кеуде қуысы мүшелерінің компьютерлік томографиясы жүргізілді. Тексеруден өткен 13 адамның екеуінен қатерлі ісік белгілері байқалды. Тағы 6 тұрғыннан басқа ауру түрлері анықталды. Ашық есік күні ұйқы безі мен бауырдың қатерлі ісігінің алдын алуға бағытталды. Қатысушылардың бәрі қажетті тексерістен өтіп, мамандардың кеңесімен КТ құрылғысынан да тексеріле алды.

МӘМС аясында медициналық кеңес пен диагностика тегін көрсетілгенін атап өткен жөн.



Бетті әзірлеген – Айдана ҚУАНЫШЕВА.



ШАҒАР



ЭКОЛОГИЯ

Қоқыс жәшіктері жаңаруда

Павлодар қаласы коммуналдық қызметтерінің қоқыс жинау саласындағы жұмыстары жыл сайын жүйелі түрде жаңартылып келеді. Қала әкімдігі алдағы уақытта экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында қоқыс жинау жүйесін толық модернизациялауды жоспарлап отыр.

Мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда Павлодарда жалпы 6 мың қоқыс контейнері бар. Солардың ішінде 1300-і заманауи еуроконтейнер ретінде қолданысқа енгізілген. Бұл бағыттағы жұмыстар 2024 жылы басталған болатын.

Коммуналдық қызметтер қоқыс контейнерлерін орнату кезінде алдымен қоқыс тастайтын орынды абаттандыруға басымдық береді. Әр телім қоршалып, арнайы көліктің келуіне ешқандай кедергі болмауы қамтамасыз етіледі. Жаңа еуроконтейнерлердің қақпағы мен дөңгелектері бар, бұл оларды пайдалануды жеңілдетіп, қаланың тазалығын сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар, қалалық қызметтер алпауыт арнайы көліктің 22 данасын сатып алған.

- Павлодар қаласы әкімдігі коммуналдық жұмыстарды кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді. Мысалы, 2024 жылы 340 телім абаттандырылған. Биыл және 2026 жылы тағы 350 орын дайындау жоспарланып отыр. Оған қоса, 2500 жаңа еуроконтейнер орнату жұмыстары басталады. Ескі бактарды жаңасына ауыстыру жұмыстары да жалғасады, - дейді қала әкімі баспасөз қызметінің басшысы Мақпал Қаржаубай.

2026 жылы коммуналдық қызметтер екі есе көп контейнер сатып алуды жоспарлап отыр. Әкімдік барлық шағын аудандарда және жеке секторда қоқыс жинау жүйесін жетілдіруді мақсат етіп отыр. Қазіргі таңда аталмыш жұмыстар орталық көшелерде және Химкалалық ауданында сәтті жүзеге асырылған.

Павлодар қаласындағы бұл шаралар қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға, экологиялық ахуалды жақсартуға және қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған. Коммуналдық қызметтердің заманауи қадамдары қала тазалығын қамтамасыз етіп, тұрғындардың ыңғайлы өмір сүруіне елеулі үлес қосады деп үміттенеміз.



Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек

Бетті өзирлеген - Нұрайым ҚАЛЫБЕК.

Қыс қыспаққа алатын Сарыарқаның қақ ортасында орналасқан Павлодар қаласы үшін қоғамдық көлікті күту - тұрғындардың күнделікті өміріндегі маңызды қажеттіліктің бірі. Әсіресе қаңтардың қақаған аязы мен желтоқсанның ызғары кезінде аялдамада ұзақ уақыт тұру қала тұрғындарына айтарлықтай қолайсыздық туғызатыны белгілі. Осы мәселені шешу мақсатында соңғы жылдары Павлодарда жылы аялдамалар орнату жұмыстары қарқын алып келеді.

Қыста да жылы аялдамалар

Бір қарағанда шағын ғана павильон болып көрінетін бұл нысандар - тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруға, қоғамдық кеңістіктерді жаңғыртуға арналған маңызды әлеуметтік жоба. Жылы аялдамалар қазіргі заман талабына сай жабдықталып, қаланың инфрақұрылымдық дамуының бір бөлігі ретінде қалыптасып келеді. Қала көшелерінде пайда болған осындай жаңа форматтағы аялдамалар жыл сайын саны артып, тұрғындардың күнделікті қозғалысына қолайлы жағдай жасалуда. Олар қыс мезгіліндегі қатынасты жеңілдетіп қана қоймай, Павлодардың әлеуметтік-экономикалық дамуында тұрғындарға бағытталған тиімді шешімдердің жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді.

Павлодар қаласы бойынша 12 жылы аялдама бар. Олардың төртеуі кәсіпкерлердің жеке қаражатына, қалғаны бюджет есебінен салынған. Бюджет есебінен орнатылған жылы аялдамалар Торайғыров, Естай, Малайсары батыр және Қамзин көшелерінде, Н.Назарбаев даңғылында орналасқан. Қала әкімдігіне тиісті аялдамалар қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қызметінің құзырында. Қазір барлық павильондар жұмыс істеп тұр. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің мамандары күн сайын тұрақты негізде жылы аялдамаларға мониторинг жүргізеді. Жылы павильондар жылытықш жүйе, бейнебақылау камераларымен және кондиционермен жабдықталған.

Тұрғындар жылы аялдамалар жайлы сөз қозғағанда, ең әуелі оның жайлылығы мен тазалығына назар аударады. Қала ішінде салқын күндері сая болуға тиіс бұл шағын орындардың кейде көңілге қаяу түсіретіні де жасырын емес. Бұған дейін әлеуметтік желілерде



қала тұрғындары жылы аялдамаларға қатысты шағымдар айтқан болатын. Қазіргі таңда бұл мәселе азайғанымен, тұрғындардың басым бөлігі жылы аялдамада тұрғаннан гөрі сыртта тұрғанды жөн көреді. Олардың айтуынша, әлеуметтік желілердегі сыннан кейін бұл аялдамалар назарға алынып, тазалық жұмыстары жиілегенімен, сапасы әлі де көңіл көншітпейді.

- Мен жылы аялдамаға жиі кіре бермеймін, өйткені, үйімнің қасында ондай аялдамалар жоқ. Өзім ЦУМ маңында жұмыс істеймін. Аялдамаға тек күн суық кезде ғана кіремін. Кейде іші лас болып, жағымсыз иіс шығып тұрады. Дегенмен, аптасына бірнеше рет тазалық жұмыстары жүргізіледі, - дейді Алмагүл Қамбар.

Қыстың қақаған аязында аялдамада автобусты күту - әрбір қарт адам үшін өте қиын. Жел соғып, қар жауып, мұз басқан жолдар мен тұман қосылғанда, аялдамада ұзақ тұру тек ыңғайсыздық туғызбай, денсаулыққа да қауіп төндіреді.

- Осындай жылы аялдамалардың болуы біз үшін тиімді. Соңғы кездері

байқағаным - орталықтағы аялдамаларға қарағанда кәсіпкерлер салған аялдамалар әлдеқайда таза әрі жылы. Солардың бірі - «Отау» алдындағы аялдама. Бұл аялдаманы «ВУРЖУЙ» ЖШС орнатқан екен. Қызметкерлердің ішін тазалап жатқанын өз көзіммен көрдім. Шатаспаса, күніне екі рет келіп тазалап кетеді. Ал қала орталығында орналасқан аялдамаларда жылу жүйесі бар болғанымен, мардымсыз. Кейбіреулерінің іші лас, жиналмаған. Осы жақында «Квазар» маңындағы аялдамаға жылыну үшін кірген болатыным, іші бүлініп, еденнің бір шеті қираған соң сол жерін ағаш тақтаймен жауып қойған екен, - дейді Гүлімхан Түнібай.

Қорытындылай келе, көтерілген мәселенің маңызы қоғамның өмірімен тікелей байланысты екенін көреміз. Жүргізілген жұмыстар мен айтылған пікірлер бұл бағыттағы істің әлі де жалғасуы қажет екенін көрсетеді. Ең бастысы - әр бастаманың артында ел игілігіне қызмет ететін ортақ мүдде жатқанын ұмытпау.

ӘЛЕУМЕТ

Тұрғындар жылуға мұқтаж

Павлодар қаласындағы Айманов көшесі, 29-үйдің тұрғындары бірнеше тәулік бойы қатты суықта отыр. Пәтерлер мұздай болып, қабырғалар салқындап, адамдар үй ішінде жылы жамылғыларға оранып, бар амалын жасап, тоңбаудың жолын іздеп отыр. Тұрғындар бұл жағдайға қатысты әлеуметтік желілерде қалалық әкімдік пен коммуналдық қызметтерді шұғыл әрекетке шақырды.

Тұрғындардың айтуынша, коммуналдық қызмет өкілдері бірнеше рет «мәселені тез арада шешеміз» деп уәде бергенімен, нақты нәтиже әлі жоқ. Әр жаңа күн тұрғындарға үміт сыйлаудың орнына, тек уәде сөздер мен «қызметкерлердің тексеру жұмыстары» деп аталған ресми әрекеттермен ғана өтуде.

Мұны одан әрі ұшықтыратын фактор - үйдің Ертіс өзеніне жақындығы. Ауадағы жоғары ылғалдылық салқынның күшін еселей түсіп, адамдардың төзімін сынап отыр. Әсіресе, балалар мен қарттар осы суықтан қатты зардап шегуде. Тұрғындар әлеуметтік желі арқылы қала әкімдігі мен облыс әкімдігіне нақты іс-қимыл жасауға шақырып, өз алаңдаушылықтарын білдірген.

Қала әкімдігі ресми түрде жауап беріп, тұрғындардың өтініші ескерілетінін айтты.

- Бұл мекенжайда апатты жағдай анықталған жоқ. Қызметкерлер тексеру үшін шығады, - деді.

Ал, «Павлодар жылу желілері» компаниясы өз кезегінде тексеру жүргізіп, жылу қондырғысының барлық параметрлері нормативке сай екенін айтты. Алайда тұрғындар үшін бұл ресми ақпарат - қағаз бетінде ғана, ал пәтерлердің суық ауасы нақты сезіліп тұр.

Әлеуметтік желілерде тұрғындар ренішін білдіріп: «Жылу жоқ, қызмет әлі келмеді. Мүмкін біз оларды өзіміз екеміз бе?» - деп жазуда. Олар үшін ең бастысы - тексеру емес, жылу.

Тұрғындар жылууды сезіну үшін нақты әрекет күтуде.

Қаладағы коммуналдық қызметтердің кешігулері тұрғындардың күнделікті өміріне қатты әсер етуде. Пәтерлерде тонып отырған адамдардың көңіл-күйі алаңдаушылық пен үрейге толы. Әсіресе, балалар мен қарттар үшін бұл ауыр. Олардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін әр сағат маңызды.

Алдағы күндерде мәселенің қалай шешілетіні көпшіліктің назарында. Тұрғындар қалалық әкімдік пен коммуналдық қызметтерден жылууды тездетіп қамтамасыз ететін нақты шешімдерді талап етеді. Әзірге Айманов көшесі, 29-үйде тұратын адамдар мұздай пәтерлерде шыдамдылық пен төзімнің шегінде тұр.



Тереңкөл ауданы аймағымызда астықты өлке қатарына жатады. Осы ауыл шаруашылығындағы айтарлықтай көрсеткішпен көркейіп келе жатқан ауданның дамуына өзіндік үлес қосып жүрген жандардың бірі – Жанат Аипов. Ол ауданның белді шаруашылықтарының бірі «Вильгельм» шаруа қожалығында механизатор болып жұмыс істейді.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Жаңарғаны – жаңа дем



АУЫЛ - ЕЛ БЕСІГІ
АРНАЙЫ ЖОБА

Ауылдағы әлеуметтік нысандарды жаңғырту елді мекен тұрғындарына айтарлықтай серпіліс беретіні рас. Сүреңсіз ғимарат ауылдықтардың еңсесін түсіріп, көштен қалғандай сезіндіретіні де анық. Осындай олқылықты болдырмау үшін жыл сайын ауылдық әлеуметтік мекемелерді жөндеуге көңіл бөлініп келеді.

Мұндай жаңалық Тереңкөл ауданының Ивановка ауылында да орын алды. Биыл аталмыш ауылда мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізілген. «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы аясында мәдениет ошағы жаңа кейіпке енді. Ауылдық Мәдениет үйінің мәдени шараларды ұйымдастырушысы Наталья Содэльдің айтуынша, ғимарат 1993 жылы салынған. Тоқсаныншы тоқырау жылдары жекенің қолына өтеді. Жергілікті кәсіпкер жаңа нысанды барынша сақтап қалу үшін сатып алған көрінеді. Кейін елде экономикалық жағдай біршама оңалып, халықтың мәдениетке бет бұра бастағанда кәсіпкер ғимаратты мемлекет меншігіне өткізеді. Осылайша, мемлекет балансына алынған соң 2010 жылы ғимаратқа жөндеу жүргізіледі. Жылу желісі ауыстырылып, қатты шатыр, пластикалық терезелер орнатылады. Содан бері өзгеріс көрмеген ғимарат биыл күрделі жөндеу көріп, көрік кірді.

Биыл күрделі жөндеу жүргізіліп, мәдениет үйіміздің іші жаңарып, жарықтанып, жұмыс істеуге барлық жағдай жасалды. Ғимараттың шатыры ауыстырылды. Нысанның қасбеті сайдингпен қапталып, арасына екі қабат жылытқыш материал салынды. Ғимараттың төбесін айнала жарықшамдар орнатылған. Күн уясына кірісімен, ымырт түсе шамдар автоматты түрде жанып, ғимаратты әсемдеп тұрады. Біздің мекемеде бұрыннан жылумен мәселе жоқ. Себебі, 2013 жылы жеке қазандық салынған, - дейді Наталья Леонидовна.

Күрделі жөндеу аясында ғимараттың кіреберісіне кеспетас төселіп, қоршауының қақпасы, мәдениет үйінің кіреберіс есіктері толық ауыстырылған. Ішкі өрлеу жұмыстары да заманға сай жасалыпты. Дәліздің кіреберісіне керамогранит төселсе, жұмыс кабинеттерінің линолеумы жаңартылған. Көрермен залында еденінің тақтайы ауыстырылып, бетіне линолеум төселген. Бұл залда алдағы уақытта жаңа орындықтар қойылады. Сахнаның дәліздегі шымылдық жаңартылған. Кабинеттерге, үйірме бөлмелеріне жиһаздар, арнайы стелаждар алынған. Сонымен қатар, санитарлық тораптар жаңартылған. Мұнда мүмкіндігі шектеулі жандардың да емін-еркін кіріп-шығуына жағдай жасалған. Электр желілері, ішкі есіктер толық ауыстырылған.

Мәдениет үйінде түрлі үйірмелер жұмыс істейді. 2021 жылы жаңа аппаратуралар кешені сатып алынған. Наталья Леонидовна жаңарған ғимаратқа келушілер қатары артады деген үмітте. Бүгінде мұнда балаларға арналған «Шеберлер шаһары», сурет салу, би үйірмелері жұмыс істейді. Өжелерден құралған вокалдық ұжым бар. Өнерге жақын ауылдықтар бірлесіп, дуэт құрып, мерекелік іс-шараларда көрерменнің көңілін көтеруге үлес қосуда.



Бетті әзірлеген - Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ.

Меңгергені мол механизатор

Механизаторлық кәсіп ауыл шаруашылығындағы басты әрі қарапайым мамандықтардың бірі екені даусыз. Ал сол мамандықты тереңінен меңгерген азамат - кез келген шаруашылық үшін нағыз таптырмас қызметкер. Жанат Қанатбекұлы сондай білікті мамандар қатарына жатқызса болады. Жас та болса, ісін жақсы меңгеріп алған. Ол мектеп бітірісімен бірден еңбекке араласқан екен. Ауылындағы әлдеқашан іргесі қаланып, қанатын кеңге жайған шаруашылыққа ойланбастан жұмысқа тұрады.

Мектеп бітірген соң бірден «Вильгельм» шаруашылығына жұмысқа орналастым. Мұндағы аға буын мамандықтың қыр-сырын үйретті. Техниканың түр-түрін жүргізуді меңгеріп алдым. Бүгінде комбайнды да, жүк тиегіш келікті де тізгіндеймін. Көктемде егістікті өңдеп шығатын арнайы техниканы да жүргізе аламын. Қазіргі қолданыстағы ауыл шаруашылығы техникалары заманауи, көп функциясы автоматтандырылған. Компьютермен басқарылады. Мұның бәрін үйрендік. Әрине, алғашында басқару қиын болды. Бірақ, ниет болса, не нәрсені де үйренуге болады, - дейді механизатор Жанат.

Мектептен кейін бірден жұмысқа орналасқан бозбала бүгінде шаруашылықтың белді әрі тәжірибелі мамандары қатарына кіріп үлгерген. 13 жылға жуық уақыт осы шаруашылықта жұмыс істейді. Табандылық, еңбекқорлығының арқасында кәсіпорында өз орнын тапқан. Білікті маманның кез келген техниканы тізгіндеп кете алатыны шаруа қожалығы үшін олжамен тең көрінеді.

Жаз бойы, күзде таңертең ерте егіс даласына шығып, күн батқанға дейін еңбек етеміз. Көктемде жерге түскен дәннің өсіп шығып, күзде жемісін бергенін көру - біз үшін ерекше сезім. Біле білгенге бұл - керемет құбылыс, маңдай тердің нәтижесі. Еңбектің еш кетпей, күз мезгілінде шашпай-төкпей жинап алу үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Сондықтан, қыс бойы техникамызды жөндеп, уақытылы астықты жинап алуға күш саламыз. Өлбетте, ауа райына байланысты жұмысымызға өзгеріс еніп тұрады. Мәселен, қазіргі таңда күнбағыс жинауға жаңбырлы күндер аздап кедергі

келтіріп тұрғаны болмаса, биылғы өнім шығымдылығы қуантады, - Жанат Аипов.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы мамандары тапшылығы еліміз бойынша бары жиі айтылады. Сондықтан, жылдар бойы қалыптасып, өз ісін тереңінен меңгергендерге шаруашылықтар да барынша қолдау білдірудің маңызын түсінеді. Міне, осындай қамқорлықты Жанат Қанатбекұлы да сезінуде. Айтуынша, жалақы уақытылы төленеді, қиын жағдайларда шаруа қожалығы тарапынан әрдайым көмек көрсетіледі. Сол себепті ешқашан жұмыс ауыстыруды ойына да алмағанын айтады. Отбасылы азамат бүгінде екі бала өсіріп отыр. Еңбекқор азаматтың атқарған жұмыстары елеусіз қалған жоқ. Биыл ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай аудан әкімі атынан Алғыс хат алған. Шаруашылық басшылығы да ісіне адал маманның мәртебесін асыруда аянбайтын көрінеді.

Ауданның Алтай ауылдық округінде орналасқан «Вильгельм» шаруа қожалығын көпшілік әлеуметтік жауапкершілік тұрғысындағы игі істерімен де жақсы таниды. Ауылға әлеуметтік нысандар салып, елді мекенді көркейтуге көп көмегін берген.

Енді аудандағы биылғы күзгі жиын-терім жұмыстарына тоқталсақ. Аудандық әкімдік мәліметтеріне сүйенсек, 145 700 гектар аумақтан дәнді дақылдар жиналған. Оның 110 мың гектардан астам егістікте бидай өсірілген. Бұл дақыл гектарынан 13 центнерден жиналған. Қазіргі таңда майлы дақылдар жинау жұмыстары жалғасуда. Майлы дақыл егілген аумақтың 70 пайыздан астам ауданынан күнбағыс жиналған. Орташа өнімділік гектарынан 10 центнерден айналууда. Тереңкөлдіктер 2025 жылы 1720 гектарға картоп егіп, өнімді толық жинап алған. Екінші нан гектарынан 350 центнерден шыққан. 18400 тонна картоп көкөніс қоймаларына сақтауға жіберілген. Тағы 3 мың тоннасы тұқымдыққа алынып қалыны.



Диқандар топырақты құнарландыруға да назар аударыпты. 20 тонна минералды тыңайтқыш сатып алынған. Күзгі жиын-терімді жүргізуге ауданға 5 139 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген. Бүгінгі таңда 4 686 тоннаға (91%) өтім беріліп, 3 921 тоннаға (76%) төлем жүргізілген.

Төрт түліктің қысқы жем-шөбін әзірлеу де - басты назарда. Аудан бойынша 76,8 мың гектар шабындық алқап шабылған. Яғни, жоспар толық орындалған. 82 мың тонна шөп дайындалыпты. Бұл көлем жоспардан 18 пайызға артық. Орташа өнімділік гектарынан 8,2 центнер болған. Одан бөлек, ауданда өткен жылдан қалған 32,3 мың тонна шөп қоры бар.

Жиын-терім жұмыстарына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілген. Яғни, жеңілдетілген несие берілді. Мәселен, «Кең дала 2» бағдарламасы аясында 2,4 млрд теңге сомасында кредиттік қаражат үлестірілсе, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 1,5 млрд теңге, «Тереңкөл КТ» АҚ бойынша 401 млн теңгеге қаржыландырылған.

БІЛІМ

Күрделі жөндеу көрді

Тереңкөл ауданына қарасты Песчан ауылының №2 мектебі биыл күрделі жөндеуден кейін жаңа қалыпта оқушыларды қабылдады.



Білім ордасының бірінші қабатында ішкі және сыртқы жарықтандыру жұмыстары жүргізілген. Бірінші қабаттың қабырғалары мен төбесі тегістелген. Сонымен қатар, мектеп ғимаратының кіреберісіндегі күнқағары жөндеген.

Айта кету керек, биыл ауданда күрделі жөндеу көрген бұл мектептен бөлек тағы үш білім ордасы бар. Төрт білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізуге қазынадан 261 млн 994 мың теңге жұмсалған.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Жарнаны әкімдік төлейді

МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ



2026 жылдан бастап жұмыс істемейтін, табысы төмен азаматтар емдеу мекемелеріне жүгінетін болса, олар үшін МӘМС жарналарын жергілікті әкімдік төлемек. Бірақ мұндай мүмкіндік алдағы жылдың қаңтар айында медициналық қызмет алған адамдарға ғана жыл бойы толық ұсынылады. Пилоттық жобаны биыл желтоқсан айында Ақмола облысы мен Астана қаласының әкімдіктері жүзеге асырып көрмек.

Ел тұрғындарының шамамен 60 пайызы МӘМС жүйесінде жеңілдік санатына кіреді. Яғни, олар үшін жарнаны мемлекет төлейді. Олардың қатарында зейнеткерлер, балалар, студенттер, жүкті әйелдер, мүгедектігі бар жандар, ресми тіркелген жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және басқалары бар.

Қазір Қазақстанда 3,5 миллионға жуық адам (халықтың 17,9%-ы) МӘМС жүйесіне қатыспайды. Бұл жалпы халықтың 17,9 пайызын құрайды. Бұл ретте шамамен 1 миллионы әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейдегі топқа жатады.

2025 жылдың 14-інші шілдеде қабылданған заң аясында Президент жергілікті атқарушы органдарға тұрғындарды медициналық сақтандырумен қамту жұмысын күшейтуді және медициналық көмекке жүгінген, жұмыс істемейтін, табысы төмен азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлеуді тапсырған болатын.

Әкімдіктер жарнаны D және E санатындағы барлық адамдар үшін емес, нақты МӘМС аясында медициналық қызмет алған азаматтар үшін төлейді.

Цифрлық отбасылық карта деректері бойынша, Астанада бұл санаттарға 26 065 адам кіреді. 2026 жылдан бастап оларға МӘМС шеңберінде медициналық көмек алу құқығы беріледі. Ал егер қаңтар айында олардың 5 245-іне медициналық көмек көрсетілсе, онда келесі айдан - яғни ақпаннан бастап және жыл соңына дейін Астана қаласының бюджеті осы 5 245 адам үшін жарналарды аударды. Дәл осындай тәртіппен наурыз айында ақпанда МӘМС бойынша медициналық көмекке жүгінген D және E санатындағы тұлғалар үшін төлем жасалады, - деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Тәжібаева.

Аталған механизмнің техникалық іске асырылуына арналған пилоттық жоба биылғы жылдың желтоқсанында Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдіктерімен бірге жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, қорда ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарын төлеу тәртібі өзгеретіні аталды. Қазір бұл жарналарды республикалық бюджет

төлейді, ал 2026 жылдың басынан бастап оларды жергілікті атқарушы органдар төлеуге міндетті.

Бұл шешім өңірлерге жұмыс орындарын көбірек ашуға, азаматтарға жұмыс табуға көмек көрсетуге, кедейлікті азайтуға және жұмыссыздарды неғұрлым дәл есепке алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қиын жағдайға тап болған отбасылардың тұрмысын жақсартуға сеп болады. Нәтижесінде осал топтар медициналық көмекке қолжетімділігін сақтайды, ал 2026 жылы МӘМС жүйесіне шамамен 45,3 млрд теңге түседі, оның 30,4 млрд теңгесі - әлеуметтік осал азаматтар, 15 млрд теңгесі - жұмыссыздар үшін аударылатын жарналар. Бұл өз кезегінде сапалы медициналық қызметті пайдаланатын адамдар санын арттырады, - деп атап өтті Сәуле Тәжібаева.

Жарна мөлшері өңірдегі орташа жалақыға сүйене отырып, басқа жеңілдік санаттары үшін қолданылатын ережелерге сәйкес есептеледі.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

ЕРЛІК - ЕЛГЕ МҰРА

Ортақ тарих жаңғырды



Павлодар қаласының Инновациялық Еуразия университетінің колледжінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Майдан жолы» жасағының жыл сайынғы форумы өтті. Осы жылғы кездесу «Топырақ табыстау» рәсімімен ерекшеленді. Сондай-ақ, посткеңестік елдердің өкілдері бұл рәсімді ерекше бағалады.

Сара АВДОЛ

Шараның мақсаты бірнеше бағытты қамтиды. Қоғамдық қауымдастықтар арасында тәжірибе алмасу, Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Молдова республикаларының патриоттық-іздеу ұйымдарының жаңа технологияларды игеруде бірлесу әрекет етуі сияқты жаңа бағыттар енгізілген.

Бұл форумға бес елдің өкілдері қатысты. Ең басты міндетіміз - Ұлы Отан соғысы кезінде із-түзсіз жоғалып кеткен солдаттарды іздеу. Осы жиында іздеу жұмыстарында кездескен мәселелерді ортаға салдық. Форумда жиналған волонтерлармен пікір алмасып, жас буынды осы іске тарта алсақ, бұл біздің жетістігіміз деп білеміз, - деді шараны ұйымдастырушы, «Майдан жолы» іздеу жасағының жетекшісі Александр Шитов.

Жиналғандар назарына үш ірі көрме ұйымдастырылған. Олар: Татьяна Кузинаның майдандағы күресті суреттейтін фотокөрмесі, Владимир Найданың әскери техникалық модельдері және нумизматик Виктор Столяровтың топтамалары. Осы модельдердің арқасында

өскелең ұрпақ соғыс жылдарындағы қиындықтарды өз көзімен көрсе, саналарына тереңрек сіңіреді деп ойлаймын. Бұл әскери модельді жасауға өте көп уақыт кетеді. Топтамаларды құрастырып жүргеніме 50 жылдай уақыт болды. Оларды мектептерде, колледждерде таныстырып отырамын, - деді топтамашы Владимир Ильич.

Арнайы көрсетілімге әкелген топтамада танктер, ұшақтар, жау әскерлер бейнеленген. Жеті жүз бөлшектен құралған көрмеде Хирасимо және Нагасаки қақтығысына қатысқан ұшақтар және Екінші дүниежүзілік соғыс алаңдары құрастырылған. Автордың айтуынша, мұндай тарихи оқиғалардың әрқайсысының үлгісін құрастыруға кем дегенде екі-үш апта кететін көрінеді.

Форумға қатысушы Ресей іздеу қозғалысының Алтай аймақтық бөлімшесінің төрағасы Галина Буймова әр қаза болған сарбаздың аты елі үшін аса құрметті екенін жеткізді.

Әрбір табылған жауынгер сүйегі тарихқа жаңашылдық әкеледі. Сондықтан, жасалып жатқан қазбалар бекер емес. Іздестіру жұмыстары нәтижесінде соңғы он жылдың ішінде 220 мыңнан

астам сарбаздың жерлеу орындары қалпына келтірілді. Оның 12 мыңының аты-жөні анықталды. Бұл пікір алмасу қаза тапқан жауынгерлер мен Ресеймен көршілес мемлекеттердің арасындағы ортақ тарихты сақтаудың маңыздылығын көрсетеді. Ресейдегі ресми түрде іздестіру жұмыстары 2013 жылдан басталса, марқұмдарды іздеу жұмыстары соғыс аяқталған кезден басталған. Қазіргі таңда Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Беларусь және басқа да ТМД елдерінің іздеушілері бірлескен экспедициялар жүргізеді, - деді ол.

Басқосудың нүктесі толқынысқа толы «топырақ табыстау» рәсімі болды.

1944 жылы Беларусия Республикасының Быховская ауданында жерленген Рахман Жайбосыновтың туыстары оның нақты зиратын тапқан. Майдангердің жатқан жерінен бір уыс топырақ жеткізіп беру жөнінде немересі Ақылзада Кенжебаева өтінген. Бұдан бөлек, «Майдан жолы» жасағының жетекшісі Курил аралдарындағы шайқас алаңдарынан табылған Әскери-тарихи экспонаттарды Әскери Даңқ мұражайына табыстады.

БӘРЕКЕЛДІ!

Астана қаласында өткен XXVIII «Шабьт» халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің «Поэзия» аталымы бойынша әріптесіміз, ақын Еламан Қабділәшім 2-орынды иеленді. Биылғы бәйгеге еліміздің әр өңірінен келген дарынды жас қаламгерлер қатысты.

Өлеңімен ерекше Еламан

Халықаралық фестивальдің ашылу салтанатында ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ғалым Ахмедьяров құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауға барлығы 63 қолжазба қабылданды. Бірақ олардың арасынан үздіктерін іріктеу қазылар алқасы үшін оңай болмады. Дегенмен, алдын ала іріктеуден кейін 33 жас ақын Астана қаласында өткен финалдық кезеңге шақырылды. Солардың арасынан қазылар мен ұйымдастырушылар ақылдаса отырып, 11 түрлі аталым бойынша жеңімпаздарды анықтадық. Сосын арнайы жүлденің мөнін, мазмұнын арттыру үшін Исраил Сапарбай, Күләш Ахметова, Темірхан Медетбек, Есенғали Раушанов атындағы арнайы жүлделер тағайындадық, - дейді Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, қазылар алқасының төрағасы Қасымхан Бегманов.

Байқау нәтижесі бойынша жүлделі 1-орынды астаналық Ділді Уәлибекова мен Өскемен қаласының намысын қорғаған Оразай Жәңгірұлы иеленді. 2-орынға Астана қаласының тұрғыны Шапағат Әбдір пен Павлодар облысының намысын қорғаған Еламан Қабділәшім ие болса, 3-орынды Көкшетау қаласының дүлдүл ақыны Серғазы Қайырболды мен астаналық Айзада Рақымжанова бөлісті. Одан бөлек, Исраил Сапарбай атындағы арнайы жүлдені астаналық Айдын Байыс, Күләш Ахметова атындағы арнайы жүлдені алматылық Ақгүлім Ерболова, Темірхан Медетбек атындағы арнайы жүлдені Жетісу облысынан келген Абзал Сүлейменов және Есенғали Раушанов атындағы арнайы жүлдені Қосшы қаласының үкіліген үміті Нұрбек Кеңесбай иеленді.

Ақын Еламан Қабділәшім «Шабьт» халықаралық шығармашыл жастар фестиваліне биыл



алғаш рет қатысып отыр. Бұған дейін ол 2014 жылы іріктеуге қатысқанымен, негізгі кезеңге өте алмаған. Соған қарамастан, фестивальден алыстамай, бір апта бойы жыр жәрмеңкесінің ортасында жүріп, еліміздің әр өңірінен келген талантты жастардың шабытты сәттеріне куә болған.

«Шабьт» фестиваліне бірінші рет қатыстым. Бұған дейін 2014 жылы іріктеуден өте алмай қалған едім. Сонда да қатысушы жігіттерді қолдап, бір апта бойы өткен жыр жәрмеңкесінің ортасында жүрдім. Сол уақытта өңір-өңірден келген үздік жастардың күркіреп өлең оқып, дүркіреп жүрген шабытты шақтарына куә болған едім. Одан кейін бұл байқаудан «Әдебиет» аталымы алынып тасталды. Бірнеше жыл үзілістен соң, биыл қайта оралған жыр сайысына тағы бір мәрте қатысуға бел будым. Нәтижесінде лауреат атандым. Фестивальге «Ішіме үңілу...» атты топтамамды жолдаған едім, - дейді Е.Қабділәшім.

А.ЖЕҢІСҚЫЗЫ.



МӘСЕЛЕ

Музейдің мұңын кім тыңдайды?



Осы мақаланың аудиожазбасын QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.

Павлодардың көне көшелерінің бірі Астана көшесінде тозығы жеткен шағын ағаш үй тұр. Бұл – Дмитрий Багаевтың музей-үйі. 2001 жылы жеке меншіктен мемлекет қарамағына өткеннен кейін, мұнда әйгілі фотографтың шығармашылығына арналған музей ашылды. Алайда ширек ғасыр өткеніне қарамастан, үй тек жеңіл жөндеуден өткен. Іргетастан шатырға дейін қалпына келтіру жұмыстары әлі күнге дейін жасалмаған.

Музей ғимараты ескі әрі ағаштан салынғандықтан, жаңбыр жауса немесе қардың суы ерісе болды, шатырдың бірнеше жерінен тамшылар бөлмелерге ағып, экспонаттарға зиянын келтіріп жатыр. Сол себепті, музей қызметкерлері әр бұрышқа шелектерді қойып, жәдігерлерді қорғаумен айналысуға мәжбүр.



Музейдің бас маманы Шолпан Әбдікешованың айтуынша, музей ғимаратының қазіргі жағдайы әрі ауа райының қолайсыз күндері тарихи жәдігерлерге қауіп төндіруде. Сондықтан күнделікті жұмыстан бөлек, экспонаттарды сақтап қалудың амалын жасауда.



Ауа райы бұзылғанда, әсіресе жауын-шашын күндері қиынға түседі. Төбеден су ағады. Оның ақыр аяғы халқымыздың мәдени мұрасына қауіп төндіріп, көптеген жәдігерлеріміздің бұзылуына алып келеді. Бұл келеңсіз көріністер өңірдің ғана емес, жалпы халқымыздың тарихына, мәдениетіне келген зиян деп білемін. Сондықтан, музейге жөндеу қажет, - дейді ол.

Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Арман Әлиақпаров тарихи нысанның шатыр мен іргетастың тозғанын, электр жүйесі мен ішкі құрылымдар күрделі жөндеуді қажет ететінін атап өтті. Оның сөзінше, ғимаратты кезең-кезеңімен жөндеуге болмайды. Өйткені, бұл музей қорына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан күрделі, толыққанды жөндеу жобасы жасалып, қаржылық қолдау қажет.



Музейдің тек бір бөлмесін жөндеу арқылы оны толықтай сақтап қалу мүмкін емес. Ол үшін іргетастан бастап шатыр мен электр жүйесіне дейін түгел жаңарту керек. Ғимарат тарихи болғандықтан, оны ерекше тәсілмен жөндеу керек. Қажетті жобалық-сметалық құжаттама шамамен 100 миллион теңгеден асады, - дейді А.Әлиақпаров.

Музей қызметкерлерінің айтуынша, өткен жылы ғимаратқа қажетті қаржы бөлінуі тиіс болған. Алайда бұл жоспар жүзеге аспай қалған. Дегенмен, келесі жылдан үмітті екендіктерін де жасырмады. Егер де қаржы толықтай бөлінсе, музей ғимараты толық қалпына келтірілмек.

Айта кетейік, музей үйінің өзі XIX ғасырдың соңындағы мешан тұрмысының тарихи және сәулет өнерінің ескерткіші болып

міздің тарихын өзінің өшпес суреттерімен бейнелеп қалдырды. Ол ғылыми-зерттеу жұмысымен үзбей айналысты. Сондай-ақ, орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің мүше-корреспонденты болды. Облыстық «Қазақстанды зерттеу қоғамын» құруға атсалысты.

Суреттерді түсірген – Есенжол Исабек.

Келіңіздер! Көріңіздер!

Құрметті Павлодар қаласының тұрғындары және қонақтары!

2025 жылдың 27 қараша - 3 желтоқсан күндері аралығында өтетін мәдени іс-шаралар кестесі

Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыка-драма театры



28 қараша, сағат 18.00-де О.Бөкейдің «Жылымық» әңгімесінің желісі бойынша «Біз туралы...» лирикалық драмасы. /Премьера/

29 қараша, сағат 17.00-де О.Бөкейдің «Жылымық» әңгімесінің желісі бойынша «Біз туралы...» лирикалық драмасы. /Премьера/

А.Чехов атындағы облыстық драма театры

28 қараша, сағат 19.00-де «Лакейские игры» метаморфозасы

29 қараша, сағат 18.00-де «Чиновник» водевилі

30 қараша, сағат 12.00-де «Теремок» ертегісі

30 қараша, сағат 18.00-де «Дом, где всё кувырком» комедиясы



Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейі



25 қараша, сағат 15.00-де қазақтың ғалымы, этнограф Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына арналған «Даланың дара дарыны» атты кеш

Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі

26 қараша, сағат 11.00-де Шығыс Қазақстан облысының «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музейінің «Көшпелі тайпалар мәдениеті» атты жылжымалы көрмесі



Иса Байзақов атындағы облыстық филармония



28 қараша, сағат 19.00-де Р.Омаров атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрінің концерті

26 қараша, сағат 19.00-де Қазақстан Композиторлар одағының есептік концерті

* Іс-шаралар бағдарламасында толықтырулар мен өзгерістер болуы мүмкін.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ



МЕРЕЙТОЙ

Цифрлық көшірменің мүмкіндігі

Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологтары ежелгі үңгір суреттері мен тас мүсіндердің үш өлшемді сандық көшірмелерін жасауды қолға алды. Қазіргі таңда археологиялық ескерткіштердің 3D модельдерін сканерлеу мен құру – ашық аспан астындағы жәдігерлердің бастапқы келбетін уақыт пен адам қолынан сақтап қалудың бірегей мүмкіндігі. Жоба жетекшісі, археолог Георгий Пересветов бұл технологиясыз түпнұсқаларды қалпына келтіру немесе болашақ ұрпаққа дәл жеткізу қиынға соғатынын айтады.



Айдана БОРАНБАЕВА

Тас дәуірінен бүгінге дейін

Облыста тас, қола және ерте темір дәуірінің кезеңдерін айғақтайтын жартастағы суреттері бар ондаған орын табылған. Мұндай алғашқы олжаны археолог Петр Драверт тапқан. Ол 1926 жылы Баянауылдағы Жасыбай көлінің жанындағы шағын үңгірден охрамен боялған би билейтін адамдарды анықтаған. Ал 70-80 жылдары павлодарлық өлкетанушылар Жасыбай көлінің солтүстік-батыс жағалауынан осындай іспеттес үңгір суреттерін тапқан еді. Алайда бұл археологиялық ескерткіш уақыт өте келе демалушылардың салғырттығынан қатты зардап шекті. Кейбір демалушылар ежелгі суреттердің үстіне өшірілмейтін бояумен өз есімдерін жазып, тарихи мұраның бастапқы қалпын бұлдірген. Сол жерден табылған тағы бір олжа - ортағасырлық кезеңге жататын екі шабандоздың жартастағы бейнесі.

Тек Торайғыр көлінің аумағында үңгір суреттерінің төрт орны табылды. Мәселен, Қызылшілік ауылының маңындағы үңгірде қола дәуіріндегі жылқының бейнесі суреттелген. Ал Торайғыр ауылының шетіндегі үңгірде адамдар көктегі жылқыға дұға еткен суреттер кездеседі. Жалпы, облыс пен Қазақстан аумағындағы жылқылар тақырыбы тас дәуірінен бері келе жатыр, - дейді Г.Пересветов.

Тағы бір археологиялық орын Баянауыл ауданы Мұрынтал ауылының маңында орналасқан. Ондағы жартастарда бұғылардың суреттері біркелкі бейнеленген. Ғалымның айтуынша, қола мен ерте темір дәуірінің басында тайпалар таулы Алтай арқылы Павлодар өңіріне қоныс аударған.

Жартастағы суреттерден басқа, облыс аумағында қола және темір ғасырларының тоғысында өмір сүрген адамдар жасаған тас стеллалар бар. Ғылымда бұл стеллалар Қойтас тасы деп аталады. Өйткені, көбінің жоғарғы жағында көзді бейнелейтін дөңгелек немесе күн белгісі бейнеленген. Қойтасты Баянауыл



Телефон камерасымен осы QR кодты сканерлеу арқылы балбалтас суретін 3D форматында көре аласыз.

мен Май ауданының және Екібастұз қаласының маңында кездестіруге болады.

Павлодар өңіріндегі археологиялық мұраның ең кең таралған түрі - ортағасырлық тас мүсіндер. Зерттеушілердің айтуынша, дала аумағында олардың екі түрі кездеседі. Яғни, ежелгі түркі мен қимақ-қыпшақ кезеңіне жататын

үлгілер. Мұндай мүсіндер, әдетте, жерлеу орындарының маңына қойылып, бейнеленген адамның әлеуметтік мәртебесін, келбетін және дүниетанымын көрсетеді.

- Биыл Баянауыл ауданында бас киімі биік әйел бейнеленген ерекше мүсінді таптық. Сондай-ақ, біздің дәуірімізге дейінгі VIII-VII ғасырларға жататын ерте темір дәуірінің стеласы анықталды. Бұл - ғылымға бұрын белгісіз, құнды олжа, - дейді археолог.

Тарихи жәдігерлер - жаңа үлгіде

Тарихи жәдігерлерді цифрландыру - көненің көзін сақтаудың ең сенімді жолы. Жоғарыда аталған тарихи жәдігерлердің нақты көлемі мен бояуын жоғалтпай жеткізу үшін жасалған 3D модельді айналдырып, үлкейтіп, жан-жақты қарауға болады. Мұндай сандық көшірмелер ғылыми ортада алмасуға, халықаралық зерттеушілерге жіберуге, тіпті виртуалды музейге экспонат ретінде қоюға мүмкіндік береді.

- Сканерлеу үшін біз фотограмметрия әдісін таңдадық. Өйткені, 3D сканерлері өте қымбат және оларда көптеген шектеу бар. Фотограмметрия көмегімен кез келген ғимаратты жарты сағат ішінде сканерлеуге болады. Менің жұмыс тәжірибелерімнің бірі - әйгілі Баянауылдағы Кемпіртас жартасы. Мен оны сканерлеп, 3D нұсқасында басып шығардым. Бұл дайын кәдесый болды, - дейді Георгий Пересветов.

Бір қызығы, жәдігердің немесе ғимараттың 3D моделін жасау үшін объектінің барлық жағынан түсірілген төрт фотосуреті жеткілікті. Бірақ ғылыми зерттеу кескінді егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді. Сондықтан оны жасау үшін жүзден астам сурет қажет. Содан кейін олар «Blender» сияқты 3D графикасын жасау үшін арнайы бағдарламаға жүктеледі. Орташа алғанда, компьютер фотосуреттерді есептейді және олардан 12 сағат ішінде, кейде екі күнде жоғары сапалы үш өлшемді кескін жасайды.

Биыл Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Павлодар облысының Құрметті азаматы, ақын, күйші-сазгер әрі батагөй ақсақал атанған Балтабай Сыздықов мерейлі 80 жасқа толып отыр.

Батагөй Балтабай ата

Осыған орай таяуда Павлодар қаласының «Колос» орталығында «Өнермен өрнектелген ғұмыр» атты шығармашылық кеш өтті. Кешке өнер иесінің әріптестері мен аймағымыздың зиялы қауым өкілдері қатысты. Шығармашылық кешке облыс әкімінің орынбасары Айгүл Мәлікова қатысып, кеш иесін мерейтойымен құттықтады. Кейін облыс әкімінің құттықтау хатын табыстап, иығына шапан шапты.



Сіздің өмір жолыңыз - еңбекке, адалдыққа және адамгершілікке толы үлгі. Өзіңіздің іскерлік қасиеттеріңіз, белсенді азаматтық ұстамдылығыңыз және еңбектегі жетістіктеріңіз зор құрметке лайықты. Өмір жолыңыз жас ұрпаққа үлгілі өнеге, - деді А.Мәлікова. Кейін облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Павлодар облысының Құрметті азаматы Рымтай Шөкеев сөз алып, Балтабай Сәкенұлының тоқырау кезеңінде Ертіс-Баян аймағының мәдени тынысын қайта түлетіп, өлге өлеулі еңбегімен танылған азамат екендігін атап өтті. Сонымен қатар, бірге қызмет еткен жылдарды еске алып, іскерлігін де тілге тиек етті.

- Балтабай Сәкенұлы Бірлік кеңшарын басқарған жылдары ауылға жаңа мәдениет үйін салдырды. Кейін аудандық мәдениет бөлімінің жетекшісі ретінде жергілікті «Беу, жігіттер», «Баян әуендері»,

«Баян сұлу» ансамбльдерінің «Халықтық өнер ұжымы» атағын алуына ықпал етіп, Баянауылда халық театрының құрылуына жол ашты. Сондай-ақ, аудан тарихында алғаш рет «Баян ТВ» телеарнасын ұйымдастырды. Бұл арна ешқандай бюджет қаржысыз жұмыс істеп, аймақтың жаңалықтарын, экологиялық мәселелерін, әлеуметтік тақырыптарын тұрақты түрде көтерді. Ол редактор да, диктор да, тілші де болып, жұртты аптасына бір рет өз өңіріндегі оқиғалармен таныстырып отырды. «Баян ТВ» сол кезеңде жергілікті тұрғындардың ақпаратқа деген сұранысын қанағаттандырып маңызды кез болды, - деп еске алады Р.Шөкеев.

Шығармашылық кеш барысында Балтабай Сәкенұлының өлеңдері оқылып, Отан, туған жер, ауыл тақырыптарында әсем өндер шырқалды.

Айдана БОРАНБАЕВА.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Мұзға шығу қауіпті

Қыстың алғашқы айларында Павлодар облысындағы өзен-көлдерде мұз жабынының қалыптасуы әрқашан қауіпті кезең болып саналады.

Су айдындарында ең көп кездесетін оқиғалардың негізгі себептері - жұқа мұзға шығу, балаларға бақылаудың жоқтығы, рұқсат етілмеген жерлерден өту және мұзда көлікпен жүру.

- Қауіптің алдын алу мақсатында жер үсті топтарымен қатар, дрондар арқылы су айдындары үнемі бақыланып отырады. Мысалы, 22 қарашада Усолкада дронның көмегімен үш көмелетке толмаған бала ата-анасыз мұзда жүргені анықталып, қауіптің алдын алдық. Балалар мен ата-аналарға түсіндірме жүргізіліп, ересектер ҚР-ның 412-бабы бойынша жауапқа тартылды. Өткен жылы облыста осы бап бойынша 67 адам жауапқа тартылып, жалпы айыппұл сомасы 200 мың теңгеден асты, - деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Қайрат Шаймерденов

Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының орынбасары Ерлан Қасымов мұздың қауіпсіз қалыңдығы туралы ережелерді атап өтті.

- Бір адамға мұз қалыңдығы кемінде 10 см, ал жаппай іс-шаралар мен қысқы ойын алаңдары үшін - кемінде 25 см болуы қажет. Сондай-ақ, ойықтарға жақындауға, балық аулау шұңқырларын тығыз қазуға, мұзда от жағуға, түнде мұзға шығуға болмайтыны ескертілді. Балалар тек ересектердің қасында болуы тиіс. Балық аулау кезінде мұз қалыңдығы 25 см-ден кем болса, жеке құтқару құралдарын қолдану қажет. Тұрғындарға ресми хабарландыруға дейін су айдындарына шықпау, күтпеген жағдай туындаған жағдайда 101 және 112 нөмірлеріне хабарласу керек, - деді ол.

Нұрайым ҚАЛЫБЕК



ДИНИ ҚЫЗМЕТ

Қазақ Құран баспасы

Бұдан былай қасиетті Құран кәрім кітабы қазақстандық баспада басылып, жарық көретін болады. Бұл туралы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) жанындағы «Уақып» корпоративтік қайырымдылық қорының директоры Азамат Әбдікерімұлы хабарлады.

Еліміздегі қарилар мен имамдар қолданып жүрген қасиетті кітаптың 70 пайызы Сауд Арабиядан, қалғаны Түркиядан келеді екен. Сондықтан діни қызметкерлер отандық баспаның өнімін тұтынатын уақыт келгенін айтты.

- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен тұңғыш рет елімізде қазақ стиліндегі Құран баспасы ашылатын болады. Қазір дайындық жұмысы жүргізілуде. Бұл еліміздегі барша мұсылман жамағаты үшін өте қуанышты жаңалық болып отыр. Құран баспасының шрифтінің түрі де анықталды. Яғни, жазу стилі мен парақтарындағы ою-өрнектерінен бастап қазақ баспасы екені аңғарылып тұруы керек, - деді Азамат Әбдікерімұлы.

Діни басқарма өкілдерінің айтуынша, қазақы нақыштағы Құран баспасын құру жұмысы қазіргі таңда қарқынды жүріп жатыр. Сонымен қатар, діни басқарманың басшысы да бұл нақты іске асатын бастама екенін шегелеп айтты.

- Қазіргі қолданыстағы Құран кітаптары әртүрлі елдерде басылып шыққан. Әр мемлекет өзінің жазу стиліне сәйкес Құранды басып шығаруда. Қасиетті кітабымызға қатысты тағы бір үлкен арманым - Құранды отандық баспадан шығарып, мұсылман жамағатына ұсыну. Яғни, отандық каллиграфтардың көмегімен Құран аяттарын толық қолмен жазып, оны өз баспамыздан шығаратын күнге жеттік, - деді бас



мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

«Уақып» корпоративтік қайырымдылық қоры директорының айтуынша, діни басқарма жанынан осы жоба үшін қарилар алқасы құрылып, өз жұмысын бастаған. Бұл алқа мүшелері осы Қазақ Құран баспасының жұмысымен айналысуда.

- Бұл қарилар алқасының құрамында 15 маман бар. Барлығы - Құранды толық жаттап, бойларына әбден сіңірген, өз ісінің шеберлері. Осы қарилар бүгінде күндіз-түні бас алмай жұмыс істеп, қазақы нақыштағы Құранның жазуымен айналысуда. Жаңа кітаптың көлемі мен бет саны бұрынғы кітаптармен бірдей болады. Себебі, Қарилар үшін Құранның бетінің реттілігі өте маңызды. Жаңа Құранды баспадан өткізбес бұрын шетелдік

баспаларға жіберіп, редакторлықтан өткіземіз. Себебі, оның әрбір үтір-нүктесіне дейін дұрыс қойылуы керек, - деді А.Әбдікерімұлы.

Діни басқарманың дерегіне сүйенсек, бүгінгі таңда елімізде 2947 мешіт, 70 діни қайырымдылық мекемесі бар. Одан бөлек исламтану ілімін тереңдетіп оқытатын бір университет, екі институт және тоғыз медресе-колледж бен 11 қарилар орталығы жұмыс істеп тұр. Сол секілді жол бойында және басқа да орындарда діни басқарманың рұқсаты берілген 357 намазхана бар. Қазақ Құран баспасының басты мақсаты - осы мекемелердің әрбіріне 100 данадан басып шығарып, толық қамтамасыз ету.

ПАРЫЗ

Намаз уақыты

Назарларыңызға Павлодар қаласындағы 1 - 7 желтоқсан аралығындағы намаз кестесін ұсынамыз



Күні	Апта күндері	Таң	Күн	Бесін	Екінті	Ақшам	Құптан
1	Дүйсенбі	05:55	07:34	11:46	14:01	15:48	17:27
2	Сейсенбі	05:56	07:36	11:47	14:00	15:47	17:26
3	Сәрсенбі	05:58	07:37	11:47	13:59	15:47	17:26
4	Бейсенбі	05:59	07:38	11:47	13:59	15:46	17:26
5	Жұма	06:00	07:40	11:48	13:59	15:46	17:25
6	Сенбі	06:01	07:41	11:48	13:58	15:45	17:25
7	Жексенбі	06:02	07:42	11:49	13:58	15:45	17:25

Намаз уақыты muftyat.kz сайтынан алынды.

ОҚШАУ ОЙ

Дін және даналық

Құранның «Нахл» сүресінің 125-аятында: «Құдайдың жолына даналықпен және жақсы насихатпен шақыр..» делінеді. Бұл - қазіргі біздің қоғамға да аса қажетті талаптардың бірі. Кезінде Шәкәрім Құдайбердіұлы да:

*Жаман тәпсір жайылып жер жүзіне,
Дін десе тұра қашты есті азамат.
Бар кінәсі олардың тәпсіршіде,
Адасып нұрлы аятқа жағымты тат,*

- деген еді ғой. Кейде дінді түсіндірмей деп орынсыз мысал келтіріп, қоғамның талаптары мен деңгейін ескермей, бұынсыз жерден пышақ ұрушылар да жоқ емес. Бүгіндері бір уағызшының «Педофилдің болуы - Алланың бар болуының дәлелі!» деген бір үзінді насихаты өлемжеліні шарлап жүр. Желіде үлкен талқылауға түскен осы пікірдің өзі жоғарыдағы «жаман тәпсір» категориясына жатады. Олай болмағанда: «Саған нендей жақсылық келсе Алладан, жамандық келсе өзіңнен» (Ниса сүресі, 79-аят) деген аятты жақсы білетін бір діндар қоғамдағы жаманшылықтар мен азғындықты Алланың бар болуымен, оның қалауымен түсіндіруінің қай жерінде даналық жатыр?!

Біз көзі ашық, өркениетті, білімді қоғам құруға тырысамыз. Ал ондай қоғам құру үшін әрбір азамат үлес қосуы қажет. Осындай уағыздардың әсерінен «Барлық басымызға келген нәрселер - Алладан (тағдырдан)» деп түсінетін фаталистік пікір мұсылман қауымды жаулап алған жоқ па?! Егер адамның ерік-қалауын басып, барлығын құдайдың қалауында деп түсіндірсек, матуриди сенім жүйесін былай қойғанда исламдағы «жақсылыққа шақыру, жамандықтан тыю» міндетін қайда қалдырамыз. Барлығы құдайдың қалауында болса,

еңбек етудің пайдасы қанша, мүмкін діндар адам өзінің құдайға берілгендігін Аллаға тәуекелмен өлшейтін болар, бірақ қарапайым адам осы мәселелерді қаншалықты түсінеді?

Әлемдегі көптеген адамдардың қателігі мен өктемдігінен, тойымсыздығынан болып жатқан келеңсіз жағдаяттарды Алланың қалауы деп өзін ақтап алу мүмкін залымдарға да тиімді саналар. Адамзат біреудің қанын құдайдың атымен төккен кезеңдер аз болмаған. Сондықтан да Абайша айтқанда «Осының бәрі құдай тағаланың айыпсыз, мінсіз ғафур рахимдығына, әділдігіне лайық келе ме? Жұрт та, мүлік те - бәрі құдайдың өзінікі. Бұл қылғанын не дей аламыз? Өз мүлкін өзі не қылса қыла береді. Оны айыпты болады дей алмаймыз десең, ол сөзің құдай тағаланың айыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе? Олай болғанда, пенде өз тырысқандығымен не табады? Бәрі қылушыға қылдырушы өзі екен. Пенде пендеге өкпелейтұғын ешнәрсе жоқ. Кім жақсылық, кім жамандық қылса-дағы құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе?!» дейді. Осы жиырма сегізінші сөздің соңында «Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан - құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан - құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе - жоқ!» дейді хакім.

Кеңшілік ТЫШХАН,
дінтанушы.

БІЛІМ БӘСЕКЕСІ

Білімді шәкірт - білікті маман

Павлодар қаласындағы «Әбу Бәкір Сыддық» медресе-колледжінде «Құран Кәрім» және «Араб тілі» пәндерінен арнайы бекітілген ереже бойынша жарыс өтті. Жарысқа медресенің барлық шәкірттері қатысты. Шәкірттердің білімі балдық жүйемен анықталып, үздік нәтиже көрсеткендері жеңіс тұғырынан көрінді.

Жарыс екі кезең бойынша өтті. Бірінші кезеңде шәкірттер тест тапсырса, екінші кезеңде араб тілінде диктант жазды. Жарыс қорытындысы бойынша, бірінші орынды медресе-колледжінің 3-курс студенті Әли Бекболат жеңіп алды. Екінші орын жүлдесін 3-курс шәкірті Дінмұхамбет Бимурзин еншілесе, үшінші орынды 2-курста оқитын Абдусалам Бижанов қанжығалады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің бәрі Алғыс хаттармен, дипломдармен марапаттып, аталмыш оқу орнының тұрақты демеушілері ақшалай сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар жоғары нәтиже көрсеткен тағы 4 шәкіртке ынтыландыру сыйлығы табысталды.

- Медреседе оқылатын барлық пәндер маңызды. Дегенмен Құран және араб тілі - негізгі пәндердің бірі. Шәкірттердің осындай жоғары көрсеткішке ие болуына білімді әрі



тәжірибелі ұстаздардың еңбегі орасан зор. Медресе әкімшілігі алдағы уақытта мұндай білім жарыстарын

үзбей өткізіп отыратын болады, - дейді ұйымдастырушылар.

БІЛІМ

Медицина маманы болудың жолы қандай?

Қазіргі күні кез келген саланың мықты маманы атану – басты қағида. Бұл ретте облыс орталығында медицина қызметкерлерін дайындайтын Павлодар жоғары медициналық колледжін ерекше атап өтуге болады. Бұл оқу ордасында келешекте тұрғындарға ем-дом көрсететін ақ желеңділер білім алады. Таяуда колледжге арнайы барып, тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан едік.

Аружан ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

Павлодар жоғары медициналық колледжі - өңірде сұранысқа ие медицина мамандарын даярлап отырған беделді оқу орны. Студенттер теориялық біліммен қатар тәжірибелік дағдыларды меңгеріп, нағыз кәсіби маман болып қалыптасады. Колледждің басты мақсаты - денсаулық сақтау саласына жауапты, білімді және білікті кадрлар даярлау. Бұл оқу орны - адам жанына араша түсудің жолын үйрететін мектеп. Мұндағы әр студент болашақтың үміті болса, әр ұстаз - бағыт берер шамшырақ.

Колледжге алғаш рет аяқ басқаннан-ақ кәдімгі емдеу мекемесіне кіргендей әсерде қаласыз. Студенттердің барлығы ақ халат киіп, қазірден-ақ медициналық маманның жұмысына ыңғайланып жүр. Әр қабатта тақырыптық стендтер, бұрыштар бар, медициналық терминдердің мағынасы жазылған тақталар.



Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек



Мұндағы студенттердің жарқын жүзінен білім алуға деген құштарлық пен қызығушылық байқалады. Сондай арман жетегімен оқу орнының студенті атанған жастардың бірі - Гүлжанат Жилкимова. Ол «Емдеу ісі» (фельдшер) мамандығының екінші курсына білім алуда.

- Мен өткен жылы орта мектепті ойдағыдай тәмамдадым. Бала кездегі арманымға жету үшін осы оқу орнын таңдадым. Колледжге оқуға түсу аса қиындық тудырған жоқ. Бастысы, Ұлттық бірыңғай тестілеуге жақсылап дайындалып, емтиханнан сүрінбей өту керек. Ендігі кезекте медицинаны меңгеру бағытында сапалы білім алу үшін барымды салып жүрмін. Мұндағы мұғалімдердің жауапкершілігі жоғары. Олар біз ертеңгі күні басы ауырып, балтыры сыздап келген әр адамға жоғары деңгейлі қызмет көрсетуіміз керек екенін жақсы тырынеді. Сондықтан жан-жақты оқытуға тырысады. Сабақтар да қызықты әрі түсінікті өтеді. Осы колледждегі оқуымды аяқтаған соң Қарағанды қаласындағы медициналық университетке түсіп, фельдшер ретінде тәжірибе жинағым келеді. Меніңше, таңдаған мамандығыңа жан-тәніңмен беріліп, оны толығымен меңгеру үшін аянып қалмау керек. Сонда ғана жақсы маман бола аласың, - дейді ол.

Шынымен, колледждің оқытушылар құрамы студенттерге сапалы білім беруді басты назарға қояды. Осы оқу орнында 30 жыл бойы табан аудармастан еңбек етіп жүрген ұстаздардың қатарында тәжірибелі

маман, арнайы пәндер оқытушысы, педагог-эксперт Шынар Күлбекова бар. Ол Павлодар жоғары медициналық колледжінде 1995 жылдан бері үзбей жұмыс істеп келеді. Бұл мамандықты таңдауы тегін емес. Отбасындағы жақын жандары - дәрігерлер. Бірақ Шынар Жеңісқызы сәл өзгеше медициналық жол - шәкірт тәрбиелеуді таңдады. Бүгінде «Ішкі аурулар пропедевтикасы», «Терапия» және «Жедел жәрдем» пәндерінен сабақ береді. Бұл пәндер студенттердің диагностикалық, клиникалық және шұғыл көмек көрсету дағдыларын қалыптастырады.

- Медициналық білім ордасы студенттерін оқыту - қиын әрі қызық. Қиындығы, жауапкершілігі қырық атанға жүк боларлықтай. Біздің алдымыздан өткен әр студент ертеңгі күні адамдарда кездесетін аурулардың алдын алып, науқастарды емдеуге атсалысады. Демек, олардың шалыс қадам басуына жол жоқ. Ал олардың сапалы білім алуы бізге, оқытушыларға, тікелей байланысты. Бастысы, студенттер қиындықтардан қорықпай, білме-генін сұраудан үялмай, өз-өзіне сын көзбен қарауы керек деп ойлаймын. Қызықты түсі - әр жыл сайын жастармен бірге медицина ғылымының тереңіне қайта бойлайсың, жаңашылдықтарды үйренесің, олармен бірге зерттеу, сараптама ісіне үңіліп, білім мен біліктілігіңді арттырасың. Алдағы уақытта жаңа оқыту құралдарын әзірлеп, инновациялық әдістерді дамытуды және авторлық әдістемелерді жариялауды жоспарлап жүрмін.

Кей кездері көңілді көтеретін жайттар да орын алып тұрады. Бірде

қазақ тобынан кейін орыс тобына кіріп, лекцияны байқамай қазақша бастап кеттім. Байқасам, студенттер жымып отыр. Оның себебін сұрағанымда «Сіз тіл панелін қайта қосуды ұмытып кеткен сияқтысыз» деді. Мен күлкімді жасыра алмай «Мемлекеттік тілді білу - барлығына ортақ міндет» деп жауап бердім, - деп еске алды ол.

Бұл ретте оқу орнының түлектері өмірден өз орнын тауып, мамандығы бойынша еңбек жолын табысты бастап жатқанын атап өту керек. Павлодар медициналық жоғары колледжі директорының оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, арнайы пәндер оқытушысы Жазира Байгүлжинаның айтуынша, биыл түлектердің 82 пайызы жұмысқа орналасты. Ал 14 түлек жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруда. Жалпы, қазіргі таңда колледжде 1090 студент білім алуда. Олардың қатарында осы жылы оқуға қабылданған 356 жас бар. Атап өтерлігі, мұнда мектеп оқушылары 11-сыныпты тәмамдаған соң ғана қабылданады.

- Біздің колледждің басты мақсаты - білім беру сапасын арттыру, заманауи технологияларды енгізу, халықаралық серіктестікті кеңейту және оқу-тәжірибелік базаны нығайту. Сондай-ақ түлектерді еңбек нарығына тиімді бейімдеуге де баса мән береміз. Бұл ретте болашақ талапкерлерге медицина мамандығын тек шын жүректен таңдауға кеңес беремін. Аталмыш сала мейірім мен жауапкершілікті талап етеді. Адам тағдырына бейжай қарамай, шешім қабылдай білетін маман болу - нағыз дәрігердің қасиеті, - дейді Жазира Забирқызы.

Осыдан бірнеше жыл бұрын медициналық колледж студенттеріне арналған жатақхана берілген болатын. Қазір жастар бұл студенттер үйінде тегін тұрады.

- Мен бірінші курстан бері жатақханада тұрамын. Барлық жағдай жасалған әрі тегін. Бұл - студенттер үшін зор көмек. Болашақта тұрмыстық жағдайды жаңартып, демалыс бөлмелерін заманауи етуге болады деп ойлаймын. Ал колледжге түсуді қалайтын қатарластарыма мұнда сапалы білім, жақсы ұстаздар және барлық мүмкіндік бар деп айтар едім, - дейді 2-курс студенті Дәнекер Харий.

Байқағанымыздай, Павлодар жоғары медициналық колледжі - тек білім ордасы емес, нағыз өмір мектебі. Мұнда тәжірибелі ұстаздар мен жігерлі жастар қатар еңбек етіп, бір мақсатқа - елдің денсаулығын сақтау ісіне адал қызмет етуге ұмтылуда.

Бүгінде өңір жастары түрлі салада табысты еңбек етуде. Олардың қатарында өндіріс саласында жұмыс істейтін қатарластарымыз баршылық. Осы ретте, ер адамдармен қатар қызмет етіп, нәзік жандылар сирек атқаратын мамандықты игерген «Павлодарэнерго» АҚ 4-ші разрядты электромонтері Іңкәр Кәрібайдың еңбек жолын ерекше атап өтуге болады.

Мамандығы - мақтанышы



Салтанат ҒАББАС

Іңкәр мектепті тәмамдаған соң болашағын медицина саласымен байланыстыруды көздеген. Оған қоса, өнерге жақын, би саласында да 10 жылдық тәжірибесі бар. Бірақ ата-анасының ақылын тыңдап, мүлде басқа бағытты таңдаған.

- Ата-анамның ақылына құлақ асып, қазіргі таңда елімізде сұранысқа ие мәртебелі мамандық иесі атандым. Анам - дәрігер, әкем - техникалық мамандық иесі. Болашақ өмірлік кәсібімді таңдауда ортақ шешімге келіп, әкем екеуіміз оқу ордасына электромонтер мамандығы бойынша тиісті құжаттарды тапсырдық. Иә, шынымен, биыл қоғамда мамандығыма деген қызығушылық арта түсті. Жан-жақты өткізіліп жатқан байқауларда бағымды сынап та көрдім. Өндіріс пен өңірдің қоғамдық өміріне белсене атсалысуға тырысамын. Жастар ұйымдарының мүшелерімен бірге өзекті тақырыптарды талқылаймыз. Олардың ішінде кәсіпорында қызметкерлерге арналған тұрғын үйге қол жеткізуі, жастардың техникалық қызметке қызығушылықтарын арттырып, жұмысқа тарту шараларын ойластыру сынды тақырыптарды алға тартамыз, - дейді электромонтері Іңкәр Кәрібай.

Иә, жұмысшы мамандықтың өз қиындықтары бар. Дегенмен, жаңа жобаларды қолға алып, өндіріс орнындағы барлық ережені қадағалап, қауіпсіздікті бұлжытпай сақтаса, уақыт өте келе өз кәсібінің белді маманына айналатыны сөзсіз.

«Павлодарэнерго» АҚ электромонтері Іңкәр Кәрібай ұжымдағы әріптестерімен бірден тіл табысып, осы уақытқа дейін бір-біріне қолдау көрсететінін айтты. Жұмыс барысында ауыр заттарды тасумен қатар биіктікке көтеріліп, көзге көрінбейтін ауқымды тоқтық арасында қызмет етеді. Өңір тұрғындарын жарық, жылумен қамтамасыз ету аса жауапкершілікті қажет етеді. Бұл қызметін мақтан тұтады.

Сондай-ақ, жас маман бос уақытында психологиялық кітаптарды оқып, ой-санасын дамытып, көкжиегін кеңейтеді. Электр энергетикасы саласының ыстығы мен суығын бойға сіңірген жас маманның алға қойған мақсаты нық. Алдағы уақытта шетелде тәжірибе жинап, 10 жылдан кейін елімізде ашылатын жаңа өндірісте жылдар бойы жинаған сапалы білімін пайдаланып, туған жеріне адал еңбек етуді қалайды.

МӘДЕНИЕТ

Үміт пен шабыт көрмесі

Павлодардағы С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың «Айна» галереясында қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың қолөнер және бейнелеу өнерінен құралған ерекше көрме ашылды. Шара өмірге деген құштарлықтың биік үлгісін көрсетті.

Аружан ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

«Шекарасыз шығармашылық» атты көрменің ашылуы өтті. Көрмеге облыстық қарттар мен жалпы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының 45-тен астам жұмысы қойылды. Өртүрлі жанр мен техникада орындалған туындылар келушілерге қарттар үйі тұрғындарының шығармашылық әлемін таныстырды.

Көрменің ашылуында мәдени ұйымдастырушысы Людмила Калмогорова бұл шараның орталық тарихындағы алғашқы кең көлемді көрме екенін атап өтті. Орталықта жұмыс істейтін шығармашылық шеберханада тұрғындар түрлі материалдан бұйымдар жасайды. Кейбір тұрғындар сурет салуды тек осы үйде үйренген. Мәселен, Амангелді Қасқырбаев портрет жанрымен айналысып, қазақ әдебиетінің тұлғаларын - Абай Құнанбаев пен Олжас Сүлейменовтің бейнелерін интернат кітапханасы үшін арнайы салған.

Графикалық жұмыстарымен Пётр Шпак көзге түссе, Андрей Яворский суреттерін

бала көзқарасында салады. Шығармашылық шеберхананың жетекшісі Татьяна Савенкова да көрмеге өз шығармаларын қойды. Ол түрлі қолөнер түрлерін меңгеріп, басқаларды үйретіп келеді. Ал Надежда Васильевнаның қарапайым түймелерден жасалған паннолары өмірдің әр сәтінен сұлулық таба білетін жанның өзіндік көзқарасын көрсетеді.

Көрменің бастамашысы - суретші Александр Колодин. Ол одан бұрын қарттар үйінде өткен шығармашылық кездесу кезінде тұрғындардың жұмыстарын көрген.

«Бұл еңбектерді халық көруі тиіс» деген ойға келген. Оның айтуынша, бұл көрме - тек өнер туындылары ғана емес, қиындыққа қарамастан қуанып, шабыттанып, толыққанды өмір сүре алатын адамдар жайлы маңызды еске салу.

Көрмеде сондай-ақ, Бақыт Ибрагимованың жұмсақ материалдан жасалған «Наурыз» панносы, Илгамия Миргарифанованың кесте және қағаз



пластикасы, Тамара Фёдоровнаның кендірден жасалған композициялары, Галина Паничеваның түрлі түсті қағаздан құралған гүлді панносы ұсынылды.

«Шекарасыз шығармашылық» көрмесі бір ай бойы жалғасады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл шара қарттар үйі тұрғындарының талантын көпшілікке танытып қана қоймай, қала тұрғындарын мейірімділікке, қолдау көрсетуге және өнердің денсаулыққа пайда күшін бағалауға шақырады.

МӘДЕНИЕТ

Мәнді кездесу

Майқайың балалар өнер мектебінің ұйымдастыруымен «Кенші» мәдениет үйінде «Ертіс-Баян» өңірінің ақындар мектебінің өкілдері - айтыскер ақындар Асығат Тұрғанбек және Таңат Ахатовпен сыр-сұхбат кездесу кеші өтті.

Кездесу кешінің мақсаты - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын қолдау, Абай Құнанбайұлының 180 және Жаяу Мұса Байжанұлының 190 жылдық мерейтойын ұлықтау, ақындық өнер мен айтыс дәстүрін дәріптеу, ақын ұстаздардың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, жас буынды өнерге баулу.

Кеш Құрманғазының «Қызыл-қайың» күйімен ашылып, кештің жүргізушісі, өнер мектебінің ақындар сыныбының ұстазы Жеңісбек Пазылұлы қонақтарды таныстырып, айтыс өнерінің қазақ руханиятындағы орны туралы қысқаша кіріспе жасады. Сыр-сұхбат барысында айтыстың ерекшелігі, ақын-жыраулар шежіресі, жазба және суырыпсалма өлеңнің айырмашылығы, ақындық өнердің тәрбиелік маңызы сияқты маңызды мәселелер талқыланды. Қонақтар жастардың бойындағы шығармашылық қабілетті қалай тану және қалай дамыту қажет екендігі жөнінде өз тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, Баянауылдың Егіндібұлақ ауылында туып-өскен екі ұстаздың да көзін ашып, жақсының алдын көрген, тәлім алып, бой түзеген ұстазы, абыз, ақын ақсақалымыз марқұм Зекебай Солтанбаевтан мол өнеге, қазына алғандарын кеш барысында әңгімелеп отырды. Бұл күнде өзі жоқ болса да, көзін көрген тәлімі мен тәрбиесін алып, ақындық, абыздық мектебінен сусындаған ұстаздардың айтары айшықты, берері бедерлі болғаны соншалық, залдағы көрермендер бір жарым сағат бойы тапжылмастан тыңдады.

Сұхбат барысында Майқайың балалар өнер мектебінің ақындар сыныбы да өз өнерлерін ортаға салды. Нұрай Ержан мен Бақберді Ерзат жұп болып, қыз бен жігіт айтысының әзіл-қалжыңға толы тартысты нұсқасын көпшілікке ұсынды. Шәкірттердің сахна мәдениеті мен тапқырлығы залда отырған көрерменнің көңілінен шықты. Ақындар сыныбының оқушылары да жеке-жеке өнер көрсетіп, поэзия кешінің шырайын аша түсті. Санжар Мейірбек қазақ поэзиясының



ақиығы Мұқағали Мақатаевтың «Өлең керек» өлеңін әсерлі оқыса, Нұрай Ержан өзінің «Ұстаз» атты жүректен шыққан жырын көпшілікке ұсынды. Сондай-ақ Ерболат Ринат «Қазақтың ақсисасы», Толқын Төлебек «Қазақтың көгершіні» шығармаларын мәнерлеп оқып, көрермен ықыласына бөленді.

Өздерінің балалық шағы мен алғашқы сахнаға шыққан кезеңдерін еске алған қос ұстаз - Асығат Тұрғанбек және Таңат Ахатов жас өнерпаздардың талантына тәнті болып, баталарын беріп, жүрекжарды тілектерін арнады.

Кеш барысында Асығат ұстаз өзінің «Сен мінгізген ақ пырақ» кітабынан өлеңдер оқып, Абай сөздеріне жазылған Зекебай Солтанбаевтың өні «Ғашықтың тілі - тілсіз тіл» өнін нақышына келтіре орындады. Ал Таңат ұстаз «Жасыбай толқындары» жинағынан жырлар оқып, Зекебай абыздан үйренген Кенен Әзірбаевтың «Танисың» термесін шырқап, кешті рухани әсерге толтырды.

Ардагер ұстаз Жақсыжан Алжанұлы айтыскер Асығат Тұрғанбек пен Таңат Ахатовтың шығармашылық жолы алты алашқа ортақ мақтаныш екенін атап өтті. Ол аталмыш

іс-шараның жас буын үшін тағылымы мол маңызды кездесу болғанын жеткізді.

Кеш соңында Майқайың өнер мектебінің басшысының міндетін атқарушы, күйші Әлем Кенжебайұлы қонақтарға алғыс білдіріп, шараның жас ұрпаққа үлгі боларлық маңызын атап өтті. Сондай-ақ, Баянауыл ауданы білім бөлімінің Алғыс хатын табыстап, қос ұстазға шапан жапты.

Қорыта келгенде айтыс өнеріне өзіндік өрнек салған, аудан, облыс, республикалық айтыстарда елдің намысын қорғап, оза шауып бейге алған, осы салаға еңбектері сіңген күміс көмей, жезтаңдай ақын ұстаздарымыз кеш барысында арқа-жарқа ой бөлісті. Бір бастарында бірнеше өнер тоғысқан, атақ-абыройлары жалпақ елге мәлім, тәрбиелеген шәкірттері ел мерейін асқақтатып, елдің мақтанышына айналған қадірлі қос ұстаздың өңірдің ақындық мектебіне сіңірген еңбегі зор! Жас ұрпаққа үлгі етерлік қос азаматтың бергенінен берері көп екенін байқадық!


Жеңісбек ПАЗЫЛ,

Жаяу Мұса атындағы Баянауыл балалар өнер мектебінің ақындар сыныбының ұстазы.

ТАРИХ

Ұлы Алтай... Таңғажайып тарихқа толы бұл өңірдің көне қойнауында әлі талай жұмбақ сыр жатыр. Ал сол мекенде табылған байырғы обалар, таңбалы тастар, ежелгі қоныстар - өткен ғасырлардың үнсіз куәгерлері. Егер осы құнды мұралармен жақыннан танысып, Алтайдың бай тарихын сезінгіңіз келсе, Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейіне бас сұғыңыз. Мұндағы әр жәдігер өз дәуірінің шежіресін сыр ғып шертеді.

Құпияға толы Берен қорғандары



Айдана БОРАНБАЕВА

Таяуда ғана Шығыс Қазақстан облысының «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы Павлодар өңіріне жылжымалы көрмесін әкелді. Бұл көрме павлодарлықтарға Берел қорғандарынан табылған құнды жәдігерлерді, сақ дәуірінің бірегей өнері мен тұрмысын тамашалауға мүмкіндік берді.

Берел қорымы - Қазақстандағы сақ дәуірінен сақталған көне тарихи ескерткіштердің бірі. Б.з.б. V-IV ғасырларға жататын бұл қорым Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма өзенінің оң жағалауында, Берел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7 шақырым жерде, көрікті таулы аңғарда орналасқан. Қорым құрамында 100-ден астам оба бар.

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының бас қор сақтаушысы Жәния Сегізбаева көрменің ғылыми және мәдени маңызына тоқталып өтті.

- Көрмедегі әр зат - өз дәуірінің тарихын, тыныс-тіршілігін жеткізетін бірегей артефакт. Мәселен, көрермендер 2800 жыл бұрынғы қолөнердің нәзік техникасын, көшпелілер дүниетанымын, олардың символдық бейнелеу өнерін айқын көре алады. Жалпы, Павлодар қаласына бұл көрмемен алғаш келіп отырмыз. Көрмеге 300-ге жуық жәдігер қойылды, - деді Ж.Сегізбаева.

Көрме барысында Берел жылқысының ат әбзелдерінің көшірмесі, сондай-ақ соңғы жылдары Берел қорық-музейі жүргізген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған сирек жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылды. Олардың қатарында 2800 жылдан астам тарихы бар алтын бұйымдар, б.з.д. II-I ғасырларға жататын №36 қорғаннан табылған сүйектен ойылған бұғы-грифон бейнелі ат әбзелдері, №16 қорғаннан табылған ер және әйел адамның бас сүйектерінен жасалған антропологиялық реконструкциялар бар. Сонымен қатар, №2 қорғаннан табылған зооморфты сабы бар қола айна және әйел адамның әшекей бұйымдары мен басқа да археологиялық құндылықтар жиналған қауымның ерекше қызығу-шылығын тудырды.

Айта кетейік, аталмыш көрме осы жылдың 19 желтоқсанына дейін жұмыс істейді.



АҚЫН ЕСЕНТАЙ ЕРБОТИННИҢ ТУҒАНЫНА – 85 ЖЫЛ

ЖУРНАЛИСТ М.ДӘУРЕНБЕКОВТИҢ
ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

Балалар әдебиетінің ірі тұлғасы

Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, журналист Есентай Ерботин - жас ұрпақты ізгілікке, мейірім мен отансүйгіштікке тәрбиелеуде айрықша үлес қосқан тұлға. Оның шығармалары қазақ балалар әдебиетінің дамуына зор ықпал етіп, ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарып келеді.

Биыл ақынның туғанына 85 жыл толуына орай Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінде «Балалар әдебиетіндегі ірі тұлға» атты облыстық мәнерлеп оқу байқауы өтті. Байқауға мемлекеттік және орыс тілінде білім алатын 2-6-сынып (7-12 жас) аралығындағы оқушылар қатысты. Іріктеу кезеңінен өткен оқушылар қорытынды байқауда өнерлерін көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

Шараның негізгі мақсаты - ақын Есентай Ерботиннің әдеби мұрасын кеңінен насихаттау, оның шығармалары арқылы өскелең ұрпақты патриоттық, азаматтық және эстетикалық тұрғыда тәрбиелеу. Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі ұйымдастыратын «Есентай Ерботин оқулары» дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

Ақынның әдеби жолы 1975 жылы «Жазушы» баспасынан



шыққан «Өркен» атты тұңғыш жыр жинағынан басталды. Кейінгі жылдары оның «Өнеге» (1977), «Серік пен Берік» (1981), «Менің досым» (1984), «Далаға саяхат»

(1991) атты кітаптары жарық көрді. Бұл туындылар балаларды еңбексүйгіштікке, достық пен мейірімге, туған жерге деген сүйіспеншілікке баулитын мазмұнымен ерекшеленеді.

Ақынның шығармаларының басты ерекшелігі - тілі жеңіл, мазмұны тәрбиелік мағынаға бай. Ол баланың ой әлемін терең түсініп, олардың тілінде сөйлей білді. Осы себепті оның өлеңдері мектеп оқулықтарына енгізіліп, жас оқырмандардың сүйікті шығармаларына айналды.

Есентай Ерботин - қазақ балалар әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан, шығармалары арқылы балалық шақтың қуанышы мен өмірдің сұлулығын өрнектей білген қаламгер. Оның мол мұрасы - ұлт руханиятының асыл қазынасы.

Риза АСҚАРБЕК,

Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінің бұқаралық ұйымдастыру бөлімінің басшысы.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

Төменге тез түсіреді

Облыстық жедел жәрдем қызметі науқастарды арнайы тасымалдау орындарын қолдануда. Медициналық жаңа жабдық емделушілерді ыңғайлы күйде тасымалдауға, лифтісі жоқ тұрғын үйлерде мамандардың жұмысын едәуір жеңілдетуге бағытталған.

Облыстық 103 қызметі бірнеше тасымалдау орындығын сатып алды. Жедел жәрдем станциясы басшысының орынбасары Ирина Мищенконың айтуынша, мұндай орындықтар Қазақстанның басқа өңірлерінде өз тиімділігін көрсеткен.

- Біріншіден, лифті жоқ көпқабатты үйлерден науқастарды тасымалдау кезінде бригаданың жұмысын жеңілдетеді. Екіншіден, науқастың қауіпсіздігі арнайы белдіктер арқылы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, жаңа жабдық бригаданың мобильділігін арттырады, себебі науқастарды төменге түсіру үшін қосымша адам күшін тартудың қажеті болмайды, - дейді ол.

Медицина қызметкерлерінің

айтуынша, орындықтар өкпе ісінуі бар, шалқасынан жата алмайтын науқастар үшін өте қолайлы. Арнайы орындыққа отырған науқас сатының көмегімен төменге тез түсіріледі.

- Менің тәжірибемде бір жағдай болған еді. Өкпесі ісінген қарияны жоғарыдан төменге үйдегі орындыққа отырғызып түсірген едік. Өте қиын болды. Енді бізде жаңа жабдық бар, оның көмегімен бір адамның өзі науқасты баспалдақпен түсіре алады, - дейді жедел жәрдем фельдшері Малика Сыздықова.

Арнайы орындықтарды медицина қызметкерлері сынақ режимінде қолдануда. Нәтижелері оң болған жағдайда, болашақта мұндай



жабдықпен шақыртуға баратын барлық бригада қамтамасыз етілуі мүмкін.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.



Ертіс-Баян - талай талантты тудырған қасиетті өлке. Әсіресе, осы өңірдің рухани тарихын, журналистиканың жаңа тынысын ашқан дара тұлғалар қатарында Мұхамеджан Дәуренбековтің аты айрықша аталады. Биыл көрнекті қаламгер, айтыс жанашыры, жан-дүниесімен журналистиканы сүйген ардақты азаматтың туғанына 90 жыл толып отыр.

Қарымды қаламгер

Мұхамеджан Құрманғалиұлының өмір жолы 1939 жылы Қостанай облысы, Әуликөл ауданының Сүлүкөл кеңшарындағы Қарағансай ауылынан бастау алады. Әкесі шопан болса да, ол баласының келешегін сөз өнерімен байланыстырғысы келген. Өзінің естелігінде: «Сауатсыздықтан көрмеген қорлықым жоқ. Елге аман барсам, балаларды оқытармын деп серт етіп едім» деген өке сөзі жас Мұхамеджанның санасына білім мен өнердің құндылығын ұялатқандай. Атасы Аяпбергеннің өлеңі қонған баланың алғашқы қадамы да өлеңмен айқындалды. Алтыншы сыныпта жазған «Диқаншы» өлеңі Семіозер аудандық газетінде жарық көріп, болашақ журналистің арман жолына бағыт берді.

Өмірінде кездейсоқтықтар көп болғанымен, тағдырдың тартуы адамды өз биігіне жетелейді. Мұхамеджан Құрманғалиұлы бұл шындықты өмірбаяндық автобиографиясында: «Адам өмірінде кездейсоқтық деген жиі кездескенмен, негізгі маңыз атқара алмайды. Кімде-кім негізіне, тұқымына тартпай қоймайды...» - деп, өз сөзімен-ақ айғақтап кеткен.

Ауылда жүріп ит-құсқа, жолдас-тарына өлең шығарып, Ұлы Отан соғысынан әкесі оралғаннан кейін жазбаша шығармашылыққа бет бұрады. Әкесі бір күні оған: «Балам, шын қоңған өлең болса, ешқайда кетпейді. Алдымен білім ал», - деген еді. Әкесінің осы өсиеті болашақ қаламгердің бағытын айқындап берді.

1953 жылы мектеп бітірген жас талапкер Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика мамандығына түсіп, кәсіби білімді терең меңгерді. Оқуын аяқтаған соң өмірін толығымен баспасөз саласына арнады. 1958 жылы облыстық «Қызыл ту» (қазіргі «Saryarqa samaly») газетінде тілші болып еңбек жолын бастап, қаламының қарымын танытты.

Мұхамеджан Дәуренбеков журналистиканың барлық жанрында қалам тербеген, жан-жақты маман еді. Ол өзін очеркист, публицист, фельетоншы және шебер репортер ретінде таныта білді. Әсіресе, мәдениет, өнер, әдебиет, денсаулық сақтау және халық ағарту тақырыптарындағы мақалалары оқырмандар арасында кеңінен танымал болды. 1962-1965 жылдар аралығында Тың өлкелік газетінде аға тілші болған ол, 1965 жылы желтоқсанда туған ұжымы «Қызыл туға» қайта оралып, 1995 жылға дейін абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Оның очерктері мен фельетондары республикалық «Қазақстан әйелдері», «Жалын», «Ара» журналдарында, «Қазақстан мұғалімі» газетінде жарық көріп, публицистік қабілеті республика жұртшылығына да танылды.

Мұхамеджан Дәуренбековтің еңбегі тек баспасөзбен шектелмеді. Ол «Тілші», «Қиын бала» атты шағын пьесалар, «Сенім» повесі мен бірнеше әңгіме жазып, жазушы ретінде де танылды. Әсіресе, «Қиын бала» пьесасы Баянауыл және Аққулы аудандары халық театрларының репертуарына еніп, ел ықыласына бөленіп, көркемдік тұрғыдан жоғары бағаланғаны - оның драматургтік шеберлігінің айғағы.

Өзі естелігінде: «Екі шағын пьеса, он бес шақты әңгіме, бірталай өлеңдер қаламнан туды. Бірақ талпыныс болғанмен баспагерлерге жуи алмадым... Еңбектің басын кітап ету - бір арман. Орындалуын келешек көрсетеді» - деген еді. Бұл қаламгердің шынайы жүрек сөзі деп білеміз.

Айтыс өнерін жаңғыртудағы еңбегі - Мұхамеджан Құрманғалиұлының ерекше дарыны мен азаматтық ұстанымының көрінісі. Ол облыста ақындар айтысын дамытып, әсіресе дауылпаз ақын Иса Байзақұлының төкпелі айтыс дәстүрін қазіргі деңгейге жеткізуге зор еңбек сіңірді.

Ол: «Жетпісінші жылдардан облыста тұңғыш рет әуелі жазбаша, сонан соң жазып барып жаттатып, айтыс ұйымдастыру идеясын жүзеге асырдым... Осы бастама кейін қазіргі суырып салма, төкпе айтысқа жалғасты» деп, бұл бастаманың қалай дамығанын мақтанышпен жазған.

Сондай-ақ, оның: ««Қызыл туға» қызмет істеген жылдары көптеген өлеңқұмар талапкерді әдебиетке баулыдым» дегені, ұстаздық қырын да көрсетеді. Атап айтқанда, Мейрам Асылғазин, Есентай Ерботин, Төлеген Мұқаев, Сүлеймен Баязитов, Жұмағали Қоғабай, Ғалия Балтабай секілді дарын иелеріне бағыт-бағдар беріп, олардың тырнақалды туындыларын газетке өңдеп беріп отырған.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қаламын тастамаған Мұхамеджан Құрманғалиұлы Павлодар аудандық «Нива» газетінде еңбек етіп, қазақ тіліндегі қосымшаны шығаруға атсалысты. Өмірінің соңына дейін шығармашылықпен айналысып, бірнеше кітап пен өлең жинақтарын жарыққа шығарды.

Ол - қаламы қарымды журналист қана емес, руханияттың, ақындар айтысының жанашыры, ізгілік пен енегенің жаршысы. Ардақты азаматтың өмір жолы, ел игілігі жолындағы адал еңбегі - бүгінгі ұрпаққа үлгі, болашаққа қалдырған өшпес мұра.

Абзал РЫМБЕК,

Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің ғылыми қызметкері.

ТҰЛҒА

Жылдар өтіп, Рафиқа Нұртазинамен кездесудің сәті түсті. 1980 жылы ұлым Мадияр бірінші сыныпқа баратын болды. Алматы қаласында ол кездері бір ғана қазақ мектебі болатын. Сыныпқа оқушылар толық деп менің ұлымды мектепке алмады. Жаным сондай қысылды. Не істерімді білмей, ақыры пәндәлікке салынып, Рафиқа апамыз Павлодардан ғой, маған жерлесі ретінде көмектесер деп, алдына баруға жазылдым. Ол кісіге кіру оңай болмады. Әйтеуір журналистігіме салынып, Қазақ радиосының редакторы ретінде сұхбат аламын деп редакциядан тапсырма алып, қабылдауына келдім. Алғашында түсі суық, мінезі ауыр адам екен деп ойлап қалдым. Дегенмен, дайындап барған сұрақтарымды қоя бастадым. Жауап алып болғаннан кейін, қысылып тұрсам да, бір бұйымтайым бар еді дедім. Айта ғой деді. Жалғызбасты анамын, жолдасым қайтыс болған, ұлымды тек қазақ мектебінде оқытқым келеді. Сіздердің мектептеріңізде бірінші сыныпқа оқушылар толық жиналды, орын жоқ деп қабылдамай отыр дедім. Бір өкініштісі, орыс балабақшасында болған, қазақ тілін де білмейді. Сол үшін қазақ мектебіне әкелдім, - дедім. «Орыс болып кете ме?» деп алаңдаймын деген ойымды да жеткіздім.

Ойланып отырды да, «Дұрыс екен. Намысың бар, туған тілге деген құрметіңе риза болып отырмын. Бірінші сыныптың «а» класына барсын» деді де, титтей бір қағазға рұқсат жазып берді. Сосын былай деді: «Қызметіңнен демалыс алып, ұлыңды бір ай бойы үйде қосымша дайында, балаң қазақ тіліне үйреніп кетеді, ол тәжірибемде бар» деп кеңес берді.

Бұл сыныптың ұстазы да - білікті, білімді маман. Және осы «а» класында ылғи ақын-жазушылардың балалары оқиды, мені ұятқа қалдырма, ұлыңа жан-жақты қамқор бол дегенді қоса айтты. Сол күннен бастап мені бір туысындай қанатының астына алды. Кабинетінен қуанып шықтым. Айтқанын дәл солай орындадым және бала бірінші тоқсанда бар сабақтан беспен шықты. Ол кезде оқушылардың бағдарламасы солай болатын. Кейін де Рафиқа Бекенқызы Нұртазинамен қызмет барысында, мектеп жиналыстарында кездесіп жүрдім. Ұлым Мадияр кілең беске оқып, озаттар қатарына қосылды. Ал төртінші сыныпқа көшкенде қызмет бабымен Павлодарға ауыстық та, Абай атындағы қазақ мектебінде оқуын жалғастырды.

Ал енді Рафиқа Бекенқызы апамыздың өмір жолы мен қызметі жайлы баяндасақ, Рафиқа Бекенқызы Нұртазина - отандық педагогиканың негізін салушы, реформатор-ұстаз. Ол Павлодар облысының 6-ауылында 1921 жылдың 8 наурызында дүниеге келген. Негізгі мамандығы - педагог-әдістемеші. Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогика институтының филология факультетін бітірген, Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мұғалім. «Социалистік Еңбек Ері» атанған құрметті ұстаз. Педагогика ғылымының кандидаты, ғалым. 1951-1971 жылдары Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, 1971 жылдан сол мектептің директоры болған. Республикалық педагогика қоғамының төрағасы болып сайланған. Рафиқа Нұртазина - 40-тан астам ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы, ол қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиетін оқыту бағдарламасын әзірлеуге де қатысқан.

Рафиқа Нұртазина Алматыдағы №12 қазақ мектебін басқарған. 1972 жылы тұңғыш рет республика

Ұлағатты ұстаз, аты аңызға айналған Социалистік Еңбек Ері Рафиқа Нұртазинаны Кеңес дәуірінде білмейтін адам болмайтын. Мен Қазақ радиосында қызмет істеп жүрген 1968 жылдары оған Кеңес Одағының ең жоғары наградасын беріпті дегенде біздің сол кездегі белді журналистер одан сұхбат алып, хабар дайындағанда соның мәтінін мен басқан едім. Павлодар облысынан екенін білгенде жерлес апамыз деп тағы бір қуандым. Сол жылдары оның есімі Қазақстанға белгілі болып, аты аңызға айналған еді. Иә, аңыз адам деп ерекше еңбегімен халықтың сүйіспеншілігіне бөленген, елдің сүйікті кейіпкеріне айналған адамды айтамыз. Халық сүйікті кейіпкерінің есімін өзі-ақ аңызға айналдырып, олар жайлы қызық оқиғалар да ойлап тауып жатады, ол - заңдылық.

Батыр ұстаз

Социалистік Еңбек Ері Рафиқа Нұртазина туралы

мектептерінің ішінде ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын мектепке айналдырады. Рафиқа Нұртазина мектептерде тілдік материалды меңгеруге үлкен көмек болатын жаңа дидактикалық және интеллектуалдық ойындарды ойлап шығарған педагог.

1984 жылы осы номері 12-ші оқу ордасы Республикадағы ең үздік мектеп ретінде танылып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ал 1985 жылы бұл мектеп Кеңес Одағының үздік үш мектебінің қатарына енді. Осының бәрінде Рафиқа Нұртазинаның еңбегі жатыр. Ал 1994 жылы мектептің 70 жылдық мерейтойында оқу орнына қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы Шоқан Уәлихановтың есімі беріледі. 1996 жылы мектепке «ағылшын тілін оқытуға мамандандырылған арнайы орта мектеп» куәлігі табысталды. Рафиқа Нұртазина туған мектебінен қол үзбей, өзінің сүйікті мамандығын ғылыммен ұштастыра отырып, еліміздің педагогтар көшін бастаған мектеп директоры. Соның бәрін көріп- естіп, мен де жерлес апамыз деп қуанып отырдым.

Шын мәнісінде Рафиқа Нұртазина Қазақстанның халық ағарту жүйесінің



«...Атап айтсақ, Рафиқа Бекенқызы – 340-тан астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің, оның ішінде орта мектепке арналған 15 оқулықтың және басқа да оқу құралдарының, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған 10 кітаптың авторы. Рафиқа Нұртазина сонымен қатар «Мирастың кітабы» атты қазақ тіліндегі еңбек пен «Балақайға базарлық» атты кітаптар дайындап, мектептерге бұл таптырмайтын оқу құралына айналды...»

озаты атанды. Республиканың еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі, Алматы қаласының Құрметті азаматы, Пушкин атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, Платина-Тарлан сыйлығының лауреаты атанған Рафиқа Нұртазинаның есімі кезінде бүкіл елге аян болды. Ол осы мектеп саласында жарты ғасырға жуық қарқынды әрі жемісті еңбек ету барысында оқушылардың бірнеше буынын тәрбиелеп, шәкірттері мен әріптестерінің құрметіне бөленді. Мыңдаған шәкіртінің жоғары мамандықты меңгеруге атсалысқанының да куәсі болдық. Ол жайлы сол кездегі басылымдар да, теле-радио хабарларында да айтылып, талай жас мұғалімге үлгі болды. Одан көптеген мұғалімдер тәжірибе жинақтады.

Рафиқа Нұртазина шын мәнінде «ұстаздардың ұстазы» атанды. Ол өзінің бар өмірінің 60 жыл бойғы ұстаздық қызметін шәкірт тәрбиелеуге арнады. Ұстаздың шәкірттері бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүр. Онымен біз мақтанамыз.

Біздің аңғарғанымыз, ол жайлы жазылған мақалалармен танысып отырғанда Рафиқа Бекенқызы Нұртазинаны өмір бойы қазақ орта мектебін дамыту мәселелері толғандырған екен. Ол осы тақырыпта өзінің бар өмірі мен қызметін, бар тәжірибесін салған. Соның нәтижесінде оның ұстаздық жылдарында заманауи оқулықтар мен оқу құралдары көптеп баспадан шыққан. Бұл ол жылдары таптырмайтын жаңалық пен білім көкжиегі еді.

Атап айтсақ, Рафиқа Бекен-

қызы - 340-тан астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің, оның ішінде орта мектепке арналған 15 оқулықтың және басқа да оқу құралдарының, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған 10 кітаптың авторы. Рафиқа Нұртазина сонымен қатар «Мирастың кітабы» атты қазақ тіліндегі еңбек пен «Балақайға базарлық» атты кітаптар дайындап, мектептерде бұл таптырмайтын оқу құралына айналды.

Рафиқа Нұртазина ұзақ жыл ұстаз болуымен қатар қоғамдық жұмыстармен де араласты. Тіпті уақытының жоқтығына қарамастан, төрт рет Алматы қалалық кеңесіне депутат болып сайланды. КСРО Кәсіподақтарының XIV-XV съездеріне, Қазақстан Компартиясының XIII съезіне, Қазақстан мұғалімдерінің I, II, III, IV-V съездеріне делегат болып

қатысып қоймай, онда келелі ойлар да айтқан. Қазақстан педагогикалық қоғамы республикалық кеңесі президентінің төрайымы және оған қоса КСРО Халық ағарту министрлігінің ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі де болған.

Рафиқа Нұртазина үйде де, түзде де, қоғамдық жұмыста да алдына жан салмаған дейді оны білетіндер. Туған жері Павлодарға да бірнеше рет келген. Сол жылдары павлодарлықтар оның елге келгені жайлы талай мақалалар жазыпты. Сондықтан да күні бүгінге дейін Рафиқа Нұртазина жазған «Қызықты грамматика», «Фонетика» және «Синтаксис» атты үш кітабы тек ғалым педагогтардың ғана емес, оқушылардың да, ата-аналардың да, жерлестері - біздің де қызығушылығымызды туғызған құнды кітапқа айналды. Бұрын-соңды мұндай танымдық кітаптар Қазақстан мектептерінде мүлде болған емес деп нақты айта аламыз. Шын мәнісінде Рафиқа Нұртазинаның ұстаздық өмір жолы мазмұнды әрі мағыналы өтті.

Отан отбасынан басталады демекші, Рафиқа Нұртазинаның да өміріндегі ең құнды қазынасы өзінің отбасы мен мектептегі ұжымы болды. Оның өмірлік жолдасы, балаларының құрметті әкесі Сүлейменов Дүйсен Әлбайұлы мал дәрігері болыпты. Екінші Дүниежүзілік соғысына қатысқан майдангер. 49-шы кавалериялық дивизияның капитаны болыпты. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальдар және құрмет грамоталарымен марапатталған қайраткер.

Қыздары - Сүлейменова Гүлнұр Дүйсенқызы дәрігер болса, Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызы ЖМ ХГА академигі, филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы тіл білімі кафедрасының профессоры, Ал қыздары Сүлейменова Баян Дүйсенқызы орыс тілі пәнінің оқытушысы, дефектолог-логопед, кейінгі жылдары Алматы қаласындағы №9 мектеп-интернаттың директоры қызметін де атқарған. Ал ұлдары - Сүлейменов Нұрлан Дүйсенұлы биолог қызметін таңдапты.

Иә, Рафиқа Нұртазина ұрпақ тәрбиесі мен білімге ғана емес, білім саласындағы жаңалықтың жаршысы болды. Оған қоса отбасына да, өз балаларына да қамқорлығын көрсетіп отырған.

Рафиқа Бекенқызы Нұртазина өзінің бар ғибратты ғұмырын, өнегелі еңбек жолын ұлы мамандық - ұстаздыққа арнады. Талай шәкіртке білім мен тәлім-тәрбие беріп қана қоймай, ұрпағымызды ел мүддесін қорғайтын жастарға айналдырды.

Иә, шынында да мұғалім болу - мәртебелі міндет әрі құрмет. Рафиқа Нұртазина осындай ұлағатты әрі білікті ұстаз болды. Осындай асыл апамыз, Павлодар облысының тумасы, елге өнегелі болған ұлы ұстаздарды біз біле жүрейік, құрметпен есімізге алайық!

Ғалия БАЛТАБАЙ,
«Құрмет» орденді журналист,
Павлодар облысының Құрметті азаматы.

БЕЛЕС

Бүгінгі таңда «ҚазСуШар» РМК «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалы қызметкерлерінің саны 1544 адамды құрайды. Кәсіпорында канал салушылардың даңқты дәстүрлерін ұқыпты сақтаған, жұмыс тәжірибесі мен шеберлігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізген үйлесімді ұжым жұмыс істеп келеді.

Қалтқысыз қызметімен қадірлі

Бұл ретте филиал басшылығының да еңбегін атап өту керек. «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалының басшысы Оңдасын Жиенқұлов 1955 жылы Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Фурмановка селосында дүниеге келген. 1977 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын, 2006 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін бітіріп - құрылыс инженері және экономист мамандықтарын иеленген.

Еңбек жолын 1977 жылы «Жамбылауылқұрылыс-20» тресінің 2006 Мойынқұм жылжымалы механикаландырылған колоннасы өндірістік-техникалық бөлімінің инженерінен бастап, 23 жыл бойы осы мекемеде табысты еңбек етіп, оның кейінгі он жылында бірінші басшы болып қызмет атқарды. Осы жылдары іскер басшы О.Е.Жиенқұлов басқарған «Мойынқұмагроқұрылыс» мекемесінде тәжірибелі коллектив қалыптасып, білікті мамандар даярланды, соның арқасында мекеме бірнеше рет облыстық жарыстардың жеңімпазы атанып, алдыңғы қатардағы құрылыс орындарының бірі болып саналды. Оның ұйымдастырушылық қабілеті жоғары бағаланып, 2000 жылы Мойынқұм ауданының, 2007 жылы Талас ауданының әкімі қызметтеріне тағайындалды. Осы жылдары аудан мекемелерін басқаруда О.Е.Жиенқұлов үлкен шеберлік көрсетіп, нарықтық экономикаға ауысудағы көптеген қиыншылықтарды абыроймен жеңе білді.

Бұл қызметтерде үлкен бедел жинап шыққан ол 2010 жылы ҚР Ауыл шаруашылығы

министрлігі Су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды. Ал бүгінгі күні республикамыздың су шаруашылығы саласындағы ең күрделі кәсіпорын болып саналатын, стратегиялық маңызы бар «ҚазСуШар» РМК «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалының директоры болып қызмет атқарып жүр.

Осы уақыттың ішінде Оңдасын Елубайұлының білікті басшылығының арқасында Каналдың қалтқысыз жұмыс істеуі үшін қолда бар негізгі қорлар жыл сайын жаңартылып, сондай-ақ оларды күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары тұрақты жүргізіліп отырды. Мемлекеттік бағдарламалар және басқа да қаржыландыру көздері есебінен инвестицияларды тарту мәселелері жоғарғы мекемелердің алдына уақытында қойылып, өз шешімін лайықты тауып тұрды.

Соңғы жылдары канал Германия, Швейцария, Франция секілді елдерде бірнеше рет халықаралық марапаттарға ие болды. 2002 жылы канал БҰҰ-ның «Еуропаның Алтын аркасы», ал кейінгі жылдары - дүниежүзілік гидротехник ғалымдар қауымдастығы белгілеген «Әлемнің платина аркасы» және «Әлемнің бриллиант аркасы» атты халықаралық жүлделерін алды. Біріккен Ұлттар ұйымының бастамасы бойынша өткізілетін осындай конкурстарда канал жалпы гидроқұрылыс жобасының бірегейлігі, маңыздылығы және жоғары технологиясы үшін осындай



жоғары бағаларға ие болды.

Канал 2018 жылы Ұлттық бизнес-рейтинг одағының «ExportImportAward 2018» атты беделді марапатына ие болды. 2023 жылы ҚР шаруашылық субъектілерінің қызметін рейтингтік талдау нәтижелері бойынша филиал «Сала көшбасшысы» құрметті атағымен марапатталды.

Оңдасын Елубайұлы Жиенқұловтың еңбегі жоғары бағаланып, «Парасат» және «Құрмет» ордендерімен, бірнеше медальдармен наградталған. Сонымен қатар ол «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстанның құрметті құрылысшысы», «Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген энергетигі» атақтарының иегері болып табылады. Жемісті еңбегі үшін О.Е.Жиенқұлов бірнеше рет министрліктің, облыстың және аудандардың Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Галия КӘРИМОВА,
Павлодар қаласы.



ОҚЫС ОҚИҒА

Кәсіпорында көз жұмды

Павлодар облысындағы ең ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының бірі - «Богатырь Көмір» ЖШС-де кезекті қайғылы жағдай орын алды. Өндірістік жұмыс барысында кәсіпорын қызметкері қаза тапты.

Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті департаментінің мәліметінше, оқиға 2025 жылғы 22 қарашада болған. Экскаваторды ауыстырып-қосу пунктіне тіркеу кезінде жұмысшыны электр тогы соғып, алған жарақаттары салдарынан көз жұмған.

Еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзу фактісі бойынша полиция

органдары сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстарын бастады. Қазіргі таңда қайғылы жағдайдың мән-жайын анықтауға еңбек инспекторлары мен құқық қорғау органдары жұмылдырылып отыр. Арнайы комиссия оқиғаның себеп-салдарын анықтап, нысандағы еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталу деңгейіне баға береді.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Боранда басып озбаңыз!

Өткен жексенбіден бастап елімізде жол қозғалысы ережесіне өзгерістер енді. Енді елді мекен ішінде жүк көлігінің жылдамдығы сағатына 50 шақырымнан аспауы тиіс. Алайда арнайы белгілермен рұқсат етілген аумақтарда сағатына 80-90 шақырым болып қала береді.

Қолайсыз ауа райы кезінде (боран, қар, жаңбыр, тұман) жүргізушілерге басып озуға, жолақ ауыстыруға және тоқтауға тыйым салынады. Егер колоннада 10-нан астам көлік болса, екі патрульдік полиция көлігі міндетті түрде ілесіп жүруі керек. Сонымен қатар, шағын автобустарға да қоғамдық көлік аялдамаларында жолаушыны түсіріп-мінгізуге рұқсат берілді. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, жыл басынан бері Қазақстанда 29 мыңнан астам жол апаты болған. Тек жылдамдықты асырудан 406 адам, қарсы бағытқа шығудың салдарынан 400 адам көз жұмған.

Жаңа ережеге сәйкес, ірі не қауіпті жүктерді, балаларды немесе

велосипедшілер тобын тасымалдау кезінде жылдам бекітілетін (магнитті) қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маяктарды қолдануға арнайы рұқсат талап етілмейді. Бұған дейін мұндай маяктарды орнату үшін рұқсат құжаттарын рәсімдеу, көлікті қайта жарақтандыру және техникалық куәлікке өзгеріс енгізу қажет болатын. Енді жол парағын электронды түрде толтыру мүмкіндігі берілді.

Ішкі істер министрлігі жол қозғалысына қатысушыларды жаңартылған нормалармен танысуға және жол жүру ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Себебі, жолдағы әрбір сақтық - өзіңіз бен өзгелердің қауіпсіздігі үшін маңызды.

СОТ ШЕШІМІ

Мәжбүрлі түрде емделеді

Павлодарда балаларын терезеден лақтырған әйелге қатысты сот шешімі шықты. Нұрмағамбетов көшесіндегі көпқабатты үйлердің бірінде болған оқыс оқиға қала тұрғындарын ғана емес, тұтас қоғамды есеңгіретіп тастаған еді.

Естеріңізде болса, ауруханаға ауыр жағдайда жеткізілген қос баланың біреуі екі тәуліктен кейін көз жұмған болатын. Үлкен баласы дәрігерлердің емінен кейін үйге шығарылған еді. Кейін белгілі болғандай, балаларын терезеден лақтырып, артынан өзі секірген әйел психикалық денсаулық орталығында есепте тұрған.

Аталған факті бойынша «кәмелетке толмаған адамды өлтіру» және «кәмелетке толмаған адамды өлтіруге оқталу» баптарымен қылмыстық іс қозғалды. Алайда Павлодар облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әйелдің қылмыс жасаған сәтте есі дұрыс болмағанын



дәлелдеп, оны қылмыстық жауапкершіліктен босатты. Оны арнайы үлгідегі психиатриялық стационарға мәжбүрлі негізде емдеуге жіберді. Қазіргі таңда үкім заңды күшіне енген жоқ.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

«Тараптар кабинеті» Цифрлық сервисі

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық палатамен бірлесіп, атқарушылық іс жүргізудің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында «AdiletGov» мобильдік қосымшасын іске қосты.

«AdiletGov» мобильдік қосымшасы арқылы пайдаланушылар атқарушылық іс жүргізудің барысы туралы өзекті ақпаратты ыңғайлы форматта ала алады, жеке сот орындаушылары қабылдаған шаралармен таныса алады, өтініштер, сұрау салулар мен шағымдар жолдап, олардың қаралу мәртебесін қадағалай алады.

Атқарушылық іс жүргізудің онлайн-сервисі «Тараптар кабинетін» ілгерілету мен дамыту азаматтар мен ұйымдардың әділет органдарымен өзара іс-қимылының ашықтығын, қолжетімділігін және тиімділігін арттыруға бағытталған.

Онлайн-сервис «Тараптар кабинетінің» артықшылықтарына

ерекше назар аударылды. Бұл сервис атқарушылық іс жүргізу тараптарына өтініштер жолдауға және орындау құжаттарының орындалу барысы туралы ақпаратты өздеріне ыңғайлы уақытта алуға мүмкіндік береді.

Атап өткендей, онлайн-сервис арқылы пайдаланушылар өтініш жолдап, ресми жауапты 5 жұмыс күні ішінде ала алады, ал «E-otinish» жүйесі арқылы өтініш берген жағдайда жауап 15 жұмыс күніне дейін уақыт алады.

Мұндай формат жеделдікті, ашықтықты қамтамасыз етіп, мемлекеттік органдарға жеке бару қажеттілігін азайтады.

Сонымен қатар, егер жеке сот орындаушысынан белгіленген мерзімде жауап келіп түспесе,

шағым өңірлік палатаға жолданады. Егер палата жауап бермесе, өтініш Әділет департаментіне автоматты түрде бағытталады.

Цифрлық сервисерді дамыту - мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырудың және ашық әрі клиентке бағытталған мемлекеттік жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі.

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі байланыс нөмірлері арқылы кеңес алуға болады: Мобильді телефон: 8 708 466 6715, жұмыс телефондары: 65-33-13, 65-33-11.

Айнұр КАНОПЬАНОВА,
Павлодар облысының
Әділет департаменті
басшысы орынбасарының м.а.

ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

Осы QR кодты телефонмен сканерлеу арқылы «Saryarqa samaly» газетіне жазыла аласыз!

Құрметті оқырмандар!

Аймағымыздың айнасы, ұнпарағы - облыстық «Saryarqa samaly» газетіне 2026 жылға жазылу басталды!

Жазылу мерзімі	«Қазпошта» АҚ-ның бөлімшесі арқылы жазылу		«Alash Press» ЖШС-нің бөлімшелері арқылы жазылу		Редакцияда ресімделу және алумен жазылу
	Қала/жеке тұлға, ауыл жеке тұлға/заңды тұлға	Қала заңды тұлға	Қала жеке тұлға	Қала заңды тұлға	Павлодар қ.
6 ай	5 786 теңге	6 927,50 теңге	5 775 теңге	6 915 теңге	4 500 теңге
12 ай	11 572 теңге	13 855 теңге	11 550 теңге	13 830 теңге	9 000 теңге

Біздің газетімізге жазылуды үйге немесе жұмыс орнына дейін жеткізілумен көз келген пошта бөлімшесінде, пошта қызметкері арқылы немесе Павлодар қаласы, Ақ.Сәтбаев көшесі, 50 (тел.: 32-40-37) мекенжайы бойынша орналасқан «Қазпошта» ғимаратында, Ақ.Марғұлан көшесі, 142-23 мекенжайы бойынша орналасқан «Alash Press» ЖШС-де (тел.: 61-63-18) жазыла аласыз. Одан

бөлек, баламалы жазылу арқылы Астана көшесі, 143 мекенжайы бойынша ресімдеп, тікелей редакциядан алуға болады.

Мекемелер мен ұйымдардың назарына! Біздің басылымға кемінде 50 данаға жазылған жағдайда кәсіпорыңға дейін жеткізу қызметі тегін. Тел.: 8 (718 2) 66-15-41.

«Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Баянауыл аудандық ауруханасы» КМК Байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Конкурс құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде мына мекенжай бойынша өткізіледі: 140003, Павлодар қаласы, Астана көшесі 59, Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы, 4-қабат, конференц-зал.

«Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Баянауыл аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мына мекенжай бойынша орналасқан: 140300, Павлодар облысы Баянауыл ауданы Баянауыл ауылы, Жалаңтөс батыр көшесі, 1-ғимарат, телефон: 8 (71840) 9-13-51.

Кәсіпорынның негізгі қызмет түрі: Баянауыл ауданының халқын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде консультациялық-диагностикалық, стационарлық, стационарды алмастыратын көмекпен қажетті көлемде қамтамасыз ету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: 1-1. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктер мүшесінің болуын қамтиды.

2. Мынадай:
 - 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
 - 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
 - 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар үшін өтініштер мен құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жүргізіледі және конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң аяқталады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Комиссияға келесі құжаттарды ұсынады:

- Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:
- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
 - 2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
 - 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
 - 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
 - 6) Кодекстің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
 - 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

«Байқау кеңесі мүшелері - ШЖҚ «Баянауыл АА» КМК байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «Бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн өткенге дейін ашуға болмайды» деген сөздер қамтылуы тиіс.

Конкурстық өтінім мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данадан жіберіледі.

Конкурстық комиссия конкурс өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кандидат ұсынған құжаттарды қарайды және кандидаттың Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Талаптарға сәйкестігін бағалайды.

Конкурстық комиссия жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша әңгімелесу күнін, уақытын және ол өткізілетін жерді көрсете отырып, шақыру жіберілетін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Талаптарға сәйкес келетін үміткерлерді іріктейді.

Комиссия конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу жүргізу кезінде мемлекеттік кәсіпорын қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің ерекшеліктерін білуі тексеріледі.

(20157)

SARYARQA
SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №КЗ17VPU0084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы

«Құрмет белгісі»

орденімен, 2014

жылы «Алтын

жұлдыз» жалпы-

ұлттық сыйлығымен,

2022 жылы «URKER»

ұлттық журналистика

сыйлығымен

марапатталды.

ЖШС директоры

Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор

Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:

Павлодар қаласы,

Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:

140000, Павлодар қаласы,

Астана көшесі, 143-үй.

Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz

Газеттің электронды

поштасы: sramaly29@gmail.com.

Бас редактордың

орынбасары - 66-15-28.

Жауапты хатшы - 65-12-74.

Әлеуметтік бөлім - 66-14-64,

66-15-31, 66-15-32.

Экономика, саясат - 66-14-64,

66-15-28, 66-14-65.

Жарнама бөлімі:

smi14reklama@gmail.com

66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату

бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa

samaly»-ның компьютер

орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет шығады,

осы нөмірдің таралымы 1665

дана, бүгінгі көлемі 8 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-

сында басылды. ҚР Павлодар

қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

Газеттің сапалы басылуына

баспахана жауап береді.

Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған

уақыты 17.00.

Тапсырыс - 1297

Хаттар, қолжазбалар,

фотографиялар мен сурет-

тер рецензияланбайды және

қайтарылмайды.

Көлемі А4 (14 кегль)

форматындағы

2 беттен асатын материалдар

қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан

түскен барлық хаттарды тегіс

жариялауды және оларға жауап

беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың

мазмұнына жарнама берушілер

жауап береді.

Нөмірді өзгерту барысында

интернет ресурстарынан

алынған фотосуреттер де

пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция

устанған көзқарасқа сәйкес

келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда

жарияланған материалдарды

көшіріп немесе өңдеп басу

үшін редакцияның жазба-

ша рұқсаты алынып, газетке

сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.

ЖАРНАМА
66-15-40,
66-15-42

Павлодар облысы бойынша ТМРА департаменті «Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифтің жобасын қарау бойынша жария тыңдау 2025 жылғы 5 желтоқсанда сағат 12.00-де Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, ГРЭС-1 Өндірістік аймағы, 2 - ғимарат мекенжайы бойынша, сондай-ақ ZOOM арқылы онлайн режимінде (<https://us05web.zoom.us/j/81491066705?pwd=LPSyYUJNbN7XKfJNaOQ367TwhwUdD.1>) өтетінін хабарлайды.

Департамент тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға шақырады.

Анықтама телефоны: 615955 8 (7187) 282 -359

(20158)

Құрметті тұрғындар!

«Элит Успеха» ЖШС Сіздерге 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап лифтілерге техникалық қызмет көрсету тарифі пайдалы ауданның 1 ш. метрі үшін 45,47 теңгені құрайтынын хабарлайды.

(20152)

Құрметті тұрғындар!

«Виктория плюс» ЖШС Сіздерге 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап лифтілерге техникалық қызмет көрсету тарифі пайдалы ауданның 1 ш. метрі үшін 42,87 теңгені құрайтынын хабарлайды.

(20153)

Құрметті тұрғындар!

«ЛифтКом-ПВ» ЖШС Сіздерге 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап лифтілерге техникалық қызмет көрсету тарифі пайдалы ауданның 1 ш. метрі үшін 45,31 теңгені құрайтынын хабарлайды.

(20154)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі ҚР ҰАО РМК) «ҚР ҰАО РМК, «Байкал-1» ЗРК, Павлодар облысы. 120А ғимаратын күрделі жөндеу. Энергетикалық» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттамалар пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ орта <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жария талқылаулар 2025 жылғы 17-23 желтоқсан аралығында Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы - ҚР ҰАО РМК, БСН 990240001722, мекенжайы: Абай облысы, Курчатов қ., Бейбіт атом қ., 2Б, тел: 8(722-51)3-33-33.

Жария талқылаулар жүргізу кезінде көзделген нақтылық туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін эл.пошта: bralinova@ppc.kz және тел.: 8(722-51)2-74-90 бойынша сұратуға болады.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО, «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, тел.: 8(7182)32-16-81.

(20155)



Оқушылар «Ainalayun»-мен бірге

Облыстық «Saryarqa samaly» газетінің «Газет оқитын мектеп» акциясы аясындағы алғашқы кездесуі Павлодар қаласындағы Мəшһүр Жүсіп атындағы орта мектепте өтті. Бұл бастама мектеп оқушыларын облыстық ата басылыммен жақыннан таныстырып, олардың ақпараттық сауаттылығын арттыруды мақсат етеді.

Акция аясындағы кездесу ерекше әсерге толы болды. Шара барысында облыстық «Saryarqa samaly» газетінің шеф-редакторы Құндыз Қабылденова оқушыларды басылым жұмысының өз ерекшеліктерімен, қазіргі таңдағы жаңашылдықтарымен таныстырды. Сондай-ақ, материалдың редакцияға келіп түсуінен бастап беттелуіне, тіпті баспаға жөнелтілуіне дейінгі барлық кезең егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Сонымен қатар, кездесуде облыстық газеттің балалар мен жасөспірімдерге арналған «Ainalayun» қосымшасына шығармалары жиі жарияланып жүрген жас авторлар арнайы Алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Алғыс хат оқушылардың шығармашылыққа деген ықыластарын одан әрі арттырды.

Мектеп оқушылары тек шығармашылықпен емес, сонымен қатар спорттық, интеллектуалдық, өнер сайыстары мен байқауларда жиі топ жарып жүр. Мәселен, «Smart Start» инновациялық жобасы аясында академик Шапық Шөкин атындағы Павлодар қалалық робототехника олимпиадасында 3-сынып оқушылары Әнуар Мұқажан мен



Осы мақаланың видеожазбасын QR-кодты сканерлеу арқылы көре аласыздар.



Инжу Оразбай «Болашақ инженері» аталымы бойынша марапатталса, Павлодар қаласының орта мектеп оқушылары арасында 55-нші кешенді спартакиада аясында баскетбол бойынша 3-орынға ие болды. 3-4-сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасының қалалық кезеңінде 3-сынып оқушысы Әрсен Нұртас 1-орын, 4-сынып оқушысы Ниязбек



Өлкей 3-орынды иеленді. Ал жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мен бағдарламалау бойынша облыстық жасөспірімдер олимпиадасының қалалық кезеңінде 8-сынып оқушылары Күләндә Сұңғатова мен Назгүл Бекмағанбетова, 7-сынып оқушысы Мәлика Дүйсенбиева және 10-сынып оқушысы Жадыра Рамазан жүлделі орындарға ие болды.

Кездесу барысында оқушылар редакция жұмысының қоғам өміріндегі рөлі, ақпарат таратудың жауапкершілігі,

қазіргі журналистиканың талаптары мен трендтері туралы сұрақ қойып, жан-жақты жауап алды.

Алғашқы кездесу жас қаламгерлер үшін зор шабыт көзіне айналып, олардың шығармашылыққа деген қызығушылығын тереңдете түсті. Бұл бастама алдағы уақытта да жалғасын тауып, оқушылар мен басылым арасындағы байланыс нығая береді деген сенім бар.



Олжар АЙТБАЕВ, Мəшһүр Жүсіп атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы:

- «Ainalayun» қосымшасымен ұстазым таныстырған болатын. Содан бері жазған мақалаларымды ұстазымның көмегімен редакцияға жиі жолдаймын. Ал шығармаларым қосымша беттерінде үнемі жарияланады. Жалпы, кездесу барысында редакция жұмысының қаншалықты күрделі әрі қызықты екенін білдім. Алдағы уақытта редакцияның өзіне барып, газеттің жұмысымен танысып келеді.

Малика МИРМАНОВА, Мəшһүр Жүсіп атындағы орта мектептің 5-сынып оқушысы:

- Облыстық «Saryarqa samaly» газетін үйдегі ата-әжем үнемі оқиды. Кейде басылым беттеріне шыққан мақалаларды өзім де оқып беремін. Маған газеттің, әсіресе балаларға арналған «Ainalayun» қосымшасы ұнайды. Оның беттеріндегі ертегілерді оқып, сөзжұмбақ, ребустарды шешемін. Өзім де ұстазыммен бірнеше тақырыпты ойластырып, редакцияға жіберемін. Алдағы уақытта да жібермекпін.

САУАЛ - СІЗДЕН...

Жазасы қандай?

Берік, Баянауыл ауданы:
— Досым осыдан екі жыл бұрын жүргізуші куәлігінен 7 жылға айырылған болатын. Жазасын толық өтемеді. Жақында көлікті куәліксіз мас күйде тізгіндеп, жол полицейлеріне тап болды. Бір құқықбұзушылықты екінші рет қайталады. Енді жазасы қандай болады?



Сауалға облыстық полиция департаменті жауап береді:

— Облыста мас күйде көлікті екінші мәрте тізгіндегендердің саны артып отыр. Досыңыз 7 жыл көлік руліне отырмауы керек еді. Жаза мерзімі өтпей жатып, тағы да сол әрекетті қайталағандарға заң қатал. Енді ол өмір бойына көлік жүргізу құқығынан айырылады.

Жолда шұңқыр көп

Нұржан, Павлодар қаласы:
— Атамекен кенті бағытындағы көпірдің бойымен көлігіммен жиі өтемін. Көпірге дейінгі жолда шұңқыр көп. Ойылған жол бөліктері көп кедергі келтіреді. Жөнделу жұмыстары жоспарда бар ма?



Сауалға Павлодар қалалық әкімдігінің баспасөз қызметі жауап береді:

— Иә, бұл мәселе назарға алынған. Атамекен кенті бағытындағы көпірге апаратын жол бөлігі жоспар бойынша 2026 жылы жөнделеді. Жүргізушілер мен жолаушылардан сәл сабырлық сақтауды сұраймыз,

Өзірлеген –
Айдана ҚУАНЫШЕВА.

Редакциядан:

Құрметті оқырман!
Егер Сізді мазалаған сұрақтар болса,
ssamaly29@gmail.com
поштасына немесе
8 705 511 97 03
WhatsApp нөміріне
жолдауыңызға болады.

